


9008
190к

Балдырган - 50
журналы

1
том

жарты

ғасырдың алтын коры



поэзия



«Балдырган» журналына – 50 жыл

тыңдағы көзінен шығып, электрондегі мәдениет мемориалының
бірнеше мүштік мәдениет мемориалдарының арасында орналасқан.

Жарты ғасырдың алтын коры

1 том

Поэзия

Оңай жаңылардың дағысын сипаттауда оңайлықтың
жоғары мәндердің арасынан табиғаттың өзінен
жарылғандағы мәндердің көмегінде оның мәндердің
бірнеше мүштік мәдениет мемориалдарының арасында орналасқан.

Б-Текн. 1000

«Баур» баспасы
Алматы, 2007

2-60-468

821.572.122-93

ББК 84 Қаз 7-5

Ж 32

Қазақстан Республикасы Мәдениет жөне Ақпарат министрлігінің Ақпарат жөне мұрағат комитетінің бағдарламасы бойынша шығарылды

Ж 32 Жарты ғасырдың алтын қоры / Құраст. Ескен ЕЛУБАЙ.

Алматы: БАУР, 2007.

I том. Поэзия: /1958—2008/ жж. — 240 бет.

ISBN 9965-854-09-2

2008 жылы 1 тамызда қазақ балаларының сүйікті журналы «Балдырғанның» шыға бастағанына 50 жыл толады. Отандық мерзімді басылымдар ішінде айрықша орын алтын журнал жарты ғасыр бойы жас үрпақты әдебиет пен өнердің таңғажайып әлеміне жетелеп, Отанымыздың тарихы мен географиясын таныстырудан, ана тілін толықтай меңгеріп сөздік қорын молайтудан, интеллектуальді дамуына ықпал етуден жалыққан емес. Мерейтойға байланысты шығарылып отырған екі томдық кітаптың бірінші томына журналда арияланған өлеңдер іріктеліп енгізілді.

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-854-09-2

© «Баур» баспасы, 2007

БАСТАУ

Мұзатар ӘЛІМБАЕВ,

Қазақстаниң халық жазушысы,

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
сылығының лауреаты

Қазақстанда бастауыш сыйнып шәкірттеріне арналып, түңғыш рет «Балдырған» журналы шыққанда соның бас редакторы бол бекілдім. Бұл 1958 жыл, шілде айы. Ескен желдей өте шыққан елу жыл ішінде «Балдырған» қазақ балалар әдебиетінің бас кітабына айналып, осы әдебиет қайраткерлерінің үстаханасы бол көркейді...

Жаңа ашылған журналға қызыметкерлер таңдауға Қазақстан комсомолы Орталық Комитеті басшылығы (бірінші хатшысы С. Кенжебаев) өзіме ерік берді. Әр өңірдің азаматтарынан талантты жастарды іріктеуге үмтүлдым. Журналдың жау-



апты хатшысына Өнүарбек Дүйсенбиевті, проза бөлімі меңгерушісіне Бердібек Соқпақбаевты, поэзия бөлімі меңгерушілігіне Қадыр Мырзалиевті таңдадым, жетекшілікке бізді өмірдің өзі үйретті. Әр жаңа номерді тізе қосып, коллектив бол ойласып, жаңалығы бар жоспар жасаушы едік. Біріншіден, қажетті тақырыпқа деген өлеңге, әңгімелерге бірнеше авторға тапсырыс беретінбіз. Осы тапсырысты редакция қызметкерлері де жарыса жазуға міндетті еді. Тұскен қолжазбаларды мұқият, риясыз талқылап талдаپ, ең төүірін ғана жариялаушы едік.

Жаңа жоспар жасалған нөмірге әр облыстық өкілдерін қамтуды қарастыратынбыз.

Мен «Балдырғанды» 28 жыл 3 ай 15 күн басқарғанда, біз авторлардың қай топырақтан екеніне емес, таланттылығына ең басты назар аударатынбыз. Журналдың елу жылдығына орай екі том (поэзияға, прозаға арналған) жарық көрмек. Соны қараған оқырмандар қаншама ақын-жазушыларды балапандай бағып, қыранғып баулығанымызды асықпай отырып, саралауына әбден болады.

Жасөспірім оқырмандар редакцияның тапсырмасымен ел аузындағы халық фольклорын жинап, «Балдырғанға» жіберетін. Бұл олардың өзінің әдеби тілді игеруіне көмектессе, нұсқаларды тарихқа қалдышруға көмектесетін. Осындай тапсырыс арқасында қаншама ертегілер, жұмбақтар, жаңылтпаштар жиналды.

Оқулықтар мен күнтізбе шығаруда «Балдырған» көп көмектесті. Қолымыздығы түкпір-түкпірден келген қолжазбалардағы бір түйір тіл үйірер болса, соны табуға тырысатынбыз.

Қазақстанда бұрын сөз болмаған тақырыптарды көтеруге ынтызар едік. Ондай тың тақырыптарды табуға өзара жарыса ізденетінбіз. Қызметкер өз бөлімі бойынша жаңа тақырыптарға жаңа шығармалар жаздыруға құштар еді...

Қазақстанның көрікті өнірлерінің оңды фотосуреттерін басуды әркез ес-керіп отырдық, суретшілердің таланттыларына арнайы тапсырыс беріп, пейзаж көріністерін бейнелетуші едік.

Тек ересектер үшін жазатындардың өздерін де балалар әдебиетін жасасуға бет бүрғызып сынаушы едік. Мәселен, негізінен үлкендер өмірінен поэмалар жазған ақын Хамит Ерғалиевке тапсырыс беріп, кішкентайларға арнап тақпактар жазғандырғанымыз есімде. Ақын Қуандық Шаңғытбаев талай тапсырмамызды орындал, тың өлеңдер тудырды... Содан да үлкен қаламгерлердің бәрі дерлік балалар әдебиеті үшін де еңбектенді.

Сонау алпысыншы, жетпісінші, сексенінші жылдарда Одақтас республикалардың бәрінде де біздің «Балдырған» сияқты кішкентайлар журналы үзбей шығып тұрды. Біз солардың көпшілігін редакцияға жаздырып алдырып, мұқият қарап отыратынбыз. Ашық айтсақ, (творчестволық бәсеке, жарыста болатынбыз. Ендеше бәсекелестің де жақсысынан үйрену пайдалы, озуыңа жәрдемі тиеді...)

Сондықтан одақтас республика журналдарының шын қызықтырған үздік көркем өлеңдерін, әңгімелерін, ертегі-аңыздарын, жұмбақ-жанылтпаштарын қазақшалап ұқыпты жариялайтынбыз. Бұл үрдіс алыс-жақын елдер халық-

тарының әдет-ғүрпүн, салт-санасын, қайталанбас тарихын жасөспірімдердің білуіне жәрдемдеседі.


«Балдырган—авторлары арасынан ондаған жылдар бойында халық жазушысы, мәдениет қайраткери құрметті атағына ие болғандар қаншама?!

Алыс-жақын шет елдер халықтарына салт-дәстүрлерінен журналда мағлұматтар беруді өзімізге парыз санайтынбыз. Бұл үшін олардың өз жазушы, ақындарының туындыларын шет тілін біletіндерге аудартып, жариялаушы едік.

Дайындалып, терімге дайын нөмір материалдарын Алматыдағы қазақ мектебінің бастауыш сынып оқушыларына барып оқып беретін едік... Балалар пікірлеріне қарап, қайтадан өндөйтінбіз.

Бірталай болашақ ақын-жазушылар балғын жылдарында «Балдырган» журналында қызмет атқарып, өнер көрігінде шындалды. Мәселен, Жәнібек Кәрбозин, Бейсебай Қірісбаев, Әбубекір Қайран, Тұманбай Молдағалиев, Сұлтан Қалиұлы, Несілбек Айтұлы, Толыбаев Құрманбай, Сералиев Нәсіреддин және тағы басқалар...

Дарқан дарын дәндері көптеп өркен жайып өсе берсін, қазақ балалар әдебиеті көркейе түссін. Сонда санасы сәулетті, рухани дәулетті үрпақ өсе береді.






«Балдырығанға»

Сәбит МҰҚАНОВ

Балдырығаннан балауса, одан гүл, одан дән өнуі сияқты, адамзат та бәбектен, баладан ер жетіп кемеліне келеді.

Балдырығанның да дән тартып жеміс беруіне иглікті жағдай керектігі сияқты, бәбектің де әрі өзіне, әрі қоғамға пайдалы кісі бол өсуі үшін қажетті тәрбие керек.

Мына қанат қаққалы отырған «Балдырыған» журналы—біздің бәбектерді ойдағыдай тәрбиелесетін құралдың бірі. Сондықтан оның ісі жемісті болуына шын жүректен тілектеспін!



Баламыздың досы бол

Жұбан МОЛДАҒАЛИЕВ

Дүниеге жаңа келдің, «Балдырыған»,
Жоқ өзірге өмірге ізің қалдырыған.
«Алда бәрі» — дейсің құліп мәлдіреп,
Жас бұлақтай жан сусынан қандырыған.

Сол бұлақтай сылдырылаған үнің бар,
Жас болсаң да, білігің бар, тілің бар.
Сондықтан да сені естияр тұтады,
Кекілдер мен желпілдеген тұлымдар.

Дәмеміз зор, күтеріміз көп сенен,
Баламызға жанбыз шын дос көксеген.
Ойнат, үйрет, сен оларды таныстыр,
Алтай, Жайық, Іле, Тобыл, Қекшемен.

Қос бәйгеге — кітаптарға, қаламға,
Улken мән бар алғашқы сәт қадамда.
Осы менің құттықтауым, айтарым,
Жас «Балдырыған», сенің шілдехананда.

Түйе, түйе, түйелер

Санаý біл

Ел аузынан

Түйе, түйе, түйелер!
Тұзың қайда, түйелер?
— Балқан таудың басында,
Балдыр қоян қасында.
Еніп кеттім еңіске,
Қойным толды жеміске.
Жемісін жерге бердім.
Жер жусанын берді,
Жусанын қойға бердім,
Қой қозысын берді.
Қозысын қонақа сойдым,
Қонақ қамшысын берді.
Қамшысын қызға бердім,
Қыз түймесін берді.
Түймесін көлге бердім,
Көл көбігін берді.
Көбігін терекке бердім,
Терек қабығын берді.
Қабығын апама бердім,

Апам орамалын берді.
Орамалын ағама бердім,
Ағам асық берді.
Асығын мұзға бердім,
Мұз суын берді.
Суын қара сиырға бердім,
Қара сиыр сүтін берді.
Сүтін пісіріп отыр едім,
Көбелек келіп күрп етіп,
Көбігін ішіп ол кетті.
Жапалақ келіп жалп етіп,
Жармысын ішіп ол кетті.
Қарға келіп қарқ етіп,
Қалғанын ішіп ол кетті.
Сауысқан келіп
саңқ кетіп,
Сарқып ішіп ол кетті.
Жездем келіп еді,
Қаспағын қырып бердім...



Ел аузынан

Бірім-бір,
Екім-екі,
Үшім-үш,
Төртім-төрт,
Бесім-бес,



Алтым-алты,
Жетім-жеті,
Сегізім-сегіз,
Тоғызым-тоғыз,
Оным-он,
Он бірім —
Оны тапшы,
Ай-күнім!

Бір дегенің білеу,
Екі дегенің егеу,
Үш дегенің ұскі,
Төрт дегенің төсек,
Бес дегенің бесік,
Алты дегенің асық,
Жеті дегенің желке,
Сегіз дегенің серке,
Тоғыз дегенің торқа,
Он дегенің оймақ,
Он бір қара жұмбақ.

Қазақтың ҳалық жұмбактары

Кішкене ғана бойы бар
Тоғыз қабат тоны бар.

(Жұа)

Жаздай інге тығылдып,
Жатқан қызыл түлкіні,
Құйрығынан суырып
Әкелді әжем бір күні.

(Сәбіз)

Аяғы жоқ жүреді,
Ауызы жоқ сөйлейді.

(Хат)

Ақ сандығым ашылды,

Ішінен жібек шашылды.
(Күн)

Басында таяғы бар,
Төрт аяғы бар,
Сегіз түяғы бар,
Иегінде сақалы бар.

(Ешкі)

Ақ отау—
Аузы-мұрны жоқ отау.
(Жұмыртқа)

Асты тас, үсті тас,

Ортасында жанды бас.
(Тасбақа)

Көк лағым көгенде
жатып семірген.
(Қарбызы)

Жабықта жарты нан.

(Ай)



Қыңыр

Мұзатар ӘЛІМБАЕВ

Саған таныс болмаған
 Таныстырсам інімді,
 Өкпелер-ау ол маған,
 Жазасың деп мінімді.
 Одан қыңыр өтіп пе,
 Дұрысты жөн көрмейді.
 «Резинка етікке
 Галош алыш бер! — дейді.



Бөпемді жұбатқанда

Қадыр МЫРЗАЛИЕВ

Бөпемді мен жұбаттым,
 Өлең айттым, жыр айттым:
 — Ақ мамаңа асықпа,
 Апаң малда, қашықта.
 Жылама, үйықта, бөпешім,
 Әлдилейді көкешің!.. —
 Жырлай, жырлай жалақтым,
 Өзім де үйықтап қалыппын.

Жазда

Тұманбай

МОЛДАФАЛИЕВ

Қызырыпты шетінен,
 Қызырыпты алмалар.
 Құннің нұрын бетінен,
 Көшірген бе дәлме-дәл?!

Жайлап барып қасына,
 Сілкіп қалдым мен енді.
 Алмалар тиіп басыма,
 Қөгерптің қойды шекемді.

Бақшаны өжем қашанды
 Қорып, көзін ілмейді.
 Бұтақта бар неше алма,
 Оның санын білмейді.

Алмаға мен тоям да,
 Жаямын бұзау көгалға.
 Әкелсе қияр қамбаға,
 Құр қалмаймын одан да.

Өтеді жылдам күн қалай,
 Аңғармаймыз мұны біз.
 Өзеннің бойын қуалай,
 Шомыламыз, күлеміз.

Сарала қауын, көк қарбызы,
 Бақшашы атайды береді.
 Әңгелекке құмармызыз,
 Әңгелек тәтті себебі.

Көк шыбыққа үнемі
 Мініп алыш тепеңдеп,
 Достарым мәз боп күледі,
 «Қыс болмаса екен», — деп.

Торғай

Ел аузынан

Торғай-торғай тоқылдақ,
Жерден тары шоқып ап,
Бөтегесі томпайып,
Түймедей боп монтайып,
«Шіп-шіп» десіп отырар,
Торғай-торғай топтаған.
Тоғайды торғай мақтаған,
Бір торғай үшса боранда,
Іздең бәрі жоқтаған.



Пернебек «Палуан»

Тілеген ШОПАШЕВ

Қалса сөзден ұтылып,
Қүресем деп ұмтылып,
Жабысады Пернебек,
Кете алмайсың құтылып.

Сейтіп күшін сынайды,
Кейде итжығыс құлайды.
«Сен жығылдың» — десем мен,
Ол ыза боп жылайды.

Тағы қолын сермелеп,
Дейді тұрып: — «Бер кезек!
Күреседі қайтадан,—
Ушке дейін ер кезек! —

Жықпай сірә тынбайды,
Жықса, үстімнен тұрмайды.
Күрес заңын сақтамас,
Көріп пе едің мұндаиды?



Ақтайлақ

Әнүарбек ДҮЙСЕНБИЕВ

Асаяу тайлақ, ақтайлақ,
Мініп келем қақпайлап.
Желеді ол тайраңдалап,
Жұрт қарайды қайран қап.
Бала біткен шулайды,
Тайлақ үркіп, тулайды.
— Шөк дегенді ұқпайды,
Үй маңынан шықпайды.
Ақтайлақ-ау, ақтайлақ,
Бұл қылышың жақпайды-ақ.

Балақай мен қалақай

Мұзатар ӘЛІМБАЕВ

Саяхаттап көрдік қыр,
Қырға бардық, тердік гүл.
Айқайлады балақай:
— Алақай-ау, алақай!
Жапырақты үземін,

Гербарий ғып тіземін!
Ол бұтаны бассалды,
Міне шатақ басталды.
Қарып алды қалақай,
Жылап қалды балақай...



Ортеке

Шона СМАХАНҰЛЫ

Аты шыққан биімен
Мен боламын — ортеке,
Ойқастаған ортеке,
Қой бастаған ер теке,
Мен бір билеп берейін,
Тұяқтарым сыртылдаپ,
Буындарым былқылдаپ;
Қоңыр тоқты, көк тұсақ,
Сен де биле мен құсан,
Қарап тұрмай бекерге,
Қыздырындар думанды,
Серік болып текеге,
Қобыз мойын түйелер.
Шудаларың желкілдең,
Өркештерің селкілдең,
Тайрақтап та билендер.
Ойнақтап та билндер!
Сүт бұлағы сиyrжан,
Сырт-сырт етіп буының

Пыс-пыс етіп мұрының,
Сілекейің шұбырып,
Сен де биле құбылып.
Жаңғырсын сай-саламыз,
Жадырасын даламыз.
Келтірмендер тек қана
Есек пенен қоразды,
Бірі текке ақырапар,
Бірі басты қатырапар,
Жұрт ондаймен араз-ды.
Жаңа қызды, достарым,
Салтанатты биіміз.
Осыдан-ақ белгілі
Жақсы екені күйіміз.
Шөбі шүйгін, сұы мол,
Кең ғой, шіркін, даламыз!
Асыр салып осылай,
Билеп-билеп аламыз.

Аспазшы

Қабдықәрім ҰДЫРЫСОВ

Біздің гүл бақшада
Бар әсем асхана.
Бар онда аспазшы
Ақ көңіл, жақсы аға.

—Өмірбек, Темірбек,
Келіндер тезірек!
Не керек айтындар?
Дейді ол әзілдеп.
Әлде май құймақ па?
Борщ па, сорпа ма?
Әлде балқаймақ па? —
Тұрады ортада.

Бассалып «талаймыз»,
Мәз болып тараймыз.
Ағайдың қолынан
Тойдық-ау талай біз!
Тәп-тәтті тағамы,
Ағай — ас маманы.
Пісіре білгенге
Астың жоқ жаманы!

Кой сүйеді баласын
қоңырым деп,
Ештеңені білмеген
момыным деп.

Сиыр сүйеді баласын
торпағым деп,
Қараңғыда баспаған
қорқағым деп.

Түе сүйеді баласын
тайлағым деп,
Жабу жапса жарасқан
жайнағым деп.

Ешкі сүйеді баласын
лағым деп,
Тастан тасқа секірген
шұнағым деп.

Жылқы сүйеді баласын
шұбарым деп,

Жүгіруден жазбаған
тұлпарым деп.

Шошқа сүйеді баласын
торайым деп,
Қорсылдатар өзеннің
тоғайын деп.

Қасқыр сүйеді баласын
бөлтегім деп,
Кой үркіткен жата қап
тентегім деп.

Ит сүйеді баласын
күшігім деп,
Шәуілдесе қуанар
күлші, күл деп.

Мысық сүйеді баласын
соқырым деп,
Тышқан үстап беруге
отырмын деп.

Мысық

Бердібек СОҚПАҚБАЕВ

Үстінде үйдің
Тұр еді мысық.
Қасына келді
Бір торғай ұшып.
Бассалмақ болып,
Ыршыды мысық.
Жалт берді торғай,
Пыр етіп ұшып.
Биіктен жерге
Топ ете түсіп,
Мысықтың қалды
Жамбасы ісіп



Баласын сұю

Ел аузынан

Жүгіруден жазбаған
тұлпарым деп.

Шошқа сүйеді баласын
торайым деп,
Қорсылдатар өзеннің
тоғайын деп.

Қасқыр сүйеді баласын
бөлтегім деп,
Кой үркіткен жата қап
тентегім деп.

Ит сүйеді баласын
күшігім деп,
Шәуілдесе қуанар
күлші, күл деп.

Мысық сүйеді баласын
соқырым деп,
Тышқан үстап беруге
отырмын деп.

Бөбектін тілегі

Ел аузынан


Тоқтышағым, тоғыз тап,
Саулық қойым, сегіз тап.
Сегізін де семіз тап.

Құла бием, құлын тап.
Құлын таппа, құнан тап.
Құнан тапсан, егіз тап.

Бөкен жүнді бөрте ешкім,
Төрт айда бол, төрт ешкім,

Төртеуің де бөрте бол,
Өлмей-жітпей есен бол,
Қой алдында көсем бол.
Төртеуің де серке бол.

Әукем, алып бұзау тап,
Әукесі оның салпылдап,
Өгіз болсын атандай.
Бақайлары майысып,
Көрмесін бір қайысып,
Адам мінсе атамдай.



Сауысқан

Ел аузынан

Ала қанат сауысқан,
Жауыр атқа
жабысқан.
Ойда жауыр көрінсе,
Ойбайлатқан
сауысқан.
Қырда жауыр көрінсе,
Қиқандатқан
сауысқан.

Түйе

Ел аузынан

Маң-маң басқан,
Маң басқан,
Шудаларын шаң басқан,
Екі өркешін қом басқан,
Төрт аяғын тең басқан,
Тілін тікен теспеген.

Ала бұта теріскең
Мұрындығы келіскең,
Шөк дегенде: «бық» деген
Женешем үйін жүктеген
Түйе деген жануар.



Жылқышы

Әбіш КЕКІЛБАЕВ

Таңдал мініп жүйрікті,
Кең далада құйғытты.
Түсе қалса құрығы,
Мысы асаудың құрыпты.

Әншнейінде ұрыншақ,
Қит етпейді құлыншақ.
Мінсем деймін бір атқа,
Қорқып журмін бірақ та.

Ақ қарда

Отежан НУРҒАЛИЕВ

Ақ қарда қып-қызыл
Тұлқілер аунайды.
Қыс болса тұлқіні
Аңшылар аулайды.

Тұлқішек, ойнама,
Інінде жатып ал,
Қашам деп ойлама
Аңшының аты бар.

Малта

Илияс ЖАНСУГИРОВ

Күлшыншақтай қу шұнак,
Күйрық, жалсыз құр шолақ.

Балаға берді апасы
Сүршә малта жұмыршақ.
Алды бала қуанып,
Кетті аузынан су ағып.
Бала:
— Жымың-жымың күлдірген —
Жып-жылмағай малта ғой.
Малта-малта, малтақай,
Қайдан шықтың айта ғой?

Жоғарғы ерні қыбырлап,
Төменгі ерін жыбырлап,
Малта сонда сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
Малта:
— Жайылып желін толтырған
Қоңырша қойдың сүті едім.
Қатып қақтап сауған соң
Шелекте қалып бүркендім.
Қазанға қүйді, пісріді,
Пісріді де түсірді.
Тостағанын томпайтып,
Ауыздарын қомпайтып,
Көбігімді ұлы алды,

Қаймағымды қызы алды,
Қаспағымды — мысығы,
Жұындымды — күшігі.
Үйтқы қүйіп үйтқанын
Ұғындым да үйкітадым.

Айран беріп балаға,
Құя салды сабага.
Тентек піспек түскені-ай,
Күлдір-күлдір піскені-ай!
Пісіп-пісіп толқыды,
Бетімде май көлкіді.
Қылшықтады, шайқады,
Тұзын татып, байқады.
Бағанағы балалар:
— Апа, маған-ды айтады.

Апасының қарағы
Алақанға салады,
Жылпылдатып жаланды,
Жалап-жалап алады.

Тұрды қатып азаннан,
Құрт қайнаған қазаннан,
Құрт ішкенде тойынды.
Шүрк-шүрк қайнап қойылды.
Түсірді де сүйтты,



Қапқа сүзіп қойыпты.
Серең сыйрақ сөреге,
Жайып қойды өреге.
Өреде күннің өткені-ай,
Шақылдаш шекем кепкені-ай!

Қыстың күні болғанда,
Қыстауға ауыл қонғанда,
Тары көже пісіріп,
Қотарып, қазан түсіріп,
Қатын қабын сөккені,
Салдышратып төккені,
Шым-шым суға шомылып,
Құрттың жібіп беккені.

Қос білегін сыбанып,
Қос уыстап бір алып,
Салдыш-салдыш езді ғой,
Саған апаң берді ғой,
Жей бер, батыр, сөзді қой!

Малта айтқанды тыңдады,
Тыңдаш қана тұрмады;

Малта аузына жылт етті,
Екі ерні сылп етті.



Менің ағам

Қосжан МУСІРЕПОВ

Мен ағамды сондай жақсы көремін,
Соған ғана конфетімді беремін.
Соған ғана, соған ғана бетімді,
Сүйгізуге ертелі-кеш келемін.

Қайтқанында демалыста ауылға
Әкеледі ол трактор мен аю да.
Менің ағам болады ертең инженер
Қарамайтын боран менен дауылға.

Ол ауылда көп болса деп ойлаймын,
Оныменен ұзақты күн ойнаймын.
Ол тышқан боп, мысық болсам мен егер
Қуып жетіп үстап алмай қоймаймын.

Ағам маған өнебойы ермейді,
Кітап беріп — суреттерін көр! — дейді.
Апамды да ол мендей жақсы көрмейді,
Папамды да ол мендей жақсы көрмейді.

Ағамды мен кейде жаман көремін,
Үйткені оны жазда ғана көремін.
Конфетімді оған жазда-ақ беремін,
Қасына оның жазда ғана еремін.

Жаман көрем, өкпелесін ол мейлі!
Неге ғана айтқан сөзге көнбейді.
Ойыншықты жібергенше алыстан,
Маған неге өзі әкеліп бермейді

Көктем келді

Молдаш ДОСТАНОВ

Шықпақ болдық біз
құмға,
Тойламақпыш көктемді.
Су жүгірді ылдиға,
Іздеп жүрміз өткелді.

Адымы әлі кішкене,
Сапаш аттай алмайды.
Жеткен жоқ ол үшке де,
Бірақ бізден қалмайды.

Қаңқылдаған қаз дағы
«Көктем келді!» — деп
кетті.
Көркіне еніп жаздағы,
Құм баурайы көктепті.

Аспанды тез бұлт алды,
Ақ жаңбыр бір тынбайды.
Енді талдың бұтағы
Бұрасаң да сынбайды.



Бақа

Ел аузынан

— Бақа, бақа, балпақ,
Басың неге жалпақ?
— Темір телпек көп киіп,
Басым содан жалпақ.

— Бақа, бақа, балпақ,
Көзің неге тостақ?
— Көрінгенге көп қарап,
Көзім содан тостақ.

— Бақа, бақа, балпақ,
Бұтың неге талтақ?
— Су бетінде көп жүзіп,
Бұтым содан талтақ.



Егер тисен...

Сұлтанимұрат ХАНЕТОВ

Інімді мен жыллаттым,
Тұртіп қалып құллаттым.
Басын сүйіп папамша,
«Жылама» — деп, жұбаттым.

Улкенмін ғой мен одан
Ашуулансам, ұрамын.
Егер тисен, сен оған
Өзім ара турамын!

Мәмбеттің кулығы

Оспанхан ӘУБӘКІРОВ

Біздің Мәмбет шатақ-ақ,
«Берменді, — деп, — шокалад».
Мың құбылып жылады,
Етпетінен жата қап.

Ұнатпадым Мәмбетті,
Тәттіге әбден дәндепті.
Сол-сол екен дем алмай,
Кешке дейін «әндетті».

Құлықты бұл табады,
Жылағаны — амалы.
Бақырганы болмаса,
Жылағаны шамалы.

Қоразға

Адырбек СОПЫБЕКОВ

Оятпа, қораз, сен бізді,
Өзім де сездім, таң атты.
Сенсіз-ақ білем мезгілді,
Танимын енді сағатты.

Байқасамшы

Жәнібек КӘРБОЗИН

— Ойнайық! — деп, Сәтен келді,
Ойнайын деп ойладым,
Өзім киіп бәтеңкемді,
Бауын да өзім байладым.

Киінгенде асып-сасып,
Байқасамшы бір қарап,
Бәтеңкемнің екі басы
Екі жаққа тұр қарап.

Сотанак

Оспанхан ӘУБӘКІРОВ

Мазақтайды өкпелетіп кішіні,
Сыйламайды жасы үлкен кісіні.
Достарымен тәбелесіп сотқардың
Шекесінен үзілмейді ісігі.

Менің інім

Қара терге малшынып,
Отырғызсам жас шыбық,
Інім алып кетіпті
Бірін «ат», бірін «қамшы» қып.

Оның мұндай ісі көп,
Аяймын тек кіші деп.
Шыбығына мініп ап,
Көшеде жүр «кісінеп».

Тоқтышак оýыны

Ел аузынан

Бірім, бірім,
Екім, екім,
Үшім, үшім,
Төртім, төртім,
Бесім, бесім,
Алтым, алтым,
Алты малтам,
Алтын балтам,
Сарыала қаз
Сандылдауық.
Қырман тауық
Қырқылдауық.
Сен кір, сен шық!

Ағаш

Саттар СЕЙТХАЗИН

Қала да орман, қыр да орман
Сонау алыс жылдардан
Өзен бойы, жол бойы
Орман, орман ыргалған.
Қаптай өскен өңірді
Орман қандай өмірлі!
Орман берді заводқа
Қара алтынды — көмірді.
Мызығмайтын дауылға,
Бұлінбейтін жауынға,
Зәулім-зәулім көп үйді
Орман берді ауылға.
Шебер жасар керемет
Көз татарлық көрім ғып,
Орман — шкаф, кереует,
Орман — стол, орындық.
Ағаш — көркі даланың,
Ағаш — көркі қаланың.
Жасалады ағаштан
Қарындашы баланың.



Гүлдер

Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ

Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер,
Қызыл гүлдер, көк гүлдер,
Жайнар кезім келді — деп,
Қанаттарың желбіреп,
Таңмен бірге оянып,
Күн нұрына боянып,
Көрік бердің балаға.
Гүлдер, гүлдер не түрлі
Құлпырды да, жетілді.
Барлық дала өртеніп
Бара жатқан секілді.
Өрт дегенім, — гүл екен,
Отқа үқсан түр екен.
Дүпіл қағып жүрегім,
Үзіп алдым біреуін.
Сыйлайын деп анама,
Гүлдер, гүлдер, шоқ гүлдер,
Қызыл гүлдер, көк гүлдер,
Тұра берші ырғалып,
Тұра берші нұрланып!

Сол түрғаның ұнайды,
Құлпырғаның ұнайды,
Үқсан сәби балаға.



Кім айтар?

Ел аузынан

Қарқ-қарқ қарғалар,
Қар үстінде жорғалар.
Жорғалар деп кім айтар,
Аң аулаған аңшы айтар.
Аңшы айтар деп кім айтар,
Мал қайырған малшы айтар.
Малшы айтар деп кім айтар,
Арқандаулы бие айтар.
Бие айтар деп кім айтар,
Сортандағы түйе айтар.
Түйе айтар деп кім айтар,
Құдықтағы бақа айтар.
Бақа айтар деп кім айтар,

Бақылдаған теке айтар.
Теке айтар деп кім айтар,
Жартастағы ешкі айтар.
Ешкі айтар деп кім айтар,
Төлі емген бесті айтар,
Бесті айтар дем кім айтар,
Сылдырап аққан су айтар.
Су айтар деп кім айтар,
Сыбыраған көк айтар,
Көк айтар деп кім айтар,
Көк орай шалғын шөп айтар.
Шөп айтар деп кім айтар,
Ту устаған топ айтар.

Кім кінәлі?

Қабас ӨКЕЕВ

Істейді өзі мамам бәрін жұмыстың,
Көмектесіп бүгін мен кір жуыстым.
Добымды әбден жудым, кірі кетпеді,
Керек десен, бір дәу сабын жетпеді.
Тағы жудым, кетер емес кірі әлі,
Мен бе, доп па, сабын ба — кім кінәлі?

Доп

Әбіш КЕКІЛБАЕВ

Доп, доп, доп, доп домалақ,
Тыншымайсың домалап.
Ас құйып ем күшікке,
Үлгермеді ішіп те...
Төңкердің де табағын,
Төгіп кеттің тамағын.
Доп, доп, доп, доп домалақ,
Осы әдетің жаман-ак!

Ауру аю

Әбіш КЕКІЛБАЕВ

Бойы қызып, дерт қысып,
Аю жатты бүк түсіп.
Рецептін оқып ап,
Дәрі берді Тоқылдақ.
— Мынау дәрі ем, — деді, —
Ішкеніңіз жөн, — деді.
Бірақ, аю көнбейді,
Тоқылдаққа сенбейді,
— Титтей болып бұл неме
Мені қалай емдейді?!

Жаз

АБАЙ

Жазды күн шілде болғанда,
Көк орай, шалғын, бәйшешек
Ұзарып, өсіп толғанда,
Күркіреп жатқан өзенге,
Көшіп ауыл қонғанда,
Шүрқырап жатқан жылқының
Шалғыннан жұні қылышылдан,
Ат, айғырлар, биелер
Бүйірі шығып ыңқылдан,
Суда тұрып шыбындан,
Құйрығымен шылпылдан,
Арасында құлын-тай,
Айнала шауып бұлтылдан,
Жоғары төмен үйрек, каз
Ұшып тұрса сымпылдан.



Біздің үйде ұры жоқ

Оспанхан ӘУБӘКІРОВ

Қарындасты Шекерге
Қаламымды мақтадым,
Ал сабаққа кетерде
Сол қаламды таппадым.
Біздің үйде ұры жоқ,
Ал қойған зат орнында
Тұратұғын күні жоқ.

Ұшты-күйлі хабарсыз
Кетті бүгін тарағым.
Зыр жүгіріп амалсыз
Бар түкпірді қарадым.
Біздің үйде ұры жоқ,
Ал қойған зат орнында
Тұратұғын күні жоқ.

Бақытжанның амалы

Ескен ЕЛУБАЕВ

Жүргенде ойын деп,
Ашқан ғой қарыны.
Бақытжан жейін деп
Алды кеп тарыны.
Асаймын дегенде
Шашып ап, қысылды.
Апасы келгенде
Ұрсарын түсінді.
Термекші бол өзі
Байқады, болмады.
Не қылған көп өзі,
Жинала қоймады.
Сонан соң ең қызық
Амалды ол тауыпты.
Қойыпты тергізіп,
Өкеліп тауықты.

Дархан даға

Қасым АМАНЖОЛОВ

О, даға! Мұхит даға, неткен кеңсің!
Ақынның ойынан да сен тереңсің.
Сар даға сараң едің күні кеше,
Япымай, бүгін неткен берегенсің!

Барқыт тау, жасыл даға, зеңгер аспан,
Құміс көл, ерке өзен алып қашқан.
Құмартып келем саған бала жастаң,
Дариға, жер бар ма екен сенен асқан!



Жейде неге тарыпды?

Ескен ЕЛУБАЕВ


Киіп еді Өтеулі
Былтыр тіккен жейдесін.
Шолтиып жең, етегі,
Қысып тұрды кеудесін.
Өтеулі оның себебін
Тез түсіне қоймады.
«Апам оның етегін
Кескен ғой!» — деп ойлады.
Дұрыс емес ойы оның,
Ешкім қырқып кеспеді.
Өсіп биыл бойы оның,
Жейдесі оның өспеді.

Кім ақылды, кім жақсы?

Мыңатай ҚЫСТАУБАЕВ

Момынбайдың көшегі,
Мойын кірі бес елі,
Құні бойы далада
Ылай суды кешеді.
Бәтіңкесін шешесі
Кигізеді, шешеді.
Жинамаса апасы,
Жиылмайды тәсегі.
Еркінбайдың Тұрабы

Ертеменен тұрады.
Ішіп алып тамағын,
Оқиды кеп сабағын.
Бақшаға да барады
Арам шебін шабады
Еденді өзі сыпрып,
Отынды өзі жарады.
Кім ақылды, кім жақсы?
Адам болып шықпақшы?



Қалған ба жаңылып?...

Бақтыбек ҚОЗЫКЕЕВ

Бар менің тауығым,
Құнде жем шашамын.
Жұмыртқа табуын
Асыға тосамын.

Кеше апам тауықты
Тұғыш деп мақтады.

Күн болса ауыпты,
Бүгін түк таппады.

Жүрді олар тепсеңде,
Құнұзақ жайылып.
«Бізге де — жексенбі», —
Деп жүр ме жаңылып?

Біздің кенесіміз

Ескен ЕЛУБАЕВ

Күнде қалып сабақтан,
Кешігеді бір досым.
Көріп мұны сағаттан,
Түзелмей-ақ жүр досым.

Бірде біздер жұптасып,
Оған кенес берістік.
Бір пікірді құптасып,
Біз мынаған келістік.

— Кешіккенше күнде сен,
Бір қоразды тап, — дедік.—
Өзіңе-өзің сенбесен,
Жаныңа алып жат! — дедік.



Әжем туралы әңгіме

Қастек БАЯНБАЕВ

Білетін үлкендер ауылда
«Әжемнен кәрі адам жоқ!» — дейді.
Ал жасын есептеп табуга
Қос қолым саусағы жетпейді.

Әжемнің қайқыбас таяғы
Қолынан түспейді жүргенде.
Бұрышқа апарып қояды,
Сырттан ол үйге кеп кіргенде.

Сүйтсе де керекті кезінде
— Таяғым қайда еken, бер! — дейді.
Бар айып әжемнің көзінде,
Күндіз де ол біздей көрмейді.

Әжемдей аяулы кісіге
Мен қызық жаңылтпаш айтамын.

Жатарда жылы пеш үстіне
Жаямын апарып байпағын.

Кейде өжем бақшага барады,
Қалғандай бойына өл кіріп.
Қолымнан жетелеп алады,
Қалады қайтарда алқынып.

— Әжетай, алайық аялдал,
Шаршадым! — деймін мен өтірік.
— Жүгірмей, жүр онда аяңдал,—
Дейді ол, көгалға отырып.

Жүрерде жер тіреп таяғын
Орнынан тұрады ол әрең.
Әттең, мен кішкентай баламын,
Әйтпесе арқалап алар ем!...

Құнбағар

Абдырахман АСЫЛБЕКОВ

Таңертең де, түсте де,
Құнге бетін бұрады.
Тостағанын кішкене
Тосады да тұрады.

Күн еңкейсе қайтадан
Ол да солай аунайды.
Күнді зерттеп байқаған
Фалымнан бір аумайды.

Қазым-қазым, қаңқылда!

Сапарғали БЕГАЛИН

— Қазым, қазым, қаңқылда,
Көлде жүзіп салқында.
Жем шашайын — жейсің бе,
Кәмпіт берші дейсің бе?..
— Жоқ, Жоқ,
Кәмпіт, тәтті болмайды ас,
Арпа менен бидай шаш.

Ойынның кесірі

Мыңатай ҚЫСТАУБАЕВ

Мамам мені жұмсады,
— Айдал кел, — деп, —
сирді».
Жолықтырдым Мұсаны,
«Ойналық деп» қылды...
Сұтсіз қалдық сол күні,
Сұт бұзауға бұйырды,
Мамам берді «сыйымды».

Суретші

Тұрсынхан ӘБДІРАХМАНОВА

Алуан бояу ірікте алды,
Асықпай, Марат суретті
салды.
Столға жайып қағазды өппақ,
Сарымен сұлу жасады
бақ-бақ.

Қызылдан кірпіш қағазға толды.
Зәулім үй келіп аулаға қонды.
Шатырын әсем бояды кекпен,
Жасылмен дуал жасалды еппен.

Өз орнын тапты әр түрлі бояу.
Бәрінен шебер Мараттың ойы-ау!



Құралай

Тұрсынхан ӘБДІРАХМАНОВА

Көрдің бе әне, Құралайды
— Көтерші! — деп сұрамайды.
Тыптың-тыптың жүгіреді,
Жығылса да жыламайды.

Қолғанат

Нұрхан ЖАНАЕВ

Кіп-кішкене Қолғанат
Отырмайды ол қарап.

Ақылыңды ұғады,
Көңіліңнен шығады.

Қолғанат десе Қолғанат.
Қалай тауып қойған ат!

Үш бала

Бір аулада үш бала,
Олар құрдас — үш жаста.
Бірақ, бірақ, олардың
Қылықтары үш басқа.

Біріншісі шыңқ етпе,
Тиіп кетсең жылайды.
Екіншісі бір қыңыр,
Ақыл айтсаң тулайды.
Үшіншісі елгезек,
Бәрімізге ұнайды.

Ашқарак

Шона СМАХАНУЛЫ

Шимайбектің портфелі
Жуан екен, нән екен.

Достары айтты:
— Ойпырым-ай,
Ішінде не бар екен? —
Ашып көрсек портфельдің
Іші толған нан екен.

Жабайы үйрек

Рза ҚУНАҚОВА

Үстап жабайы үйректі,
Нұрлан қолға үйретті.
Таңертең жем шашады,
Ұяның аузын ашады.

Астауга су құяды,
Тазалайды ұяны.
Қашатын емес үйрегі,
Күтуші жақсы үйдегі.

Тиіспе...

Алып келіп күшігін,
Жауып қойды ішігін,
«Лайка» деп ат қойды,
Шәүілдеп ол да жатпайды.

Ертіп алып Лайканы,
Жүгіртіп те байқады.
Жетектеп кеп күшікті,
Көрсетті оған мысықты.

Иті тұрып: «ыр»... деді,
Сұр мысығы: «бр»... деді.
Нұрлан сонда күшікке:
— Тиіспей тек тұр, — деді.

Өкпелегіш

Біздің Женіс — Өкпелегіш.
Өкпелесе апасына.
Шағым айттар папасына;
Өкпелесе папасына,
Шағым айттар апасына.

Шатак

Қадыр МЫРЗАЛИЕВ

Асан, Хасан дос еді,
Аяқ асты керісті.
Шатасқаны осы еді,
Өре-тұра келісті.

Жейделерін жыртысып,
Жағаласа бастады.
Тамған терді сүртісіп,
Түкірісіп таstadtы.

Еріндерін жымырып,
Ерегісіп тұрысты.
Қардай жауды жұдырық —
Қойғыласты үрысты.

Әлем-жәлем беттері,
Әлі жатыр таласып...
Ойнап-ақ жүр иттері
Ауыздарын жаласып.

Лағым

Сәнімгүл ЖЕЛДІРБАЕВА

Секір, секір, лағым,
Тарқағанша құмарың!
Желпілдесін жел күнгі,
Жапырақша құлағың.

Сырт-сырт етіп тұяғың,
Би билеші, лағым!
Үрғып өтіп жырадан,
Басына шық қияның.

Ақ лағым, ақ лақ,
Мазалама маңырап.
Бөпеме де сүт керек,
Кете көрме жамырап!

Аспанда

Қадыр МЫРЗАЛИЕВ

Аспан малға толып кетті —
Бұлттар түлік болып кетті:
Бір бұлт шықты ешкі болып,
Бір бұлт шықты мешке болып.

Бір бұлт шықты бие болып,
Бір бұлт шықты түйе болып,
Бір бұлт шықты шошқа болып,
Бір бұлт шықты қошқар болып.

Күннің өзі малшы болып,
Найзағайы қамшы болып,
Щартылдады-күркіреді,
Бес түлік мал дүркіреді.

Тұн қалдырмай қуып өтті,
Нөсер көкті жуып өтті.
Жалғыз ғана көгенге ұқсап
Қала берді кемпірқосақ.



ЖЫЛҚЫШЫ

Мұзатар ӘЛІМБАЕВ

Екі бала таласты,

Едірейе қаасты:

— Жылқышы —

Ол кісі, —

Деді Арнұр.


— Жылқышы —

Көл құсы, —

Деді Жаннұр.

Кім жаңылып бұрыс айтты?

Екеуі де дұрыс айтты.



КӨБЕЛЕК

Жақсылық СӘТІБЕКОВ

Деп едік біз — Көбен епті.

Таңқы танау кебе кепті.

Алақ-жұлақ елең етті,

Көріп қалды көбелекті.

Құып берді көбелекті.

Сайдан асты, төбені өтті.

Гүлді, бақты, аршаларды

Аралады шаршамады.

Үша берді көбелек те,

Төмендеп те, төбелеп те.

Нәзік қанат талар емес,

Көбенің де қалар емес.

Қонды барып қалақайға,

Оны сезген балақай ма?

Көрсетпекші боп өнерін,

Қолын созды Көбен ерің.

Қолын жұлып алды, бірақ,

Құр алмады, қалды жылап.

Дұылдатып саусақтарын,

Байқамады не шаққанын.

Көбен енді соғады кеп:

— Көбелек те шағады, — деп.

Еш зиянсыз көбелекке,

Айтады бос Көбен өкпе...

Сұрамсақ

Еслем ЗІКІБАЕВ

— Нагашы жақсы екен қаламың
Мен сізден осыны қаладым.

Сөмкеңіз не деген әдемі!
Мен үшін алғандай әдейі.

Мына бір сағатың тағы да,
Жақсы екен балалар тағуға...

Деп ылғи «жақсылап» қоймайды
Араны алғанға тоймайды.

Сондықтан Қәрімов Оспанды
«Сұрамсақ» — деп кетті достары.



Көштік біздер жаңа үйге

Күнтөре БАЙҰЗАҚОВ

Көштік біздер жаңа үйге,
Ұмытпаймыз бұл күнді.
Шырқатамыз өн-күйді,
Ашып тастап балконды.
Қиналушы ек су тасып,
Қыстың суық кешінде.
Су көп үйде. Ет асып,
Жағамыз газ пешін де.
Батарея қойылған
Бу жылытар бөлмені.
Жылы бөлме, жап-жарық —
Қуантады бұл мені.
Мың да бір рахмет сіздерге,
Құрылыстағы ағалар!
Үйлер салған біздерге,
Кең сараймен барабар.

Әдептілік

Өмірбай ӨМИРЗАҚОВ

Рұқсатсыз бақшаға,
Бақыт тіпті бармайды.
Көрнеу қойған ақшаға,
Суық қолын салмайды.

Айтқан ақыл өзінің
Есінен бір кетпейді.
Жолда үлкен кісінің
Алдын орап өтпейді.

Қоянның жауабы

Мыңатай ҚЫСТАУБАЕВ

— Тоқта, неге алқындың?!
Серпінді ғой қарқының!
Тығыз ба өлде тапсырма?
Атынды айтшы, жарқыным?!

— Қоян деген батырмын,
Жүре алмаймын ақырын.
Жолығып қап қасқырга,
Жытып бара жатырмын...

Қайсысы қайда барағы?

Қадыр МЫРЗАЛИЕВ

— Қасқыр, қайда барасың?
— Қой қырғалы барамын.
— Қарсақ, қайда барасың?
— Қаңғырғалы барамын.
— Тұлқі, қайда барасың?
— Тауық іздеп барамын.
— Маймыл, қайда барасың?
— Сауық іздеп барамын.
— Аю, қайда барасың?
— Бал тапқалы барамын.
— Майлан, қайда барасың?
— Мал баққалы барамын!



Алатауға

Рамазан ТЫШҚАНБАЕВ

Асқар ала шындарға
Ақша бұлтың түр қонып.
Асқар ала шындарға
Жаңбыр қүйдыш нұр болып.
Жаңбыр бұлты күнүзын
Көшті сенен шұбалып.
Кең даланы бір өзің
Жатырсың ба суарып?



Такпактар

Төлеу ШАХАНОВ

— Насып күнделік шаңай даңынан

Мен ділдің түштілігіндең анықтау

Тын

«Аңдып тұрған жау жоқ па?!» —
Деп, қарайды ол жан-жаққа.
Шыбын жаны тәтті ғой,
Тәтті-ау бірақ жаңғақ та.



Түе

Төзімдісің шөлге сен,
Қиналмайсың шөлдесен.
Сені жақсы көрмесем,
Жантақ әкеп бермес ем.

Бақа

Келсем көлге жақындаپ,
Жағың тынбас бақылдаپ.
Ауырмай ма таңдайың,
Күні бойы тақылдаپ?!

Құмырска

Отырмайсың тыныстап,
Жүк тасисың, құмырска!
Жастайыңдан шыныққан
Жақсы-ақ екен жұмысқа!

Тұлкі

Жем іздеп жүгіріп,
Аңшыдан тығылып.
Қақпанға жуымай
Жүреді, қуын-ай!

Маймыл

Кәмпитетті толтырып уысқа,
Секірдің бұрыштан бұрышқа.
Жолдасың таңырқап
қарайды,
Қызғаншақ болуың дұрыс па?

Торай

Устінді қара кір-қожалак
Жуса апай сабынмен
тазалап,
Ауладан шыға сап, батпаққа
Домалап жатқаның жаман-ақ.

Бұзау

Орманға сені іздеп келіп ек,
Алыстан қарсы алдың
мөңіреп.
Көп жүріп көкорай
шалғында,
Біздерді сағынып қалдың ба?

Түйекұс

Қадыр МЫРЗАЛИЕВ

Киын оны көлік деу,
Қом артып, жүк тилемес.
Түйеге жүр еліктеп,
Бірақ та ол түйе емес.

Болса дағы санатта,
Құстың ісін істемес.

Бар құйрық та, қанат та,
Үшатын да құс емес.

Әрі түйе, әрі құс,
Болам деп, бос шатылған:
Ақырында ол байғұс
Түйекұс боп аталған.

Қос кептер

Қалижан БЕКҚОЖИН

Қос кептер күнде қонады,
Ауламды менің кең көріп.
Ауламның солар қонағы,
Сыйлаймын ылғи жем беріп.

Екеуі қандай әдемі,
Жем тереді жарасып.
Әдебін айт, әдебін,—
Көрген жоқ бір таласып.

Қандай тату екеуі,
Достық деген осы да!
Күні-түні бір мекені,
Көкке үшады қосыла.

Айтқаны өлде өлең бе?
Үндеседі сұңқылдалап.
Құс тілін білсем егер де,
Мәз болар ем сыр тыңдалап.

Кірпі

Ескермес ЕСКЕНДІРОВ

Әуре болдым қанша күн,
Үйретем деп кірпіні.
Бостан-босқа шаршадым,
Кетіп қапты бір күні.

Өзі кетті үрланып,
Айтшы, кінә менен бе?
Тастар ем ғой апарып,
Үйді аңсадым дегенде.



Бәрімен де құрдаспын

Еркеш ИБРАЙИМ

Мінезім бар аңқылдақ
Тыңбай деген батырмын.
Тың төсіндей толқындал,
Өсіп келе жатырмын.

Тыңың тұңғыш тасылған
Дәнімен де құрдаспын.
Дихандардың шырқаған
Әнімен де құрдаспын.

Сол бір жылы қаз тұрган
Қалалармен құрдаспын.
Сол бір жылы жаз туған
Балалармен құрдаспын.

Қурдастарым көп қандай!
Бірі — өзімнің мектебім.
Мектебіме ақ шаңқай
Қызығады көкте күн.

Бұлбұлдардың сайраған
Әнімен де құрдаспын.
Айналамда жайнаған
Бәрімен де құрдаспын!



Сумкада не бар?

Тоқаш БЕРДИЯРОВ

Үлкен сумка асынған,
Келе жатып Қасымхан,
Сұрақ қойды Сұлтанға:
— Айтшы, не бар сумкамда?

— Сумканда бар... бір, екі, үш:
Қалам, дәптер, өшіргіш.
Сиясауыт, әліппе,
Онда бар нөн өріп те!

— Дұрыс! — деді ол Сұлтанға,—
Тағы не бар сумкамда?
— Сумканда бар... бір, екі, үш:
Сызғыш, бояу, қаламұш.

Қасымхан тұр күлімдеп:
— Таба алмадың бірін, — деп,
— «Айболит» бар, рас па?..
Кірді олар класқа.

Болып еді үзіліс,
Міне саған қызық іс:
Үлкен сумка асынған,
Нан жеп отыр Қасымхан.

Неге қампый сумкасы?..
Ұзын сөздің қысқасы:
Ол ашқарақ бала екен,
Сумка толы нан екен!

Космосқа үшамын

Шона СМАХАНУЛЫ

«Сәт сапар!» деп, достар берген
Гүлге толып құшағым,
Асамын да асқар өрден,
Космосқа үшамын.
Болса-дағы қанша көркем,
Көктө қайтіп жай табам?!

Ораламын асыл өлкем —
Отаныма қайтадан.

Жауқазының жауабы

Саги ЖИЕНБАЕВ —

Жауқазын-ау, жарқырап,
Көгерген жоқ әлі бау.
Тоңасың ғой қалтырап,
Неге асықтың, жаным-ау?

— Елемеймін ызғарды,
Ерте келдім өмірге.
Жарып шықтым мұз-қарды,
Жер-анамды көруге.



Шағын шеберханада

Жәнібек КӘРБОЗИН

Балға

Оның жалтыр маңдайы
Бәріне де қолайлыш.
Өзі іске оңтайлы,
Қаламайды оңайды.

Қисактаған шегенде
Қасқайта кеп үрады.
Қыңыр-қисық дегенді
Демде тұзеп шығады.

Әйтеуір, ол қағуға
Қашан болсын талмайды.
Қыңырларды соғуға
Аямайды маңдайды.

Төс

Жұмыстан төс бос болса,
Жабырқап-ақ қалады.
Балғаменен бас қосса,
Көңілді әнге салады.

Егей

Темірге тіс басады,
Мұжиді де егейді.
Кеміргенін шашады,
Жалғыз түйір жемейді.

Қажет етпес түгің де,
Тек жалғыз-ақ арманы:
Егегені түбінде
Откір болса, болғаны.

Бұрғы

Тақтай қатты-ақ
Ол тұрып,
Жалғыз тісін баптайды.
Иір-иір жол жүріп,
Теседі ақыр тақтайды.

«Арғы жақта не бар!?» — деп,
Бір сығалап өтеді.
«Әзірше осы болар», — деп,
Кейін қарай кетеді.

Ара

Оның жалғыз білгені,
Ағаш, тақтай тілгені.
Асықтырып өз-өзін:
«Тез-з, тез-з, тез-з!» — деп жүргені.

Ине

Бой дегенің тым қысқа —
Бар болғаны үш елі.
Кіріскенде жұмысқа,
Ауыры оған түседі.

Ажырасып кеткенге
Тәрешілік етеді.
Ине алдынан өткендер
Құшақтасып кетеді.

Алмас

Оның күшін жұзінен
Байқар дейсің жайда кім?
Сызып өткен ізінен
Қақ бөлінер ейнегің.

Кездері жоқ бет қайтар,
Тез мұқалып қалмас та.
Сондықтан да жұрт айтар:
«Өткір бол, — деп, — алмастай!»

Шебердің ескертуі

Осы шеберханадан
Аулақ жүрсе кімде-кім,
Өмір бойы сол адам,
Өкінерін білемін.

«Көнбейді!» — деп, құр өкпе
Құралдарға айтпасын.
Тек ерінбес білекке
Көнеді олар, Байқасын!



Өзім тіктім жалықпай

Мәриям ХӘКІМЖАНОВА

Айналайын анашым,
Өлпештеген мамашым,
Еміп өскен бөбекпіз,
Маматайдың мамасын.

Ай қабақты анашым,
Құн сөулелі мамашым,
Ақ сүтіңмен суардың
Бөбегіндің санасын.

Өлпештеген баласын
Айналайын анашым,
Өзіңе арнап тіктім мен
Кремль мұнарасын.

Өзім тіктім жалықпай,
Қанатында қалықтай.
Құтты болсын мерекең,
Шарықтай бер, шарықтай!

Шулаій бер, өзен!

Жәнібек КӘРБОЗИН

Құн күліп келді,
Қар кетті қашып,
Өзен-ау енді
Қуаныш тасып,
Қырлардан асып.

Тынықтың қыстай
Сен аунап-құнап.
Ал енді құстай,
Аға бер зулап,
Кете бер шулап.

Тулай бер, өзен!
Шулай бер, өзен!
Күшінді жазға
Сыйлай бер, өзен!
Сыйлай бер, өзен!



Сейтек-тентек

Қабыкен МҮҚЫШЕВ

Болды бір бала,
Аты оның Сейтек.
Ерке де шора,
Мінезі тентек.

Ашса ол көзін,
Үшады төсек.
Ыскыртар сезін,
Атқандай кесек.

Көрі өжесін
Шақырады,
Бақырады:

«Ботинкам қайда?
Кигіз тез, сүртіп.

Бол, бауын байла,
Тұрам ба күтіп!

Шөткелеп, сілкіп
Палътомды өкел!
Жақсылап сүртіп,
Сумкамды әпер!

Суық қой дала?
Бар, шығып қара!
Аяз болса,
Шарпымды ора!»

Деп, тентек-Сейтек
Ойбайлайды
Айғайлайды.

Көмектесем мамама

Женіс ҚАШҚЫНОВ

Ішіп болып тамақты,
Кірісемін жұмысқа.
Жұам кесе, табақты,
Су құйып ап ыдысқа.

Көмектесем үнемі,
Мамам ісі сонша көп.
Ойладап ылғи жүремін,
«Қолқанаты болсам» — деп.

Кешкі күн

Кешкі күн
Қонды тау басына.
Төкті нұр
Құзар шың тасына.
Кешкі күн

Қызыл доп сияқты.
Оны кім
Итеріп құлатты?
Доп, доп, доп — домалақ,
Кетті-ау таудан домалап.

Менің атам

Күндіз-тұн жатпайды,
Еш тыным таппайды.
Кетпен ап егінді,
Суарып баптайды.

«Мол астық, асылы,—
Дейді,— елдің нәсібі».
Орылып біткенше,
Осы оның кәсібі.

Қорқам ғой

Өзенге кеп, жағаға,
Шешіне сап бәрі де,
Болат, Сағат, Тана да,
Жұзіп барды өріге.
Олар нағыз шортан ғой,
Әттең-ай, мен қорқам ғой!



Таудағы көктем

Тұтқабай ИМАНБЕКОВ

Тау іші «гүр-гүр» шулады,
Етекте өзен тулады.

Бұлақтар басы қосылды,
Дүрілдеді, жосылды.

Ақ берікті шың басы,
Айдын көлде тұлғасы.

Төгеді соған таң нұрын,
Себеді көктем жаңбырын.

Шүрегей

Өтеген КҮМІСБАЕВ

Мәп-мөлдір айна көл,
Тап мұндай қайда көл.
Құстары шулайды,
Сазаны тулайды.

Құрағы сыйбырлап,
Толқыны сыйбырлап,
Дегендей «кел, батыр»,
Тұп-тұнық көл жатыр.

Шағала шаңқылдан,
Қаздары қаңқылдан.
Ұшады төбeden,
Қызығып келем мен.

...Кенет көл ah ұрды,
Бір мылтық атылды.
Құлақты тұндырды,
Құрақты сындырды.

Жалма-жан қарадым,
Алыстан барады үн.
Топ үйрек дүр етті,
Жүргегім дір етті.

Айдында бір үйрек,
Қанатын жүр сүйреп.
Жете алмай жағаға,
Сорлы өліп қала ма?!


Шиыршық атады:
Сұнгиді, батады...
Ұмытып барлығын,
Айдынға қарғыдым.

Үйректі аядым,
Жейдеме орадым.
Қыстым да бауырға,
Асықтым аүылға.

«Шүрегей үйрегім,
Деп ойла үйдемін.
Әлі ұшып кетесің,
Алысқа жетесің».
«Міне дән, міне жем» —
Деп күтіп жүр өжем.
Аспанға қарайды,
Шарықтап ұшар-ау.
Самғаса, жарайды!
Бұлттарды құшар-ау!

Ұяға сыймайды,
Біздерді қимайды.
Талпынды, үйрәнді,
Жақсы бол күйленді.

Аэродром — алақан,
Самғады балапан.
Шарықтап, көк құшып,
Үйрегім кетті ұшып!



Жасыл бағым жайнаған

Мұқагали МАҚАТАЕВ

Шыбықтарым кешегі,
Шынар болып өседі.
Көктемдегі көйлегін
Күзде ағаштар шешеді.

Тоңбау үшін ақ қарда,
Тон киеді ақпанда.
Қарайды кеп қара ағаш
Қайың сырға таққанға.

Жасыл бағым жайнаған,
Ну болады айналам.
Жазда барып орманға,
Жатып алып ойланам.

Мамаға сыйлаймыз

Ақыштап БАҚТЫГЕРЕЕВА

Көктемде көңілді
Құстар кеп жатқанда,
Құлпыртып өңірді,
Гүл ектік бақтарға.

Гүл ектік аулаға,
Көктемде көңілді.

Бақта да, бауда да
Ақ гүлдер өрілді.

Біз доспыз гүлдермен,
Текке оны жұлмаймыз.
Той күні бір-бірден,
Мамаға сыйлаймыз.



Тымактың әлеғі

Қалайи ХАСЕНОВ

Кітап жатыр шашылып,
Сандық қалды ашылып.
Көрпе жатыр есікте,
Көсеу жатыр бесікте—
Қарамаған жерім жоқ,
Барлық жерді қарадым.
Тымсағым жоқ, тымсағым,

Қайдан іздел табамын?
Жоғалса егер тымағым,
Тысқа қайтіп шығамын?
Тымсағым-ай, тымсағым...
Қышып кетті құлағым.
Құлағымды қасып ем,
Басымда еken тымағым.


Қызыл балық, ақ балық!

Қуандық ШАҢҒЫТБАЕВ

Қызыл балық, ақ балық
Көлде шоршып ойнайды,
Сансыз балық, сақ балық
Бізді аңқау деп ойлайды.

Жүр, жорыққа шығайық,
Сауық-сайран салайық.
Ауды көріп құрайық,
Балық ұстап алайық.

Қызыл балық, ақ балық
Сансыз балық, сақ балық.
Қармақтарды қап, балық,
Ауда шоршып жат, балық!



Менің қалам — Теміртау

Жаппар ӨМИРБЕКОВ

Нұра деген өзен бар,
Жағасында көп ел бар.
Сағасында Нұраның,
Теміртауда тұрамын,
Менің қалам — Теміртау!

Қақ қасында айна көл,
Жатар жазда жайнап ол.
Көлге барып жүземін,
Кейде балық сүземін,
Көлді қала — Теміртау.

Қызыл оттар лаулайды,
Балқып болат қайнайды,
Сөндірмейтін сол отты,
Құйған құрыш-болатты,
Менің қалам — Теміртау.

Элеватор

Қалауи ХАСЕНОВ

Элеватор, злеватор,
Машиналар келе жатыр.
Кетіп жатыр,
Келіп жатыр,
Сүйікті Отан қоймасына
Алтын астық төгіп жатыр.

Әжесінің сабағы

Жұмекен НӘЖІМЕДЕНОВ

Ойыншықтың жиып ап жаңа түрін,
Түсіндірді ұлына ол ақырын:
Болса егер қоянда қанша құлақ,
Соншасының мысықта болатынын.

Сәбілердің мінезі десек түрлі,
Қызықтырмас дәл мұнданай есеп кімді:
Болса егер сиырда қанша мүйіз,
Құлағы сонша екен есектің де.

Тағы айтады ұлына ойланып ап,
Болса егер қанша доп қолда мына:
«Адамда да сонша бас бар, — дейді
ол, —
Тек онымен болмайды ойнауыңа!»

Қоңырау

Нұрсұлтан ӘЛІМҚҰЛОВ

Аралап елді біз,
Жаз бойы демалдық.
Күлімдеп келді күз,
Мектепке оралдық.

Келдік, жаз табысын
Класқа алып біз.
Қоңырау дауысын
Сағынып қалыппыз.

Тағы да сап құрдық,
Гүл толы омырау.
Оқуға шақырды,
Сыңғырлап қоңырау.

Гүл ұрығын жинаймын

Дүйсенбек ҚАНАТБАЕВ

Сентябрь келді, күз келді,
Жер үсті өзге түрге енді.
Көбелек қанат көп гүлдер
Сарғайып неге кеттіңдер?..

Жел соқса, жерге төгіліп
Қалғалы түр-ау көп ұрық.

Гүлдерді аяп, қимаймын —
Ұрығын күзде жинаймын.
Келесі жылды тағы да
Себемін оны бағыма.

Жазғы жауын

Балтабай ТӘЖІМБЕТОВ

Тұнде жауған нөсерден
Дала шөлі қаныпты!
Көшеге ерте келсем мен,
Көлшік түрып қалыпты.

Қызығамын түріне,
Шар айнадай су беті.
Түсіп жатыр түбіне
Көк аспанның суреті.

Қорқағын-ай Құнтудың
Көрсе, жылай бастайды.
«Түбі жоқ, — деп, — бұл
судың»,
Олай аяқ баспайды.

Әрқайсысында бір арман

Жәнібек КӘРБОЗИН

Бұзау бірде айтыпты: Н
— Жалағанға не жетсін!

Қасқыр түрып айтыпты:
— Асағанға не жесін!

Бөрібасар айтыпты:
— Талағанға не жетсін!

Құлан түрып айтыпты:
— Қашағанға не жетсін!

Тышқан түрып айтыпты:
— Семіргенге де жетсін!
Қытыр-қытыр қап тесіп,
Кеміргенге не жетсін!


Аяла

Кәрім САУҒАБАЕВ

«Ақсақ» деп айтпа сен оған,
Алып бер жатса таяғын.
Туған жер үшін сол ағаң,
Соғыста берген аяғын.
Мүгедек көрсөң сен егер,
Батыр деп оны аяла.
Әке деп оған сене көр,
Жақсылық одан аяма.

Шопан ата

Барады шопан әндөтіп,
Қаптатып қойын тау жаққа.
Бесік қып тауды тербетіп,
Шопан жур әне аулақта.
Көп қызық көріп даладан
Кештетіп үйге қайтады.
Ұлына келген қаладан
Қызығын тегіс айтады.



Әлия

Қуандық ШАҢҒЫТБАЕВ

Қош айтып оқу, ойынға,
Әжесін тастап қария.
Қол бұлғап туған Ойылға,
Майданға кетті Әлия.

Өлімге басын байлаған
Он жеті жасар жас бала,
Қырғынға кірді қайнаған,
Ор, окоп болып баспанға.

Қатер мен қауіп қысқанда,
Жасымай талай қыиннан.
Жасын боп түсті дүшпанға,
Қыран боп тиді қыырдан.

Он сегіз жасар жас батыр
Оқ тиіп, кенет құлады.
Құлазып, қурап жатты қыр,
Ауылда әже жылады.

Аныз боп бірақ келеді,
Әлия деген атағы.
Ұмытпас оны өз елі,
Ұмытпас өскен Отаны.

Милиционер

Әубәкір НІЛІВАЕВ

Қызмет етіп ізетпен
Көріге де, жасқа да,
Тыныштықты күзеткен
Милиционер — жақсы аға.

Достық

Жұмагали САИН

Дән екsem, жерге достық егер едім,
Бұл болсам, соған тамшы себер едім.
Жайнаған гүлден гөрі, ыстық құмға
Дос үшін жылда айналып келер едім...

2-бөлім

1968-1978 жж



Ақ мамам

Марфуга АЙТҚОЖИНА

Әппақ мамам, ақ мамам,
«Мамам!» — деймін, шаттанам.
Түн үйқынды төрт бөліп,
«Бөпешім!» — деп, жатпаған.
Сендей жан жоқ аяулы,
Өзің үшін мақтанам!
Әппақ мамам, ақ мамам,
Сендей бақыт жоқ маған.
Өзіңмен бір бөпешін,
Үлкен өмір есігін
Айқара ашып аттаған,
Сол үшін мен мақтанам!

Гүліңнің ана, ал гүлін

Ақыштан БАҚТЫГЕРЕЕВА

Асыға күтіп жүргенмін,
Болар деп қашан мейрамың.
Суретін салдым гүлдердің,
Келеді соны сыйлағым.

Мейірің мол-ақ бір маған,
Ер жетер әлі-ақ балғының.
Әзірше сыйға арнаған,
Гүліңнің, апа, ал гүлін!

Көбелек

Әбен ДӘУРЕНБЕКОВ

Сен де құдың, көбелек,
Мен де құдым көбелек.
Жүйрік екен керемет,
Үстатпады, не керек?!



Тұған елдің ұлымын

Асқаржан СӘРСЕКОВ

Аспанымдай мәлдірмін,
Жайлауымдай жазықпын,
Өзенімдей өршілмін,
Гүлдерімдей нәзікпін.

Қуат алған өзінен,
Тұған елдің ұлымын.
Бақытты етіп өсірген
Отанымның гүлімін.

Біз алмайтын қамал жоқ

Момын ӘШІРБЕКОВ

Біз алмайтын қамал жоқ,
Не қынды аламыз.
Біз білмейтін амал жоқ,
Нелер сырды табамыз.

Жан баспаған жерлерге,
Сөнді сарай саламыз.
Біз өсірген гүлдерге
Бөлөнеді қаламыз.

Кекілік-ау, кеқілік

Өтебай ТҮРМАНЖАНОВ

Кекілік-ау, кекілік!
Ойнақшысың, секіріп.
Бір орында тұрақтап,
Отырмайсың, бекініп...
Оқушы болсаң, кекілік,
Алар ең ылғи екілік...

Өшпес шырак

Бәкір ТӘЖІБАЕВ

Кешіріп бастан бүрқақ күн,
Халқымыз жарқын таң көрді.
Бақыты үшін үрпақтың
Бабалар біздің жан берді.

Қасиеті осы жерлерде
Жайнатып жасыл гүл-бақты.
Ескерткіш етіп ерлерге
Маздаттық өшпес шырақты.

Балапардың тілегі

Ғаббас ЖҰМАБАЕВ

Болмасын жерде жамандық,
Болмасын жерде арамдық.
Бар әлемге тілейміз
Бәрінен де амандық.

Өмірі соғыс болмасын,
Жаумасын көктен қорғасын.
Жасамасын ешбір ел
Енді атом бомбасын.

Көгімде күліп күн тұрсын,
Жеріміз жайнап құлпырсын.
Барлық елдер баллары
Бақытқа ғана үмтүлсын.

Аман болсын папамыз,
Аяулы біздің мамамыз.
Сақтаңдар бізді соғыстан,
Біз кішкентай баламыз!

Тазагұлдің тақпазы

Жүсіп ҚЫДЫРОВ

Мен айтайын тақпақ,
Алып едім жаттап.
Сенің бетің сатпақ,
Менің бетім өппақ.

Тағы айтайын тақпақ,
Алып едім жаттап.
Койдым сабын сақтап.
Болшы сен де өппақ.

Таусоғар мен Нансоғар

Жүсіп ҚЫДЫРОВ

Ерте, ерте, ертеде,
Ешкі жұні бертеде.
«Таусоғар» деп, кімді айтқан?
«Нансоғар» деп, кімді айтқан?

Бойы көкпен таласқан,
Қап тауынан өрі асқан.
Қаратаудан бері асқан,
Жақсыларға жол ашқан,
Жамандарға о бастан
Төндіріпті қара аспан...
Сол алышты атақты
«Таусоғар» деп атапты.

Тумай жатып қартайып,
Толмай жатып ортайып.
Білмей жатып марқайып,
Үлкен келсе жалпайып.
Кіші келсе шалқайып,
Жұмыс десе жантайып...
Жатады екен балпайып...
Тамақ десең тәмпайып...
Қасық ала жүгірер
Қос құлағы қалқайып.
Сол жалқауды атақты
«Нансоғар» деп атапты.

Шынықтыр сен денені

Дүйсенбек ҚАНАТБАЕВ

Теңізші бол егерде,
Жұзем десең тереңде.
Белден басып мұз-қарды,
Кезем десең шыңдарды,
Тұлеп ұшар жас қанат
Болам десең космонавт,
Шарлау ұшін өуені,
Қуат керек өуелі.
Жігер керек, от керек.
Ерлік керек, еп керек.
Ол үшін ең керегі—
Шынықтыр сен денені.

Әден

Күнтөре БАЙЗАҚОВ

Сыйласп сәлем беремін,
Көршілерді көргенде.
Ізетті де білемін,

Үйге қонақ келгенде.
Әдепсіз деп сөкпесін,
Апама айтып өкпесін.

Алтын астық

Қосжан МУСИРЕПОВ

Көктемде егін еgetін,
Күзде жинап беретін,
Біздің дала — бай дала,
Алтын астық айнала.

Ел егінді жинайды,
Қырманға дән сыймайды.
Біздің дала — бай дала,
Алтын астық айнала.

Астық — дала сәулеті,
Астық — Отан дәулеті.
Біздің дала — бай дала,
Алтын астық айнала!

Аман неге жаман? (санамак)

Ермек ӨТЕТИЛЕУОВ

Үсті-басы кір,
Бұл — бір.

Сөзі дәрекі,
Бұл — екі.

Аяқ-қолы күс,
Бұл — үш.

Бергіш-ақ серт.
Бұл — төрт.

Айтқанға көнбес,
Бұл — бес.

Осындай Аман,
Сондықтан жаман!



Диірменші

Теңізбай РАХЫМЖАНОВ

Келе жатса диірменші аулада,
Әппақ болып үсті-басы ақ қардай.
Қарайды жұрт сүйсініп те, тандана,
Аяз-ата өзі келе жатқандай.

Сырғанак

Оли ҮІСҚАБАЙ


Қар жамылды күллі алып,
Жүрмедік біз құр қарап.
Бір топ бала бірлесіп,
Жасап алдық сырғанак.

Ақ көрпемен он қабат,
Тастағандай дөнді орап.
Ауырмайды еш жерім,
Аунап түсем домалап.

Мысығым

Тұрал АЙДАРОВ

Жіп сүйретсем бұлаңдатып,
Ақ мысығым тұрады атып.
Жатқандай-ақ іші пысып,
Қуалайды алып-ұшып.
Жалғыз қалар болса кезі,
Құйрығымен ойнайды өзі.



Табиғат бояуы

Әр көденің қалқасынан табылған
Кең далада қошақанның көп кезі.
Табиғаттың бояуындай алуан —
Әппак қозы, қара қозы, көк қозы.

Көктем

Бір шоқ жүлдyz көкте балқып
аққандай,
Көше бойын кезді бұлақ ақ маңдай.
Алма ағаштан төгіледі ақ мамық,
Үстімізден аққу қанат қаққандай.

Өзімшіл

Өз айтқаны болмаса,
Жер тепкілеп жылайды.
Күнде оқымай сабағын,
Сыннан жылда құлайды.

Жанғак

Дәні жоқ деп жаңғақты,
Берсе Берік алмапты.

Моýындаýмын

— Мана бітті сабағың,
Қайда жүрсің, қарағым?
— Қайта бардым мектепке,
Қалып қойып қаламым.
— Мына бітті сабағың,
Қайда жүрсің, қарағым?
— Дәрігерге қараттым,
Ауырған соң тамағым.
— Мана бітті сабағың,
Қайда жүрсің, қарағым?
— Салып бердім мен үйін,
Бір құрылышы ағаның.
— Мана бітті сабағың,
Қайда жүрсің, қарағым?
— Шынымды енді айтайын,
Жолда ойнап қаламын.



Темірқазық

Мұрат ҚУАНЫШБЕКОВ

Жеті түнде жапанда,
Келе жатсаң сапарда,
Орман сұзіп, тау асып,
Кетсөң егер адасып,
Ожауга ұқсас сабы бар,
Шоқ жүлдышты тауып ал.
Жеті жүлдыш — санап шық,
Аты — «Жеті қарақшы».
Сәл жоғары тұрады
Тұнгі аспанның шырағы —
Жарқыраған нұр жүзі
«Темірқазық» жүлдышы.
Кетсөң түнде адасып,
Беретін сол жол ашып.

Мұнай

Бөркайыр АМАНШИН

Темір қанат қыран да,
Кіп-кішкентай бұранда.
Сусындейды мұнаймен,
Үй салатын кран да.

Бәріне де керегі,
Бәрінің де қорегі,
Мұнай деген май екен,
Мұнайға елім бай екен!

Мағыстаудың түбегі
Жүдеу еді, тұл еді.
Бүгін мұнай атқылап,
Жасарып бір тұледі.

Қарағай

Рамазан ТЫШҚАНБАЕВ

Соқса да аяз, үскірік,
Қауіп-қатер төндіріп,
Көрген емес үсініп,
Жасыл бүрін семдіріп.

Жаз-шілденің тұрады ол,
Самалымен тыныстап.
Ақ жаңбырда тұрады ол,
Тұла бойын тік ұстап.

Табанынан сыз өтіп,
Жотасын күн қақтайды.
Сонда да өзін құтетін,
Жасыл қалпын сақтайды.

...Басынды имей ешкімге,
Қындықпен ұстасып,
Тұған жердің үстінде
Тұрған жақсы-ау тік басып!

Мұсінші

Қайрат ЖҰМАҒАЛИЕВ

Ал, ақылға салындар,
Ой жүгіртіп алындар.
Ойлап көрген адамға
Таста да жан, жалын бар.

Мың құлпырған түсі бар,
Таң қалдырар күші бар.
Тастарға жан бітірер
Кісіде де кісі бар.

Кеудесіне шоқ тұнған,
Ол — жанары өткір жан.
Мұсінші аға тастардың
Тас жүрегін соқтырған.

Ақ Боран

Құланбай КӨПІШЕВ

Қырат та қырат белдердің
Ой-қырын боран шарлайды.
Ышқына тартып дәмдерін
Шапқылаудан талмайды.

Ақ жаулығы алаулап
Көлбендейді етегі.
Буырқанып бар аумақ
Күңгір-күңгір етеді.

Кетіп бара жатқандай
Сілтей тастап асасың.
Жердің шаңын қаққандай,
Ашуын қалай басасың.

Шыбындар

Жақан СМАҚОВ

Қабырғаны жағалап,
Құалаймыз сабалап.
— Шыбындар, нас кірсіндер;
Мұнда неге жүрсіндер?!

Бір қап кір бар аяқта,
Жабысасың аяққа.
Қонасындар етке де,
Танау менен бетке де.

Үзындармай кетіндер,
Терезе ашық, өтіндер.
Кір аяқ, нас шыбындар,
Өлмей тұрып, шығындар!

Мысығым

Нагима АРЫНОВА

Тікірейіп құлағы,
Менен бұрын тұрады.
Бойын жазып керіліп,
Беті-қолын жуады.

Қасымнан бір қалмайды,
Көзін қысып алдайды.
Ойнатсам да күнімен,
Ойыны бір қанбайды.

Почташы

Ескермес ЕСКЕНДІРОВ

Күні бойы жол жүріп,
Көрген емес болдырып.
Қайтады үйге, алғысты
Қапшығына толтырып.

Күз

Мұқатай ЖЫЛҚЫАЙДАРУЛЫ

Алма, өрікті қамбаларға
Толтырды әкеп алтын күз.
Шәкірт болып парталарға
Отырды кеп алтын күз.

Бұл болып та Алатауга
Байланыпты алтын күз.
Дастарханда таба нанға
Айналыпты алтын күз.

Бөкеннің лағы

Бөкеннің лағы,
Көреген қырағы.
Елеңдеп құлағы,
Еліріп түрады.

Көжек

Қоянның көжегі
Сыбырды сезеді.
Өскен соң ол дағы
Көп жерді кезеді.

Мұғалім апай

Ақшатап БАҚТЫГЕРЕЕВА

— Көп ойлап отырма,
Ауылға қадірлі
Кім, атын атай ғой?
— Әліппе оқуға
Үйреткен әр күні.
Мұғалім апай ғой.
— Анаңдай аяулы
Мәпелеп өсірген,
Кім, атын атай ғой?
— Үйретіп санауды,
Жаңылсам, кешірген,
Мұғалім апай ғой.

Ақ қораз

Ақ қораз-ау, ақ қораз,
Сауысқандай сақ қораз!
Таң атқанда шақыр да,
Тауықтарды бақ, қораз!

Шие

Шие-шие, шие еді,
Басын шие иеді.
Қызыл моншақ сияқты
Құлпыртады гүл бақты.

Су

Тұрсын ЕЛЕУСІЗҰЛЫ

Асыр салып баладай,
Зыр жүгіріп ағады.
Ақ сүт берген анадай
Сусындар далаңы.

Шекараши

Женіс ҚАШҚЫНОВ

Құзетіп байтақ түр елін,
Асқардың дара шыңындаі.
Қалқан қып ұстап жүрегін,
Қорғайды қарашығындаі.

Жылауық

Жарасқан ӘБДІРАШЕВ

Ешкі болып бақырдың,
Есек болып ақырдың.
Бірте-бірте қозды «әнің»
Бота болып боздадың.
Демалсаңшы бірауық,
Жылауық-ау, жылауық.

Папанды да жасыттың,
Маманды да жасыттың.
Әбігер қып, әжеңнің
Миын өбден ашыттың.
Демалсаңшы бірауық,
Жылауық-ау, жылауық.

Үрегім

Садық ҚАСИМАНОВ

Құймақ берсем қасықпен,
Шөп еken деп жалмайды.
Сүтті де сол машықпен
Көл еken деп қалмайды.

Биши

Тоқбай ИСАБЕКОВ

Биле, Алмашкан, билеші,
Әжең көріп, жасарсын.
Билей берсең күнде осы,
Шара апаңнан асарсың.

Қапыда кеткен қаламұш

Отыр еді хат жазып,
Жұқпай қойды сиясы.
Көрдіңіз бе, соншалық
Мінезінің қысынын.

Жазығы жоқ қағазды
Түтіп-түтіп жүн қылды.
Қойып қалып қаламды,
Қаламұшын сындырды.



Жазда

Рамазан ТЫШҚАНБАЕВ

Шулы өзенге барайық,
Орын таңдал алайық.
Ақ сазанға ау құрып,
Болат қармақ салайық.

Жүр, балалар, тұрмалық,
Гүл терелік, қыр барып.
Өкінбейік, даланың
Қызығынан құр қалып.

Тамшы

Төленді НҮРМҰХАМЕДОВ

Терезе қағады
Тық-тық:
«Көр,— дейді,— даланы.
Шық-шық!».

Тайлак

Рза ҚУНАҚОВА

Ерке өскен тайлақ,
Екі көзің жайнап,
Кетпе алыс қаңғып,
Қояды апам байлап.

Бұлт

Төленді НҮРМҰХАМЕДОВ

Бұлтқа қайран боламын,
Әппақ жүндей түтілген.
Кейде айырмай қаламын,
Бықсып жанған түтіннен.

Әркеш-әркеш таулардай
Иықтарын сүйескен.
Қолтықтасқан палуандай
Табан тіреп, сірескен.

Қалта

Мыңатай ҚЫСТАУБАЕВ

Асан айтты Үсенге:
— Қалтаң нешеу?
— Екеу, сенікі ше?
— Бесеу.
— Қайтесің оның бәрін?
— Білмейсің бе, жаным,
Жейтін қант, нанды,
Саламын асық, ләңгі.
Сенде екі-ақ бар қалта
Түк сыймайтын тар қалта.

Тұнгі аспан

Асқаржан СӘРСЕКОВ

Терең ойға шомып ай,
Отырғандай асқарда.
Жұлдыздардың көбін-ай,
Жымындайды аспанда.

Жайлай

Балтабай ТӘЖІМБЕТОВ

Жайқалады қыраттар,
Ән салады бұлақтар.

Жағасында тұманың,
Ойнақтайды лақтар.

Дүбірлетіп даланы,
Құлышашақтар шабады.

Мініп асau тананы,
Кеземіз сай-саланы.

Қызғалдақ

Рамазан ТЫШҚАНБАЕВ

Жомарт мынау табиғат,
Өсіргендей бізге арнап,
Қып-қызыл боп жалындал,
Қырға өседі қызғалдақ.

Саяхатта

Саги ЖИЕНБАЕВ

Кеттік ұзап ауылдан,
Өттік асу-белдерден,
Сескенбедік жауыннан,
Сескенбедік желден де.

Жасыл орман айнала,
Жапырағы түспеген.
Таң алдында сайраған
Бірге ояндық құспенен.

Таң нұрына боялып,
Тұрса терек алдында,
Жас гүлдерге оранып,
Жата берсең шалғында!

Жүре берсең құмартып,
Көре берсең әлі де,
Көгілдір көл... мұнартып,
Таулар жатар әріде.

Аққу, қаздай тізіліп,
Қыдырсаң да қыратта...
Туған дала қызығы
Таусылар ма бірақ та...



Бақытты бол бөбөгім

Мәриям ХАКІМЖАНОВА

Таза ауасы даланың
Салтанаты қаланың.
Әлдилейді, тербетіп
Жас журегін баланың.
Естіп жарқын құлқісін,
Мәз-мәйрам бол қаламын.

Тал, қарағай көк өрім,
Айдын көлің, өзенің,
Қар жамылған асқар тау,
Байтақ дала — өз елің.
Дархан елдің еркесі,
Бақытты бол, бөбөгім!

Ұшқыш

Ескен ЕЛУБАЕВ

Төбеден шаншылып, бәріңе
Ән салып береді бозторғай.
Одан да жоғары, әріде,
Ұшады тырналар жестаңдай.

Бұл тұр биқте түнеріп,
Қабағы тұксиген, қап-қара.
Сол маңнан тоқтаусыз жүр өріп,
Жаңбыр да, бұршақ та, ақ қар да.

Одан да жоғары, биқте,
Ақ шаңқан самолет ұшып жүр.
Ішінде ұшқыш бар білікті,
Ол да бір, қанатты құсың бір.

Көгілдір кеңістік айналаң,
Сүйеді ол әрқашан биқті.
Өмірін ерлікке арнаған
Ұшқышқа кең аспан сүйікті.

Тенізші

Қастек БАЯНБАЕВ

Жерге оның табаны
Айлар бойы тимейді.
Көрген кезде жағаны,
Қуаныштан билейді.

Білмейді ол қорқуды,
Мұхит кешіп жүреді.
Асау тайдай толқынды
Ауыздықтап мінеді.

Ол өтінде жел, күннің
Қайыспастан желпінді.
Теңізшілер толқынның
Шабандозы секілді.

Көжек

Рамазан ТЫШҚАНБАЕВ

Көжегім-ау, көжегім,
Әппақ мамық бөегім.
Айтшы, әкеліп берейін,
Келіп отыр не жегің?

Неге өзінді тежейсін?
Шай ішемін демейсің.
Таңдал әкеп берсем де,
Қант-кәмпитеті жемейсің.

Көжегім-ау, айтшы сен,
Не деймін бұл ісінді,
Ауырар деп тәттіден
Аяйсың ба тісінді?



«Құсама»

Өтебай ТҮРМАНЖАНОВ

Ертеде бір жұт болып,
Ел көшे алмай қалыпты...
Бір шал елге құт болып,
Асырапты халықты.

Ашылмапты ел қабағы,
Аштық мендеп аймақты.
Бір ауылдың қазаны
Мерген келсе қайнапты.

Жалғыз жүріп жапанда,
Аралапты жан-жақты.
Пана тұтып далада,
Мерген танды қарсы апты.

Қақпан құрып, тұзақ сап,
Көп қызыққа батыпты.
Тұзағында тыптырлап,
Түрлі құстар жатыпты.

Атуға құс көп еді,
Жетпей қалды қысқа күн.
Әр балаға береді
Атып алған құстарын.

Бала біткен қуана,
«Құсаталап» бұл шалды,

Бір-бір құстан сыбаға
Үлестіріп сый алды.

Елдегі жас баланы
Өсер үрпақ санапты.
Бала туған ананы
Ханшайымға балапты.

Бала саны кемімей,
Барған сайын артыпты.
Ашықпапты еш кедей,
Баладан жеп сарқытты.

Гүл өсіріп мәпелеп,
Бақ өсіріп шарбақты,
Сырттап жүру қате деп,
Баланы шал қорғапты.

Балаларды ертіп ап,
Талай аңға шығыпты.
Құс ұстатып, тұзақ сап,
Көрсетіпті қызықты.

Жұзге жасы жеткенше,
Аңшылығын қоймапты.
Өзі өмірден өткенше,
Балалармен ойнапты.



Гүл

Тілеугазы БЕЙСЕМБЕКОВ

Өзім еккен былтырғы
Ауламызда гүл тұрды.
Мен күн сайын суардым,
Ол күн сайын құлпырды.

Қайтқанда да ойыннан,
Гүл кетпеді ойымнан.
Тез өсті де бойы оның,
Асып кетті бойымнан.

Менің атам еккені

Сабырхан АСАНОВ

Иығында кетпені,
Ел азығы еккені.


Піскен кезде қауыны,
Қарық болар ауылы.


Қарбыздары қазандай,
Қарбыз барда базар бай!

Асқабағы қап-қатты,
Жұзімдері тәп-тәтті.

Помидоры шоқтай-ау,
Пияздары доптай-ау.

Сәбіздері саусақтай,
Қоямыз ба қаусатпай...





Күз

Тұрдышек ДОСАНОВ

Ушырды жапырақты жел екпіні,
Ол, сірә, көрді дейсің елеп кімді.
Жоғалтқан ойыншығын жас баладай,
Мұңайып үй артында терек тұрды.

Санамак

Ермек ӨТЕТИЛЕУОВ

Жиналған соң достары,
Қазтай өзі басқарды,
Қызықты ойын басталды:
Бірі болды бақшашы,
Екінші — егінші,
Үшінші — бақташы,
Төртінші — теңізші.
Бесінші — балташы,
Алтыншысы — аспазшы.
Жетінші — жылқышы,
Сегізінші — сырнайшы,
Тоғызыншы — тігінші,
Оныншысы — орманшы.

Тұбір

Мамытбек ҚАЛДЫБАЕВ

Бау ішінде келе жатып жүгіріп,
Құлап түстім бір тұбірге сүрініп.
Етпетімнен онбай қатты жығылдым,
Ашу қысып, қозғанын-ай жынымның.
Тұра сала жинап алып есімді,
Алмақ болдым тұбіртіктен өшімді.
Сонда тұбір ақыл айтты өзіме:
«Андал бас, — деп, — қарап журіп
көзіңе».

Күнделік

Ескермес ЕСКЕНДІРОВ

Күнделігім, сеніңіз,
Аса қымбат мен үшін.
Ішін ашып көріңіз
Еңбегімнің жемісін.

Қызыл жұлдыз

Мұрат ӘЛИН

Сынға түскен уақытта ел күші,
Мандайына жұлдыз тақты ер кісі.
Тайсалмаған қиян-кескі күресте,
Қызыл жұлдыз — мұратының
белгісі.

Баға

Шынтарас СУЛТАНОВ

Сұрап еді мамасы,
— Қанша алдың, — деп, — есептен?
Қуаныштан баласы
Бес саусағын көрсеткен.

Бақыттың ордасында

Әкім ЖАЙЛАУОВ

Тұған жер тұлеп күнде,
Жасалды ғаламаттар.
Тұні де үқсас күнге,
Самсаған жанады оттар.

Көркіндей кең дуниенің
Фажайып жер осында.
Гүлстан елім менің
Бақыттың ордасында.

Көкше мұз

Сейіл БОРАНБАЕВ

Көл бетінде көкше мұз,
Көкше мұзда қызық көп.
Сырғанаймыз кеште біз,
Айқыш-үйқыш сызып кеп.

Қыза-қыза келгенде,
Құйын болып кетеміз.
Жүйрік деген желден де
Басып озып өтеміз.

Айлы тұн

Базарбай ИСАЕВ

Қайқы қылыш көлдегі,
Көңілімді тербеді.
Алайын деп қол созым,
Толқын — қамал бермеді.

Ай биікке өрледі
Бұл сәтті кім көрмеді?
Қайқы қылыш — алтын Ай,
Сырын айтып бермеді.

Кен дала

Нұрсұлтан ӘЛІМҚҰЛОВ

Алақай-ау, алақай,
Дала қандай кең еді!
Бәрі өзімдей балақай,
Қырдың гүлін тереді.

Жайнап өскен гүліндей,
Ұлымын кең даланың.
Өзім тұған үйімдей,
Аунап-қунап аламын.

Балақан

Момын ӘШІРБЕКОВ

Бала, бала баласың,
Айтқан тілді аласың,
Жалқау болсаң, қаласың
Көрмей өнер қарасын.

Ал, балақан, алға үмтыйл,
Ата салты — бар ғұрпың.
Шырқап шықсаң биікке.
Разы болар ел-жүртүң.

Бесік жыры

(Халық өлеңі)

Әлди, бөпем, ақ бөпем,
Ақ бесікте жат, бөпем.
Жілік шағып берейін,
Майын жесең, тоясың,
Жылауыңды қоясың.
Әлди, бөпем, қалқам-ай,
Табақ толы талқан-ай,
Жейін десе тісі жоқ,
Ештеңемен ісі жоқ...

Қыста

Оразбай БАЙБАҚОВ

Ойшыл орман сілкінді,
Жібергенде жел ырғап.
Мұз астында бұлқынды,
Күміс өзен сылдырлап.

Файып болды тұнгі ызғар,
Ай да батты ақ мандай.
Күн көзінен жұлдыздар
Балқып бара жатқандай.

Сырғыма

Шәміл МУХАМЕДЖАНОВ

Жүгіріп жаяу борасын,
Сары аяз беттен өбеді.
Қалқып тұрсаң, тоңасың,
Мұздатып ызғар денені.

Тоңғысы келер кім қызбай,
Тұрмайсың мұзға құр қарап.
Зымырап аққан жұлдыздай,
Жөнейсің кенет сырғанап.

Қызынып демің бу атып,
Қайтасың үйге зулатып.

Көз

Мұбәрәк ЖАМАНБАЛИНОВ

Бір көз қақса кірпігін,
Екінші де қағады.
Екеуі де күн нұрын
Тең бөлісіп алады.

Шырша

Әдібай ТАБЫЛДИЕВ

Қызық-думан күн келді,
Жасыл шырша тұрленді.
Аяз сүйіп, терледі,
Үйге кірді төрледі.

Сылдырайды моншағы,
Шыршамыздың мол шамы.
Бізben бірге жайдары
Жарқырады, жайнады.

Арайланды шыршамыз,
Айналамыз баршамыз!



Арланның ажалы

Жолдас АҚБЕРДИЕВ

Жапан түзде жылқыға
Бір аш қасқыр кез келді.
Бастады ол, жұлқына,
Төтесінен сөзді енді:
— Мен сені жеймін!
Ал, енді, жылқым,
Өлер алдында айтатын
Арызың бар шығар мүмкін.
— Ой, тәйір-ай, Қасеке!
Не айтсаңыз да, көндік қой.
Жапан түзде кез болып,
Ажалдан бұрын өлдік қой.
Қарсы келер шама жоқ,
Сізде қару — азу бар.
Айтатын тек арызым:
Артқы тұяғымда жазу бар,
Өсиеті еді бабамың,
Сонымды бір көрсөніз,
Дауыстап, оқып берсөніз.
Содан кейін мейіліңіз,
Өлтірсөніз де арман жоқ...
Байыбына бұл сөздің
Ойланбады арлан көп.
Үңіле бере, тұмсыққа
Тұяқ келіп сарт етті.
Қасекең қаңқ етті.
Жалп етті.

Төрт жұмбак

Фали ОРМАНОВ

1

Мойны иілген ағаштай,
Қарны үрлеген шанаштай.
Қөтергені қос діңгек.
Шіренгендей өстім деп.
Бойы биік дерендей,
Қайдағыны көрердей.

2

Тұғі жылтыр құндыздай,
Төбелдері жұлдыздай.
Шашақтары төгілген,
Тұсі түрлі көрінген.
Жел секілді желісі —
Емес пе еken жер құсы?

3

Алдыңғы жағы ашалы,
Арт жағында шашағы.
Омырауы алқалы,
Бейне балық арқалы.
Баурындағы күбісі —
Немененің ыдысы?

4

Кигені ылғи тон, ішік,
Киімдері тым ыстық.
Қөтеріп жүр торқаны,
Көрінгеннен қорқады.
Құлақтары қалқиған,
Бұл немене маңқиған?

Жұмбағымды тапқанға,
Сыйлығым сай, өрине.
Тіздіремін арқанға
Жылқы, сиыр, қой, түйе.

Кемпірқосақ

Нұрлан ОРАЗАЛИН

Терек, талды сілкілеп,
Жауды жаңбыр сіркіреп.
Мамыр бұлттар көшті де,
Қалды қырлар бір түлеп.

Серпігендей тұндігін,
Бұлт ішінен құлді күн.
Кемпірқосақ аспанға
Қойды қолмен мың гүлін.

Тұр-тұсіне қарасаң,
Әжем жайған алаша.
Жолақтары жап-жасыл,
Желбірейді жалауша.

Құлгін, қызыл, сап-сары,
Иіп келіп доғасын.
Қоршап алса бақшаны,
Сен қызыға шоласың.

Жақсы екен

Хасенхан ТАЛГАРОВ

Еркелік етсең, кешірген
Анаңың бары жақсы екен!
Қалқан қып қорғар төсімен
Ағаңың бары жақсы екен!

Бір көрсен, мәз боп қалатын
Бауырдың бары жақсы екен!
Сағынсаң, іздең табатын
Ауылдың бары жақсы екен

Ашқарап пен сасқапақ

Мүкісхан ЗАИТОВ

Сұт құйып алдым да,
Аулаға бардым да.
Таласпай ішер деп,
Қойып ем алдына.

Шар етті мысығым,
Шәу етті күшігім.
Әдепті ұмытты,
Үлкен кім, кіші кім?

Таласа бас салды,
Ақтарып тастады.
Домалап кетті де,
Ыдысы бос қалды.

Аш көздер ашқарақ,
Шыдамсыз сасқалақ.
Қызғаншақ іші тар,
Бөрінен бос қалар.

Анама

Рза ҚУНАҚОВА

Сен менің астанамсың,
Құнанам, күлемін мен.
Саялар баспанамсың,
Жылтатын жүрегіңмен.

Суреттей салынбаған,
Сенің бар қасиетің.
Сен — құнсің жалындаған,
Тіршілік бас иетін.

Отан

Бақтыбек ҚОЗЫКЕЕВ

Отан — халық жүрегі,
Әр кеудеде тұр ұрып.
Анаң болып қүледі,
Келе жатсаң жүгіріп.

Әлдилейді өлпештеп,
Жеткеніңше мұратқа.
Бесік жырдай қалды есте
Отан үні құлакта.

Күміс қар

Әли ЫСҚАБАЕВ

Қырларды жапты күміс қар,
Далада жаңа тыныс бар.
Бұталар жалт-жұлт етеді
Кәдімгі бейне хрусталь.

Шырша

Қоныс ИСКЕНДІРОВ

Құстар қайтты, күз келгенін
ұқтырып,
Құн сұытты шалғындарға шық
тұрып.
Жапырағы сарғаймайды
шыршаның,
Айтсандаршы, бұл не деген
мықтылық!

Дәптер

Нұрхан ЖАНАЕВ

Әліппе сенің сырласың
Әліппе досың болады.
Әріптердің шұғыласы
Дәптеріңе қонады.

Айтқан сөзін құпта да,
Ұстазыңды құрметте.
Дәптерінді күт, бала,
Дәптерінді кірлетпе!

Қыс

Ізтай МӘМБЕТОВ

Жаңа айлардың жаңа қары
Жапалақтап жауады.
Жайлы бір леп таралады,
Жаңғыртады ауаны.

Үйқыдағы баладайын,
Баладайын пек жүрек,
Үйып қапты қырда қайың,
Киім киіп ақ жібек.

Әлди, әлди!

Совет ӘЛІМҚҰЛОВ

Әлди, әлди, бөпешім,
Ән сап берем, келе ғой.
Жыламашы, көкешім,
Жұбатқанға көне ғой.

Үйқың келсе, бөлейін,
Тербетейін есікке.
Қаз-қаз басшы, көрейін,
Барып келші есікке.

Солдат

Сырбай МӘУЛЕНОВ

Қанды майдан басты бұлты
Кеудесінен тас құздардың.
Жұздерінен қашты күлкі
Жұлдызы көзді жас қыздардың.

Күнбатысқа көзін тігіп,
Жаудырады күншығыс жақ,
Соғысқа Жер өзі кіріп,
Жүрді қолға мылтық үстап.

Кірмей үрыс алаңына,
Тұра алмады көк тыныстал,

Оқ жаудырып жоғарыдан
Шашты жауға отты уыстал.

Ешқандай күш ала алмады,
Тізе қосты Жер менен Көк,
Жалп етті де жалаулары,
Өртенді жау шерменде бол.

Аспан сақтап отты күнін,
Жер тыныштығын қалды қорғап.
Жердің гүлін, көктің нұрын
Еншісіне алды солдат.

Айгүл

Балтабай ТӘЖІМБЕТОВ

Әжесі айтты: — «Айгұлім
Төртке толды дәл бүгін».
Тұған күнін құттықта,
Сыйға тарттық тау гүлін.

— Нешедесің, шырағым? —
Деп таңертең сұрадым.
Деді ол: — «Кеше төртте едім,
Бүгін бескे шығамын!».

Атама тау ұқсайды

Қобыланды КӨРЕГЕНОВ

Жамылдып ақ шапанын,
Карт Алатау қарайды.
Қалың қаба сақалын
Самал сипап тарайды.

Күмбезденіп төбеден
Төңген бұлтты құшады.
Ауыр жүкті көтерген
Атама тау ұсады.



Топ, топ, добым

Фаббас ӨКЕЕВ

Топ, топ, добым домалақ,
Қайда кеттің домалап?

Бір, екі,— деп, екі ұрдым,—
Шатырға сен секірдің.

Үш, төрт, бес,— деп
Ұлгердім,—
Ішіне ендің гүлдердің.

Алты, жеті,— дегенде,
Жаттың шоршып еденде.

Сегіз, тоғыз, он,— дедім,
Сайға сырғып жөнелдің.

Топ, топ, добым домалақ,
Қайда кеттің домалап?

Боран

Қайыргазы ИСАЛИН

Бұрқыратып ақ көбігін,
Бура боран ақырды.
Жалпақ қырдың таптап белін,
Қарды үйіріп сапырды.

Ойнақтаған асау тайдай
Шапқылады лепіріп.
Адасқандай жол таба алмай,
Қақты есікті өкіріп.

Ішін тарта ышқынады
Ақ бораны Арқаның.
Қосылып мен, қыстың әнін
Домбырама тартамын.

Аймен танысу

Сәнімкүл ЖЕЛДЕРБАЕВА

Ай жарық,
Әдемі түн еді.
Мен жүрсем,
Ай бірге жүреді.

Жұзіме үңіліп, құледі.
Жүгірсем, жүгірді, қалмады.
Мен жайлап кідірдім,
Айдың да
Алқынып қалар деп жүрегі.

Қомағай көбелек

Жолдас АҚБЕРДИЕВ

— О, шіркін, мына гүл
Не деген шырын! — деп,
Қомағай көбелек,
Қанаты дірілдеп,
Ұшып-қонып, жаны қалмады,
Жайқалған шалғынды шарлады.

Одан шығып гүлге қонды,
Гүлден ұшып, құлге қонды.
Күлден ұшып, нұға жетті,
Сөйтіп жүріп, суға кетті.

Көлде

Қобланды КӨРЕГЕНОВ

Көлге құрдым ауымды,
Елемей ақ жауынды.
Балықты көп өкеліп,
Қарқ қылдым ауылды.

Жау, жау, жаңбыр!

Шәміл МУХАМЕТЖАНОВ

Жау, жау, жаңбыр, селдетіп,
Күткеніміз сен едің.
Жас егін де ержетіп,
Желкілдесін желеғін.

Жау, жау, жаңбыр, тағы да,
Дала, тауға көрік бер.
Менің еккен бағымда
Өссін жұзім, өріктер.

Өтірік конфет

Қанипа БҰҒЫБАЕВА

Алып конфет өжемнен,
Жеп алдым да мен бәрін,
Сыртындағы қағазбен,
Қарындастымды алдадым.
Орап нанды ішіне,
— Мә, конфет! — деп шақырдым.

Жүгірді ол түсінбей,
— Әкел тез, — деп бақырды.

Аяп кетіп қолына,
Бере салдым конфетті.
Ашты да ол: — Тағы да,
Алдадың, — деп жер тепті.

Жаман екен алдаған
Ашық ауыз адамды.
Содан бері ол маған
Сенбейтүғын боп алды!


Елік

Кәрім САУҒАБАЕВ

Қой жайып шағылда,
Қыстаудың маңында
Жүр едік, бір елік
Келді отар жанына.

Бұрылып қарады,
Түрліп қабағы.
Жаудырап жанары,
Жаутандап барады.

Мен оны сыйладым,
Үркітіп қумадым.
Қап-қара көздері! —
Атуға қимадым.



Балапан

Құдайберген ҚАЗЫБЕКОВ

Қанатын қағып талпынып,
Балапан шықты тебінге.
Тауық жүр жерді тарпынып,
Тамағын тауып беруге.

Балапан өсіп келеді,
Тірлікке өзін бейімдеп.
Тырналап жерді тебеді,
Жемінді тауып жейін деп.

Жатады кеште паналап,
Ананың екі қанатын.
Тұмсықпен жүнін тарарап ап,
Күтеді үйқы сағатын!

Ата қуанышы

Дихан ӘБІЛОВ

Балаңдан туған балаңың
Үстіғы сөнбес от шығар,
Үстіғын жисақ ғаламның,
Сондай-ақ ыстық бол шығар.

«Ерсін» деп қойдым атынды,
Ере ғой, ботам, соңымнан!
Еркешім болып ақылды,
Еншінді алшы қолымнан!

Мен шаршап келсем жұмыстан,
Шарқ ұрам сені бір көріп.
Кенелем кенет ырысқа,
Жұзіме өзің нұр беріп.

Балаңдан туған балаңың
Үстіғы сөнбес от шығар,
Үстіғын жисақ ғаламның,
Дәл сондай ыстық жоқ шығар!

Бұршақ жауын

Рза ҚУНАҚОВА

Жүгерідей өппақ,
Ұстап көрсөң қатты-ақ.
Су бол еріп кетеді,
Қойсаң тығып сақтап.
Сатыр-сұтыр етеді,
Шекене тисе өтеді.
Ауызға салсаң лезде
Көмпитетей еріп кетеді.

Күрес

Жәнібек КӘРБОЗИН

Көк майсада екі бала күресіп,
Бірін-бірі жыға алмай жүр
тіресіп.

Жығады деп кішісіне сенбейміз.
Улкеніне: «Жығыла сал сен!» —
дейміз.

Көнбейді ол, өзі қатты тістенген,
«Мықты болса, жықсын,—
дейді, — күшпенен!»

Бұршақ

Асқаржан СӘРСЕКОВ

Өппақ қылып ауланы, бақша-
бауды,
Алақай-ау, алақай, тәтті жауды!
Сорғалай кеп төгіліп, қатты
жауды —
Қуып тықты қораға ақ бұзауды...

Шулайды орман

Әділбек АБАЙДІЛДАНОВ

Ауылдың сырты — көк орман,
Даланың көкшіл ажары.
Жазды күн құсқа толар маң,
Көк орман — құстың базары.

Балалар тартса сырнайды,
Тыңдайды жасыл атырап.
Шулайды орман, шулайды,
Суылдаап желмен жапырақ.

Шулайды орман күн ұзын,
Ақ таңнан толас бар ма онда?!

Тарқатып думан қызығын
Үйкәтайды түнде орман да.

Жаңбыр

Рамазан ТЫШҚАНБАЕВ

Бұлттар,
Тұрмай ауа бер,
Жаңбыр бол да,
Жауа бер.

Жазыққа бар,
Тауға бар.
Бақшага бар,
Бауға бар.
Белес-белес белге бар,
Сусап жатқан шөлге бар.

Әр тамшыңды үлессін,
Шалғын қаулап,
Гүл өссін!

Еңбек

Нұрхан ЖАНАЕВ

Гүл өсірсең, терлең,
Мұның аты — Еңбек.
Кесте тіксең, зерлең,
Мұның аты — Еңбек.
Қырға шықсаң, өрлең,
Мұның аты — Еңбек.
Сабағыңа жөндеп
Әзірленсең — Еңбек.
Қындықтың бәрін
Еңбек қана женбек.

Бұлт

Омархан БӨРІБАСАРОВ

Алатаудан өрі асып,
Сіңіп кетті қай жаққа?!

Бұлт ұқсайды адасып
Боздал жүрген тайлаққа.



Тіл алғыш

Сахан МОЛДАШЕВ

Дүженге өзім барамын,
Үйге ас-су аламын.
Айтады әжем мың алғыс,
Дейді мені: «Тіл алғыш!».



Туған дақа

Ескен ЕЛУБАЕВ

Мезгіл келіп жеткенде
Сыбызығылы, сырнайлы,
Күн мейірін төккенде,
Бозторғайлар жырлайды.

Ақ жаңбырға шомылдып
Туған жердің алабы,
Қызғалдаққа көміліп,
Көздің жауын алады.



Дәуреннің ертегісі

Тұманбай МОЛДАГАЛИЕВ

Бақшасынан кешкісін
Дәурен мәз боп қайтады.
Әке-шешем естісін
Деп, бір ертек айтады.
«Сотқар бала сонымен
Ақылды боп кетіпті.
Құндердің бір күнінде
Мұратына жетіпті.
Ауылына ол ұнап,
Ханның тағын алыпты.
Алып құсқа мініп ап,
Айға да ұшып барыпты.

Айға барып қонақ бол,
Аман-есен қайтыпты.
Көргендерін жолшыбай
Әңгіме ғып айтыпты.
Айда жүріп шамасы
Талай қызық көріпті.
Сағынған соң мамасын
Үйге қайтып келіпті».
Құшады ана тентегін
Көңіл хошы келген соң...
Өзі үйреткен ертегін
Өзіне айтып берген соң!

Бақташымын

(Халық өлеңі)

Түйе бақтым,
Түйме тақтым.
Жылқы бақтым,
Жорғалаттым.
Сиыр бақтым,
Сидаң қақтым.
Қой да бақтым,
Қоңырау тақтым.
Ешкі бақтым,
Еңіреп бақтым.
Тайлақ бақтым,
Тайрандаттым.
Құлын бақтым,
Құраулаттым.
Бұзау бақтым,
Жамырраттым.
Қозы бақтым,
Маңырраттым.
Лақ бақтым,
Жылап бақтым.

Аү

Нұртан ТӨЛЕПБЕРГЕНҰЛЫ


— Кеттім сенен айналып,
Тілің сондай тәтті екен,
Берейін бе айды алыш,
Айта қойшы, ақ бөпем,—
Деп інімді
Жұбытып
Отырдым да,
Өзімнің
Одан сайын жылатып
Алғанымды
Сезіндім:
Таппақ болып көңілін,
Бөссем керек,
Қатырды:
— Айды алыш бер,—
Деп інім,
Асын ішпей,
Бақырды...

Сыйлаймын

Сахан МОЛДАШЕВ

Сыйлаймын әкемді,
Сыйлаймын тәтемді.
Өйткені базардан
Көп кәмпит әперді.

Тыңдаймын әкемді,
Тыңдаймын тәтемді.
Оқы деп, өзімді,
Мектепке әкелді.



Алфавиттың салынышы

Жарасқан ӘБДІРАШЕВ

— Алфавиттің
А тұрады басында.
Әрқашанда
Ә тұрады қасында.
Байқадың ба
Б тұрады үшінші,
Ал, осының
Сыры неде?
Түсінші!
А деген ол —
Аналар ғой ардақты,
Ә деген ол —
Әкелер ғой салмақты.
Б деген ол —
Балалар ғой әдемі,
Біздің елде
Үшеуі де кәделі!
Алшақ кетпей,
Сондықтан да, расында,
Тұрады олар
Алфавиттің басында...

Тұған жер

Қуандық ШАҢҒЫТБАЕВ

Тұған жер, алтын бесігім,
Тербеттің мені төсінде.
Жүреді сенің есімің
Ержеткен кезде есімде.

Жүреді мәңгі есімде
Көкорай далаң, тауларың,
Албыртқан аспан төсінде
Жұлдызызды тұнық таңдарың.

Тұған жер, алтын босағам,
Аттаным сенен қияға.
Апам мен Отан — қос анам
Қондырған мені ұяма.

Тұған жер, алтын мекенім,
Бақыттым сенсің аңсаған.
Мәңгі де бақи өтемін
Қарыздар болып мен саған.

Жауторғай

Көптілеу ЕРЖАНОВ

Суық өтіп дененден,
Түрің құрсын үрпиген.
Үйқы көрмей түнімен,
Көзің құрсын кіртиген.

Сұрқын қара бұрсаңдең,
Қорек іздеп аңсауын,
«Тегін азық терсем», — деп,
Тойдырмақ-ау жемсауын.

Жазда қысты ойласаң,
Жүрер едің жаурамай.
Онда аталған болмас ең,
Жек көрініш-жауторғай?!

Күзде

Ескен ЕЛУБАЕВ

Қайтқан құсты көрдің бе,
Қаптай үшқан әуелеп?
Күткен күзім келдің бе,
Сыңсып бағың мәуелеп?

Қамба толды астыққа,
Алғыс саған, алтын күз!
Бір уыс дән шаштық та,
Арба қауын алдық біз!

Тан

Асқаржан СӘРСЕКОВ

Туған жердің тау-белі
Алтын нұрға бөленді!
Ерке танды сәулелі
Ерте тұрып көр енді!



Милиционер

Адассаң қалада,
Қалмайсың далада,
Мейірімді бар аға.
Жөн айттар балаға.
Ол кім?
Милиционер!

Он саусақ, он башаі

Нұрхан ЖАНАЕВ

Оң қолымда бес саусақ,
Сол қолымда бес саусақ.
Қосып едім екеуін,
Болып шықты он саусақ.

Оң аяқта бес башпай,
Сол аяқта бес башпай,
Қосып едім екеуін,
Болып шықты он башпай.

Он саусақ пен он башпай,
Бәрі таза, бәрі өйәй.
Онға онды қосып ем,
Жиырма болды осымен.

Санадым, мен санадым,
Мен санауга жарадым.

Помидор

Бейсебай КІРІСБАЕВ

Менің атым — помидор,
Сусындар атасынан шөлдесең.
Шырынымның дәмін көр.
Бақша ішіне кел де сен.

Талғат Батыр

Сұлтан ҚАЛИЕВ

Көрші үйге жұрт жиналды,
Шілдехана тойына.
Ат таба алмай қиналды,
Жас бөпеге қоюға.
Атады жұрт бәрін де,
Даурығысып кетті әркім.
Айтқым келіп менің де:
— Талғат болсын, — деп
қалдым.

Батыр Талғат ағаны
Алматыда көргем-ді.
Ашық-жарқын қабағы
Көз алдыма келді енді
Сескенбекен қорғалап,
Жібермеген намысын:
Талқандаған бомбалап,
Жібермеген намысын:
Талқандаған бомбалап,
Құртып талай жау мысын.
Мейірімді кескін-жұз,
Ерге біткен мінезі.
Кеудесінде қос жұлдызыз,
Екі батыр — бір өзі!
Іліп алып сезімді,
— Таптың! — десті ел енді.
Аспанға атып өзімді,
Дүйлдаса жөнелді...

Аяз

Сахан МОЛДАШЕВ

Суретші ме, мұсінші ме — өлде кім?
Бояп кетті тереземнің әйнегін.
Түс кезінде ғайып болды өлгісі,
Бақсам оным — қысқы аяздың белгісі.

Алғашқы қар

Әнварбек ДҮЙСЕНБИЕВ

Күзде иіні жұтаған,
Қыр көмілді ақ қарға.
Майыстырып бұтағын,
Ақ тон киді бақтар да.

Жылғалардан қақ көрдім,
Жатыр шеті шетілмей.
Дала жаңа дәптердің
Жазылмаған бетіндей.

Күзгі көрініс

Асқаржан СӘРСЕКОВ

Күздің салқын самалы
Аймалайды маңдайдан.
Алып қашып барады
Жапырақты сарғайған.

Тыныстаған ыргалып
Бақ-бау қандай, гүл қандай?
Сары қыздар жиналып
Сыбырласып түрғандай...

Тас ғұлпі

Тұрсынзада ЕСІМЖАНОВ

Тұр аспанмен тіресіп,
Суық жартас сіресіп.
Сол жартастың төсінде
Ақ күлгін гүл тұр өсіп.

Қаталдыққа бағынбай
Өскен жастық шағымдай,

Кеудесінде жартастың
Лапылдаған жалындар.

Ұзатып сап таң нұрын
Тамашалап жарығын,
Гүлден мықты бар ма екен
Тасқа жайған тамырын.



Маралдың сұрақтары

Қайрат ЖУМАҒАЛИЕВ

Таңтереңмен ойнайтын,
Ойынға бір тоймайтын
Марал деген баланың
Сұрағы жоқ қоймайтын.

— Жаңбыр қалай түр құйып?
Неге ысиды күн күйіп?
Аспан неге көкпеңбек?
Таулар неге тым биік?

Терек қалай тоңбайды?
Шырша неге солмайды?
Жаздың күні далада,
Калайша қар болмайды? —

Осылайша апасын,
Мамасы мен папасын
Шаршатады. Қарасаң
Бір қызыққа батасың.

— Марал! Мұның ұят тым!
Тұрар бұған шыдап кім?
Кейде, тіпті, сұрайсың:
«Аты кім, — деп, — Мұраттың?»

«Бес» алдыым

— Кәкен, — деді папасы, —
Сабағынан не алдың?
Күнделікті көрсетіп,
— Міне, — деді, — «бес» алдыым.

— Мынау тұрған «үш» делік,
— Ал мынауың «екілік»,
«Бес алдыым» деп бүгін сен,
Неге айтасың өтірік?!

Біздің мысық

Қайрат ЖУМАҒАЛИЕВ

Бір басуға ерініп,
Әзір-әзір ілбиді.
Күншуақта керіліп,
Күнұзаққа мұлгиді.

Қонған шыбын-шіркейді
Қағады ол мұртымен.
Үркітеді кей-кейде
Құлағының сыртымен.

Жатады ылғи пырылдап
Ұйқысы оның бір қанбай.
Кеудесінде дырылдап
Мотор жүріп тұрғандай!

Ақ мамам

Фариза ОҢҒАРСЫНОВА

Ылғи мені жақтаған,
Бетімнен бір қақпаған.
Жаманыма құрсініп,
Жақсы ісімді мақтаған.

Менсіз таңы атпаған,
Мен деп тыным таппаған.
Жүрсем оның жанында,
Күлімдеймін шаттанам.

Ол өзімнің ақ мамам,
Ақ мамам деп, мақтанам.

Жаңа жыл

Хамит ЕРГАЛИЕВ

Жаңа жыл! Жаңа жыл!
Не әкелдің сен бізге?
Бау-бақшаң толған гүл,
Төлдерің семіз бе?

Бауырсақ, балмұздак,
Концертке... молсың ба?
Бізді алға барғызбақ,
Сен жаңа жылсың ба?

Жаңадан көп түрлі
Машина бергейсің,
Жаңадан көк сырлы
Үйлерге кіргейсің.

Жаңа жыл! Жаңа жыл!
Жаңалық ізде сен!
Жаңа өн, жаңа жыр
Жазып бер бізге сен!



Ағайшаның әжесі

Нұрсұлтан ӘЛІМҚҰЛОВ

Инесінің қарт әже
Көзін таппай түр әлі.
— Сабақтап бер маған! — деп,
Ағайшадан сұрады.

Қиқарланып соншама,
Деді сонда Ағайша;
— Көзің төртеу болса да,
Көрмей тұрсың қалайша?!

Ақша бұлттар

Әбдіраш ЖӘМІШЕВ

Қараңдар көне тәбеле,
Қараңдар ақша бұлттарға.
Айдында жүзген кеме ме,
Ақ желкен тартып шықкан ба?!

Түйелі көштен айнымай,
Жөңкіді бәрі тізіліп.
Бөлініп анау нар былай,
Бүйдасы жатыр үзіліп.

Көкектің жылы желі кеп,
Тартыншақтарын айдайды.
Біріне бірі желілеп,
Қосақтап қайта жалғайды.

Көк аспан — көгал даладай,
Келеді қектем керуені.
Ойынға шыққан баладай,
Басталды бұлттар серуені...

Тұған елдің қектемі

Ізтай МӘМБЕТОВ

Туды қектем!
Шұлы қектем
Кең даланы оятты.
Күн қызының құйды қектен,
Сен бұзылды, су ақты.

Жас қарағай
Жас баладай
Қаз тұрды да, бойлайды.
Тауды аралай, тасты аралай,
Жүгіріп жел, ойнады.

Маржан жаңбыр
Жауды да бір,
Кемпірқосақ керілді.
Жарқ етті де, аунады қыр,
Ырзық дәні себілді.

Жайқалған бел,
Шайқалған көл,
Жарқыраған қекте күн...
Қандай өсем, о туған ел,
Сенің осы қектемің!

Кірпі

Сапарбек СӘРСЕНОВ

Өзен жақтан ініммен,
Келе жатсам бір күні.
Қалың шидің түбінен
Көзім шалды кірпіні.

Үсті ине тізілген,
Қолмен ұстап болмайды.
Сабагынан үзілген
Ошағаннан аумайды.

Балапан

Меңдекеш САТЫБАЛДИЕВ

Үясында шиқылдайды
Сары үрпек балапандар.
Ал енесі қиқулайды —
Жақындаса балақандар.

Ал Оспанның шөжелермен
Ойнағысы келеді екен.
Бұл ойынын ерсі көрген,
Атасы ақыл береді екен:

— Эй, мың болғыр, баласың сен,
Құс та адамға бауыр сынды.
Қой, ауыртып аласың сен
Қызылشاқа қауырсынды...



Жұмбактар

Нұрдәүлет БАЙСЕРКЕЕВ

Жас кезінде қара орман,
Жыл озған сайын ағарған.

(Шаш)

Орақ құйрық, тарақ бас,
Көп үйқыны жаратпас.

(Әтемш)

Ана беттен бір үрды,
Мына беттен бір үрды
Апам үра берген соң,
Әппақ тозаң құйылды.

(Елгезер)

Көтерді әке баласын:
Деді: «Сәнім, көркім!»
Киіп алды баласы
Әкесінің беркін.

(Кереге, уық, шаңырақ)

Күні бойы сен оны,
Екі аяқтап басасың.
Жатар кезде өзіңнен
Аулақтатып қашасың.

(Аяқ киім)

Орман

Дихан ӘБИЛЕВ

Көк бояқ орман
Бұтақтарына әнші құстар
қонған,—
Қарасаң оған,
Оңнан, солдан
Түстіктен, шығыстан —
Алыс жолдан:
Көгілдір аспан сияқты
Мұлгіп тұрған,—
Көктемде жерден бу
алған.
Бу алып, нүр боп қуанған!!
Кейде сол,
Көк бояқ орман
Бұтақтарына әнші құстар
қонған
Көкшіл теңіз сияқты кешкі
жатқан
Ыргалады зордан,
Бесіктей тербеткен
қолдан!
Сипар ма ем маңдайын
алақаныммен
Оңнан, солдан!
Солдан, оңнан!

Бұршақ

Несілбек АЙТОВ

Тәбемізден төнеді,
Тәбемізден төгеді.
Табиғаттың маржаны
Тіпті неткен көп еді!

Табанымды жарагалап,
Тердім жарды жағалап.
Тізер едім моншақ қып,
Еритіні жаман-ақ!

Бақылаушы

Жәнібек КӘРБОЗИН

Жетекші айтты:
— Қарақтар,
Тәртібіміз онбады.
Кешегі күн сабакта
Тәрт-бес бала болмады.
Үлгірмейді және олар...
Осылары жөн бе енді?!

Айтындаршы, балалар,
Олар неге келмеди?
Тәмпіш тұрып орнынан:
— Мен білемін, мен! — деді...
— Мен сабакқа бұлардың
Бармайтынын білгемін.
Көргем Әсет, Ұланның
Конъки теуіп жүргенін!
Қайрат пенен Қалидың
Асық ойнап жатқанын...
— Ал, өзің ше?
— Өзім бе...?
Өзім тойға апаммен
Кетіп бара жатқанмын...

Сағатбек

Демалыста шапқылап,
Атасына барыпты.
Атасынан көп сұрап,
Бес балапан алышты.

Тоңады деп, әр күні
Бөлмесіне тығыпты.
Өскен кезде барлығы
Қораз болып шығыпты.

Көршілерге соғып жүр:
— Тауық көп! — деп Сағатбек.
Қораздарды бағып жүр:
— Көп жұмыртқа табад! — деп.

Жауын

Төленді НУРМУХАМЕДОВ

Қызыл отты қамшысы
Көкке жарқыл шашады,
Еркебұлан тамшысы
Домаланып қашады.

Жаңбыр жауып өтеді:
Қуанады сарғалдақ.
Дала жайнап кетеді,
Бір шомылып алғанда-ақ!

Жаңбыр

Теңізбай РАХЫМЖАНОВ

Дүрілдеп кетті ен дала
Жосыла жылқы шапқандай.
Жүгіріп келіп бір бала
Терезені қаққандай.

Жұмекен: — Бұл шақырган
Кім, — деп, — не қып жүр екен?
Тысқа шықса, шатырдан
Сорғалап тамшы түр екен.

Құн туралы хикая

Құдаш МҮҚАШЕВ

Хан өш екен көктемге,
Араз екен гүлмен де.
Бұл ыдырап кеткенде,
Шошыныпты Құннен де.

Бәрін қуды жақсының,
Сол сұмырай тақтағы.
Дүниені басты мұн,
Жұрт жүрер жол таппады.

Әстіп халық сасқанда,
Ол қарқылдап құлді де,
Қолын созды аспанға,
Сөндірмек боп Құнді де.

Жинап бойға ол кәрін,
Бір сұмдықты бастапты.
Ал құн оның қолдарын
Бырыстырып тастапты.

Құнге жасар күш-қайрат
Неғылса да таппапты.
Амалсыздан тіс қайрап,
Алқынып кеп тоқтапты.
Сосын басын қосты кеп,

Жинап нөкер, достарын.
Талқылапты тас түнек
Түн жасаудың жоспарын.

Сонда бірі: «Қалай да,
Құннің қызын сөнбегі.
Онан да сол маңайға
Қақпан құрған жөн», — деді.

Бірі: «Еркін жүргенде,—
Деді, — ұстаймыз қалай біз?
Тек ұяға кіргенде,
Андып тұрып, қамаймыз».

Кесіп айтты бір нөкер:
«Уақытты алып жоқпенен
Айтысқанша құр бекер,
Атайық, — деп, — оқпенен.

Басқа амал қалмады,
Сеніңіздер сөзіме.
Жұз оқ тисе болғаны,
Құлайды құн өзі де».
Тілдер жортып құр аттай,
Түрлі пікір айтады.

Бірақ бірін ұнатпай,
Патша басын шайқады.

«Күнге жүрмес зорлығын,
Онан да бар қиыргды.
Бүркеу үшін барлығын,
Бұлт боп ұш!» — деп, бұйырды.

Әмірі екі болған ба,
Олар тосып жатпапты.
Күн ұяға қонғанда,
Бұлт боп көкті қаптапты.

Кірпіктерді күн тырнаң,
Тұнек қылды бар қолды.
Жердің беті күн тұрмак,
Жұлдыздарға зар болды.

Жерге жаншып қара тұн,
Жанды жесе зарлы мұң,
Жан айызы қанатын
Тақта отырған залымның.

Кетер ме еді шел көзде,
Жем боп халық сүмға құр?
Тумаса егер сол көзде
Шындық атты бір батыр.

Тоқсан ғасыр жол қатып,
Тоқсан ғасыр көтеріп.
Тоқсан ғасыр толғатып,
Кеудесінен от өріп.

Әлдилепті соны ана,
Үйқы көрмей тербетіп.
Шыққан сүйтіп далаға,
Шындық батыр ержетіп.

Тас қараңғы болса да,
Бәрін анық барлапты ол.

Сонан кейін қаншама
Қыын жолды шарлапты ол.

Бұлтта жатыр алып Күн,
Аршу керек. Соны ұқты.
Сөйтіп қана халықтың
Көзін ашпақ болыпты.

Жайсаң өмір, нұрлы күн
Жайсын десең қанатын,
Сақтау керек бірлігін
Халық, Шындық және Күн.

Осы ойменен кірісті,
Тұрді-дағы білекті.
Қап-қараңғы қырысты
Ары-бері ірепті.

Зұлымдықты жазалай,
Жұмсап ақыл, қуатын.
Ойнатты бір наизағай,
Жарқ етсін деп шұғыла Күн!

Тұрды адамдар елжіреп,
Серпілді деп сүмдүқ тұн.
Бір қызыл от желбіреп,
Қолында тұр Шындықтың.

Тінтіп жүріп жер-көкті
Бостандықты босатты.
Іздеп тауып Еңбекті,
Жақсылықты жасапты.

Бастай берді халықты
Шындық батыр ер іске.
Содан дәстүр болыпты
Жету ыңғай жеңіске!



Шие тергенде

Рамазан ТЫШҚАНБАЕВ

Тауға бардым, шие тердім,
Ар жағынан Қекбелдің.
Шелегіме үйе бердім,
Мөлдіретіп көп тердім.

Тұн асырған қымыздайын,
Дәмі қандай шіркіннің...
Кім біліпті мұның жайын,
Жей бердім де, іркілдім.

Тұйнеді ішім...
Көрінгеннің
Бәрін шие деппін ғой.
Шие болмай тергендерім,
Тауыққөзді жеппін ғой.

Суретші боламын

Қанипа БҰҒЫБАЕВА

Суртеші болам өскенде,
Саламын туған даламды.
Қызартып батқан кештерді,
Жұмыстан қайтқан анамды.
Бояуын құям аспанның
Басына биік асқардың.
Суретін салам сағынсам,
Бірге оқыған достардың.

Екі аға

Нұсінбек ИСАХМЕТОВ

Ағам Жүсіп, Сырымды
Құрметтеймін үйде мен.
Қалай жүріп-тұруды
Екеуінен үйренем.

Сырым оқып береді
«Балдырганнан» жырларды.
Жүсіп алыш келеді
«Мурзилкадай» журналды.

Қайталаймын ауызша,
Бәрін айтып берем мен.
Қазақша да орысша
Жаттап алдым көп өлең.

Маңғышлак

Фариза ОҢГАРСЫНОВА

Құрыш-болат білекпен,
Шөл далаға гүл еккен.
Қалаларды самсатып,
Жапандарды тұлеткен —
Ағаларым көп мұнда.

Кешегі елсіз жатқан маң
Аты аңыз бол жатталған.
Жер астының мұнайын
Теніз қылыш ақтарған
Апаларым көп мұнда.

Әже

Нұсінбек ИСАХМЕТОВ

Жезқазған

Кәкімбек САЛЫҚОВ

Бірінен-бірі бөлек алаланбай,
Сыпайы, көпшіл жандай
дараланбай.

Жез, күміс, алтын, мырыш бір
жатады
Кәдімгі тату өскен балалардай.

Асыл тас жерден жеңіл
терілмейді,
Табиғат күші қайтпай, берілмейді.
Забойда тасты тіліп, тауды тескен,
Ер кенші еңбек десе ерінбейді.

Табиғат, Жер, Адамға жүгінеді,
Дүлей тас ұнтақталып, үгіледі.
Шахтадан шыға салып завод
жаққа,
Вагонға мініп алыш жүгіреді.

Әжем менің өлі де,
Үқсамайды көріге.
Шай қайнатып береді,
Біздің үйдің бәріне.

Базарға өзі барады,
Бәрін сатып алады.
Суды Сырым өкелсе,
Жүсіп отын жарады.

Жұмсаиды әжем мені де,
Тауыққа жем беруге.
Ауырады кей кездे
Аяғы да, белі де.

Біз дәрісін табамыз,
Беліне өкеп жағамыз.
Әжемізді өзіміз
Демде емдеп аламыз.

Тауда

Аян НЫСАНАЛИН

Апарды атам бір күні,
Жылқышылар аулына.
Тау үстінде бұлт жүрді,
Айналып ақ жауынға.

Біраздан соң басылды,
Тау жаңбыры шегініп,
Күн сандығы ашылды,
Кемпірқосақ керіліп.

«Балдырган»

Әзіrbайжан ҚОНАРБАЕВ

Жас көңілдің қуанышы—
«Балдырган»,
Балбебектің арайы мен ажары.
Көкіректі нұр сәулеге малдырган,
Әр бетінде—балалы үйдің базары.

Бала тайлак

Оспанхан ӘУБӘКІРОВ

Бір тайлақ шауып келді
алақайладап,
— Не болды? — деп сұрады аға
тайлақ.
— Біз бүгін тікен жедік
талапайладап! — деп мәз болып,
билеп жүр бала тайлак.

Төлді қалай шакырады

(Халық өлеңі)

Кой баласы — қоңырым,
Ұя бұзбас момыным.
Шопан ата түлегі —
Қошақаным, қайдасың?
Пұшайт, пұшайт.

Жұнін жұлса бақырган,
Ешкі атасын шакырган,
Өрісте өскен жануар —
Шөкетайым, қайдасың?
Шере, шере.

Жолға шықсам көлігім,
Жапанда жүрсем серігім,
Қамбар ата өсірген
Құла атым менің, қайдасың?
Құрай, құрай!

Біздің ауыл

Күнтөре БАЙЗАҚОВ

Әуелетіп күнбе-күн
Ағаларым үй салды.
Ақ шағала үйлердің
Төбелерін күн шалды.

Тұрган өсем үйлерді
Халық мақтан етеді.
Келген қонақ әр жерден
Тамашалап кетеді.

Бір үзім наң

Бекен ӘБДІРАЗАҚОВ

Тындырғандай зор істі,
Шыға салып мектептен,
Нанды соқтық жол үсті,
Жата қалып етпеттен.
Бір уақытта Тойғанбай:
— Тойдым, қойдым,—
деді де,
Жарты нанды ойланбай,
Тастай салды, еріне.
— Обал ғой наң,— деп
едім,
Әжем сөзін еске алып.
— Жетпей тұрса жегенің,
Жеп қой,— деді,—
месқарын!
Не болғанын білмедім.
Қона кеттім үстіне.
Өзін біраз жұнделім,
Қайдан алдым күшті мен?!
Ентігімді басқанда:
— Көтер,— дедім,—
наныңды!
Қыын екен, сасқанда:
— Енді үрма!— деп
жалынды.
Әжем:
— Нанды қорлаған,
Барып тұрған оңбаған!—
Деген сөзі есімде,
Күш берген де сол маған.

Жок...

Тоқаш БЕРДИЯРОВ

Бақытжанның папасы—
Ерте тұрды Мұбәрек.
Таба алмай жүр етігін,
Қайда кеткен? Бұл не гәп?..

Бақытжанның мамасы—
Ерте тұрды Гұлия.
Таба алмай жүр кебісін,
Көзден үшты зым-зия.

Бақытжан да оянды
Желкілдетіп тұлымын.
Бәтеңке жок. Бұ несі?..
Айтындаршы, ұры кім?

Үшеуі де киетін
Аяқ киім тегіс жок.
Талдап-талдап айтқанда,—
Бәтеңке,
Етік,
Кебіс жок!

«Қайдан келген ұры?» — деп,
Бірі үйде, бірі түзде жүр.
Папасы да іздеп жүр,
Мамасы да іздеп жүр.

«Ұры» дағы табылды,
Жастық етіп, е-е, тіпті...
Ақ күшік жатыр жастанып,
Бәтеңке,
Кебіс,
Етікті!

Жұмбақтар

Қастек БАЯНБАЕВ

Шындары шырқау

Көшіп жүр бір тау.

(Түйе)

Бес балада бір бешпет,
Бір киініп, бір шешпек.

(Колғап)

Алты ай қыс, алты ай жаз,

Сандығымда сары аяз.

(Тоңазытқыш)

Көкте жастық сөгілді,
Әппақ мамық төгілді.

(Қар)

Бұйырмапты бас та, ауыз да, құлақ та,
Бақырайған үш көзі бар бірақ та.

(Светофор)

Оң жағымда бес сарбаз,
Сол жағымда бес сарбаз.

(Он саусақ)

Жазда тынығады,

Қыста зымырайды.

(Шана)

Киіз үй

Қастек БАЯНБАЕВ

Менің атам жайлауға

Малын айдал шығыпты.

Көк шалғынды қойнауға

Киіз үйін тігіпті.

Атам үйі аулақтан

Көңілімді аулайды.

Ауып келген тау жақтан

Әппақ бұлттан аумайды.

Шынымды айтсам

Сендерге,

Қайран қалдым енгенде.

Үқсайды екен шеңберге

Кілем тұтқан кең бөлме.

Қарап шықтым біртіндеп

Бар жиһазға жарасқан.

Туырлығын түргенде

Көрінеді көк аспан.

Керегесін түргенде

Самал есіп тұрады.

Таңғажайып бұл бөлме

Маған бірден үнады.

Қозы

Қастек БАЯНБАЕВ

Жем жегесін қолымнан,

Қозы маған үйренді.

Қалмай қойды соңымнан

Кейде тіпті үйге енді.

Тойып алса, маужырап

Алдыма кеп тұрады.

Ал қозының аузынан

Гүл иісі шығады.

Халық жұмбақтары

Аузы бүрме қызыл қалта,
Ішінде бар отыз малта.

(*Tic*)

Жүгірсе де, шаңы жоқ,
Тоқтай алар өлі жоқ.

(*Қаңбақ*)

Бір бұтақ,
Бір бұтақта
Төрт бұтақ.

(*Айыр*)

Арқалап жүрсе де табағын,
Құймайды ішетін тамағын.

(*Тасбақа*)

Төребайдың төрт ұлы
Тәбелесіп келеді.

Елубайдың екі ұлы
Ехелесіп келеді.

(*Жылқының аяғы,*
құлағы)

Желі басында бес бие,
Бесеуі де жас бие.

Құлындары құла ала,
Құлақтары сары ала.

(*Бидай*)

Саққұлак

Қастек БАЯНБАЕВ

Атамның Саққұлағы
Әр қимылын үғады.
Құні бойы отардың
Бір жағына шығады.

Шынында сақ құлағы,
Көзі және қырағы.
Тұні бойы қалғымай,
Қой күзетіп тұрады.

Бәрі көрсе, қуады,
Тарқағанша құмары.
Тек менімен ойнауға
Қолы тимей жүр өлі.

Шырша

Әдібай ТАБЫЛДИЕВ

Қызық-думан күн келді,
Жасыл шырша түрленді.
Аяз сүйіп, терледі,
Үйге кірді төрледі.

Сылдырайды моншағы,
Шыршамыздың мол шамы.
Бізben бірге жайдары
Жарқырады, жайнады.

Арайланды шыршамыз,
Айналамыз баршамыз!

Солдат боламын

Әнүарбек ДҮЙСЕНБИЕВ

Қаймықпаймын сұықтан,
Ыстыққа мен төзімді.
Бәріне де шыныққан
Солдат болам кезінде.

Жүрсемдағы мен қайда
Көтеремін ауырды.
Солдат болам шалғайда,
Сағындырған ауылды.

Піл

Мұрат ҚУАНЫШБЕКОВ

Зоопаркті аралап,
Болат ұзақ қыдырды.
Бүкіл аңды саралап,
Өз өлінше ұғынды.

Айтты кейін жыр қылып,
Достарына Болат кеп:
— Піл біткеннің қүйрығы
Тұмсығында болад, — деп.

Бұлғірген

Қастек БАЯНБАЕВ

Маған қатты ұнады
Малшылардың тұрағы.
Сыңғыр-сыңғыр етеді
Тастан шыққан бұлағы.

Жайлай жайын кім білген,
Қайран қалып жүрмін мен.
Текеметтің астынан
Теріп жейсің бұлдірген.

Сағынатын достар көп,
Қылышы қызық хат алам.
«Біздің бала — өскер!» — деп,
Мақтанады ата-анам.

Мұғалімнің үйінде
Бір суретім тұрады.
Ерлігіне ел сүйінген,
Солдат болам қырағы.

Суретші ата

Нұрсұлтан ӘЛІМҚҰЛОВ

«Шалкөденің» гүлін-ай!
Елге тартқан сыйындар.
Ақындардың алыбы
Мынау — Біржан, Сүйінбай.
Мына — сурет жасымнан
Көзіме оттай басылған:
Аманкелді атамыз,
Алмас қылыш асынған.
Күткен дихан ақ самай
Мынау әсем бақшаны-ай!
Көз тартады кең жайлау,
Алаулайды «Қапшагай».
Мынау, тауды қашаған —
Батыр кенші жас адам.
Өнерлі ата Әбілхан,
Мұның бәрін жасаған.



До-ре-ми

Әмірбек БАЙДІЛДАЕВ

До-ре-ми, до-ре-ми,
Үйреніп аламын.
Фа-соль-ля, соль-ля-си,
до-до-до
Деп әнге саламын.

До-ре-ми, до-ре-ми,
Нотаның аттарын
Фа-соль-ля, соль-ля-си,
до-до-до
Деп күнде жаттадым.

Жұмыс

Фариза ОҢҒАРСЫНОВА

Апам мені ертемен
Оятады «тұр-тұрлап».
Үйқы тартып желкеден,
Мен жатамын қыңқылдап.

Апам менің расында,
Түсінбесе не етемін.
Әжетайдың қасында
Маған жақсы екенін?

Үйқымды ашпай жатар да ем,
Бірақ мұным дұрыс па?
Жетелесіп папаммен
Барамын ғой «жұмысқа».

Жанар

Кіп-кішкене Жанарым,
Жақын келіп қарадым.
Бұл өзімнің ақ бөпем,
Ойнатамын, бағамын.

Құйттай екен басы да,
Селдіреген шашы да.
Сейлеспейді менімен,
Келіп едім қасына.

Мен апамнан қалмадым:
«Неге мұны тандадың?
Ойнамайды менімен,
Тым кішкентай алғаның!»

Күлімсіреп ол дағы,
Жанартайды қолдады:
«Сен де осындей болғансың» —
Деп тілімді алмады.

Бөне

Балалардың бәрінің
Бөпесі бар үйінде.
Ал мен болсам өлі күн
Жүрмін жалғыз күйімде.

Қыңқылдадым апама:
— Бөне сатып әпер! — деп.
Сосын келіп папама:
— Дүкенге бар, әкел! — деп.

Бірде ертемен маған кеп,
Оятты әжем тартқылап:
«Бөне әкелді саған!» — деп,
Мәз болып жүр шапқылап.

— Қайда? — деп ем анамды,
— Дүкен жақта жүр, — деді.
Қарындасың Жанарды
Әкеледі, тұр, — деді.

Шынында анам бір күні-ақ
Дүкенге өзі барыпты.
Қоймағасын қыңқылдап
Бөне сатып алыпты.

Құргей-құргей

Несілбек АЙТОВ

Қозы-лақты көгендер
Жүрем, жөнге көнер деп.
Қозым, қанша тіз мейлі,
Бірі бұршақ үзбейді.

Ал, қашаған ақ лақ,
Кетеді ылғи жамырап.
Құргейлеп мен қусам да,
Үстапайды, қу сондай.

Аядым

Несілбек АЙТОВ

Қара тайым тым жүрдек,
Желе аяңдал басады.
Тартсамдағы тізгінде,
Бой бермейді басы өлі.

Қолы түсіп қалар деп,
Орынсыз көп шаптаймын.
Тойда бәйгі алар деп,
Сұлы беріп баптаймын.

Қоюшы едім шідерлеп,
Бекітіп үш аяғын.
Бос жібердім жүдер деп,
Бүгін өзін аядым.

Бұлдірген

Тұрсын ЖҮРТБАЕВ

Жаздың күні бесінде
Төбемізде күн күлген.
Тарбағатай төсінде
Теріп жедік бұлдірген.

Қызып кетті етіміз,
Қанеки, бір тоялық.
Шыға келді бетіміз
Қып-қызыл бол боялып.

Асықпадық үйге аса,
Өзіміз аз жемеппіз.
Бұлдіргеннен сұраса,
Әжеме не демекпіз?..

Қарақат

Тұрсын ЖҮРТБАЕВ

Қап-қара бір тамшыдай,
Теріп жедік қарақат.
Таңдайымыз қаңсымай,
Шөл қандырдық, рахат!

Құйын

Тұрсын ЖҮРТБАЕВ

Ойда жоқта құм борап,
Соғып кетті ақ құйын.
Қуыршақтар домалап,
Ұшып жатыр көп бүйым...

Мұны сірө, кім білген,
Құйын да бір төтен ғой.
Бұлдірместі бұлдірген
О да тентек екен ғой.

Көбелек күганда

Тұрсын ЖҮРТБАЕВ

Балақтарды түріп ап,
Әй, жарыстық керемет!
Көйлектерді буып ап,
Құып бердік көбелек.

Зыр жүгірдік қыратта,
Үстімізді шаң қапты.
Көйлектердің бірақ та
Сау-тамтығы қалмапты.

Анқау аю

Несілбек АЙТОВ

Атам таңнан тұратын,
Ертеп мініп құла атын,
Мойнына асып мылтығын,
Жаздай алмай бір тыным,
Аңға қақпан құратын.
Борсық, қарсақ, тұлкіні
Қынадай ғып қыратын...
Атам алпыс жастағы,
Әңгімесін бастады:
- Бірде ұзап аулаққа,
Аңға шықтық тау жаққа.
Екі-үш аңшы келеміз,
Аю атып алмаққа.
Асау өзен ағады,
Толқын теуіп жағаны.
Бұрген менен қараған
Үзеңгіні қағады.
Ашылып сөл қабағы,
Шындар бізге қарады.
Оқыс қашқан қояннан
Аттар үркіп қалады.
Сайлар жатыр тұп-түйік,
Жартастар тұр түксііп.
Қайың, шырша, қарағай
Қарсы алады тік тұрып.
Аңғал-санғал тау іші,
Арпалысқан тағысы.
Шаңқылдаған қыранның
Естіледі дауысы.
Үшеуміз де мергенбіз,
Қыындыққа көнгенбіз.
Қарсы шапқан андардың
Өүселеңін көргенбіз.
Қанжығамыз майланып,
Олжамызды байланып,
Бір тәбеге тоқтадық,
Дем алуға жайланип.
Болған жайды баянданап,
Отыр едік жай анданап.

Алдан аю көрінді,
Келе жатқан аяңдал.
Қос қонжығы қасында,
Марғау аяқ басуға,
Алма ағашты бетке алған
Өскен таудың басында.
Салады олар асырды,
Таптап шалғын сасырды,
Қарақатты қағып жеп,
Алмаларға асылды.
Аю екен айлалы,
Сілкіледі алманы,
Сабағында қалдырмай
Бәрін үзіп алғалы.
Біз отырмыз өлі аңдып,
Не болар деп ар жағы.
Жерге түскен алманы,
Қонжықтары жалмады.
Таптап аяқтарымен,
Үстіне кеп аунады.
Алмалардың не түрлі,
Берекесін кетірді.
Қонжықтарға енесі
Қатты ақырып, зекірді.
Болмаған соң оған да,
Тоқтатпаққа бекінді.
Оларға бос таптатпай,
Үстап алып аттатпай,
Кеуделерін бастырды,
Қара таспен қақпақтай.
Қонжықтары бақырды,
Аю қайта ақырды.
Жинай берді алмасын,
Тапқандай-ақ ақылды.
Беу, хайуан болғасын,
Қайдан хауіп ойласын?!

Әбден теріп біткесін,
Көтерді ол мау басын.
Барып тасты аударды,

Кенет шошып таң қалды.
Қонжықтары қымылсыз,
Сеспей қатып қалған-ды.
Ары тартты, тұрмады,
Бері тартты, тұрмады.
«Демі бар ма?» дегендей,
Құлағын сап тыңдады.
Өлгенін қос боздағы,
Білгеннен соң, боздады.
Қаралы аю қайғысы,

Көңілімізді қозгады.
Қүңіренді тау жаңғырып,
Даусы жартас, жарды үрүп,
Өксіп-өксіп жылады.
Байғұс аю зар қылып,
Таяуға да батпадық,
Аяп оны атпадық.
Удай ашып ішіміз,
Үйге қайттық аттанып.

Құрылышы

Шекербек САДЫХАНОВ

Қолда темір қалағым,
Саздан сарай қаладым.
Алматыдан аумайтын
Әсем қала саламын.

Балықшының Ұлымын

Базарбай ИСАЕВ

Сескенбеймін дауылдан
Селк етпейтін таудаймын.
Ақ теңізде айдыннан
Ақ сазандар аулаймын.

Батыр екен өзі деп,
Үлкендер де мақтайды.
Жетілетін кезі деп,
Талабымды жақтайды.

Ел сенімін ақтайтын
Балалардың бірімін.
Мәңгі тыным таппайтын
Балықшының ұлымын.

Жайлауда

Әбдікәрім АХМЕТОВ

Үйір-үйір құлышақ,
Қора-қора қозы-лақ,
Табын-табын бұзаулар
Жайылады күн ұзақ.

Жайылады — оттайды,
Көк шалғыннан шықпайды.
Деме, бірақ, бір-бірін
Түсінбейді, үқпайды.

Иә, жолынан жаңылса,
Иә, енесін сағынса,
Өз «тілінде» түсінер —
Құлышақтар кісінер.

Бір жағдайы болмаса,
Ботақандар боздаса,
Біліп қой деп мені де ел,
Бұзаулар да мәңірер.

Қозы-лақтар неғылар?
Әлсін-әлсін маңырап.
Ал, кешкісін, бәрі де
Енесіне жамырап.

Ой, Диляра...

Әбдікәрім АХМЕТОВ

— Ой, Диляра, Диляра,
Хат жазбайтын бір бала.
Жазбағалы хат-хабар
Өтті талай апталар,
Өй, о несі, о несі? —
Деп зырлап жүр өжесі.

— Ой, Диляра, Диляра,
Бізді бүйтіп қинама,
Амандығың білдіріп,
Қуантсайшы, күлдіріп,
Неге үндемей жатасың? —
Деп зырлап жүр атасы.

Диляра, кім Диляра,
Үндемейтін бір бала? —
Деп сұрасақ мән-жайын,
Бізге айтады қандайын,—
Жазбағаны бір хат та...
Ол туғалы төрт апта.

Мұнай менізі

Фариза ОҢҒАРСЫНОВА

Сонау дала төрінен
Жанады екен от болып.
Самолет те сонымен
Зулайды екен оқ болып.

Онсыз жүрмей тұрады,
Мотор істен шыгады.

Ойыншық та сендерге
Жасалады мұнайдан.
Егін өсер жерлер де
Сол арқылы тыңайған.

Мұнай-теңіз сол екен
Қасиеті оның мол екен.

Жаз

Ілияс ЖАНСУГИРОВ

Жерің анау,
Жасыл жолақ кілемдей.
Желің мынау,
Жігіт айтқан өлеңдей.
Көлің анау,
Той ғып жатқан ауылдай.
Күнің мынау,
Елжіреген енеңдей.



Машина

Оразақын АСҚАР

— Машина істе — серігің,
Жолға шықсаң — көлігің.
Айта қойшы, сен, інім,
Шығаратын оны кім?

Тас қорытып домнада
Металл құйса құрышшы,
Машинаны завотда
Жасар іскер жұмысшы.

Жайлауда

Мелдебек АЙТАЕВ

Ақ қанатты көбелек,
Өуелейсің неге ерек?
Тығыласың шалғынға,
Жаңбыр жауса себелеп.

Жауынды да сүймейсің,
Дауылды да сүймейсің.
Тоңар болсаң, көбелек,
Неге кейлек кимейсің?!

Масқара

Көпен ӘМИРБЕКОВ

— Қой, налым, балдырган,
Кім көңілінді қалдырган?
— Үрлап жедім шокалад,
Жедім сосын шапалақ.
— Қой, налым, балдырган,
Кім көңілінді қалдырган?

— Тындырмадым бір істі,
Көкем сосын ұрысты.
— Қой, налым, балдырган,
Кім көңілінді қалдырган?
— Үлгілі едім басқаға,
«Үш» ап қалдым, масқара!

Танқист

Тұрсын ЖҰРТБАЕВ

Танкі мініп, өскенде,
Қорғаймын мен елімді.
Таптамаймын еш жерде
Гүлдер менен егінді.

Орманшы

Бекен ӘБДІРАЗАҚОВ

Үйеңкі, қайың, қарағаш,
Самырсын, емен, қарағай —
Өседі бәрі аралас
Бақшада өскен баладай.

Жайқалған жасыл орманнын,
Шыбықтар — балғын бөлесі...
Болмаса, бәрін қорғар кім,
Орманшы-қамқор көкесі?!

Кірпі мен Құсеп

Султан ҚАЛИЕВ

Тұмсығында кірпінің
Бір тамшы су жүреді.
Иістердің түр-түрін
Сол арқылы біледі.
Шөптің жақсы-жаманын
Айырмайды түсінен.
Көтеріп ап танауын,
Айырады иісінен.
Тұрса алдында бұғынып
Не қас жауы, не жемі
Қарамайды үңіліп,
Иісінен-ақ сезеді.
Құсеп өтсе,
Жұрт ымдалап,
Күлімдеп, көз тігеді.
Мұрнында оның бір тұрмак,
Қос тамшы су жүреді.
Қос тамшысы болса да,
Иіс сезе алмайды.
Себебі: ол моншаға
Үш айда бір бармайды.

Табак тартаңда

Мұбәрак ЖАМАНБАЛИНОВ

Атам мені қуантты —
Маған берді құлақты,
— Жақсы сөзді құлағың
Тыңдасын, — деп, — шырағым!

Маған берді тіл үшын
«Шешен бол!» — деу мұнысы.

Күнделік

Нұрхан ЖАНАЕВ

Білімділік айнасы
Қолындағы күнделік.
Оқушының ол досы
Жүретүғын бірге еріп.

Алып қалсаң «екілік»,
Үялады сен үшін.
«Бестік» алсаң желпініп,
Қуанады сен үшін.

Күнделігің — серігің,
Күнделігің — қектемің.
Кірлетпе дос көңілін,
«Беске» толтыр беттерін.

Достық

Менің досым — алмағаш,
Алмағаштың досы — мен.
Бақшамызға ең алғаш
Өзім егіп, өсіргем.

Күн-күн сайын суарғам
Көктемде де, күзде де.
Көрген сайын қуанғам,
Бір моншағын үзбегем.

Мен жанымды қинағым
Жемісіне, гүліне.
Ол жемісін сыйлады
Менің туған күнімде.

Мен орысша білем

Мен орысша білем,
Ковер деген — кілем.

Садик деген — бақша,
Деньги деген — ақша.

Смех деген — күлкі,
Лисица — түлкі.

Нога деген — аяқ,
Палка деген — таяқ.

Мама, мамағана —
Орысша да мама.

Гажайып тіс

Султан ҚАЛИЕВ

Күту үшін
Тісті
Әркім
Тіс ыскышын алады.
Өзгешелеу
Тышқанның
Тісті күту амалы.
Жатса алдында
Шашылып,
Мүйіз, сүйек, қу шыбық,
Обырлана асығып,
Кеміреді құлшынып.
Кеміреді шағырды
Күмардай-ақ ащыға.
Кеміреді кәдімгі
Ас болмайтын тасты да.
Үясында дәндері
Лықа толып тұрса да,

Кеміруге әрнені
Неге өуес мұншама?
Тісін егеп, шамалы
Тұрмаса өстіп «дәрі ішіп»,
Тістері өсіп, қалады
Жақ сүйегі қарысып.
«Мұндай ғажап тістерде
Не сыр бар?» деп дал болам.
Осысы еске түскенде,
Күсепке де таңданам.
Оған таң бол тұрғаным:
Кете ме өсіп тістері,
Кемірмесе тырнағын,
Ас болмайды ішкені.

Әкпесінің әлді

Тоқаш БЕРДИЯРОВ

Әлди-әлди, бөбегім,
Ақ бетіңнен өбемін.
Ұйықтай қойшы, бөбегім,
Тисін солай көмегің.

Үйдис-аяқ жуайын,
Сол ғой маған уайым.
Қорадағы қозыны
Өріс жаққа қуайын.

Әлди, бөпем, мерейім,
Өлең айтып берейін.


Самауырға от қойып,
Жидек теріп келейін.

Бүгін менің көп ісім...
Тегеште айран үйысын.
Қағып көрпе-жастықты,
Сыпрыайын үй ішін.

Дыбысынан етіктің,
Шошынып селк етіппін.
Қасымда жоқ бөпешім,
Өзім үйықтап кетіппін...

Хай уанаттар паркінде

Жусіп ҚЫДЫРОВ



Жолбарыс

Усті жол-жол жолбарыс,
Мекені оның нар қамыс.
Темір тордың ішінен
Телміре ме жолға алыс.

Ойнамайды ол онша,
Тәтті берсем, алмайды.
Үлкендігі болмаса,
Үйімдегі кер жалқау
Мысығымнан аумайды.

Қаскыр

Көрдіңіз бе әне, аға,
Атам құған арланды!
Түнде шауып қораға
Дүркіреткен бар малды.

Қолға түсіп қалыпты,
Сыбағасын алышты.

Ақ аю

Жонынан күн өтсе де,
Терлеп ағып кетсе де,
Тонын өсте шешпейді.
Бүйте берсе ақ аю,
Күнге күйіп қарайып
Кетсе егер, не істейді?!

Піл

Заңғар биік бойын-ай,
Жұмыр жуан мойнын-ай!
Қабырғасы қамалдай,
Төрт аяғы бағандай.

Тұмсығы ұзын қолынан,
Бергенінді алады.
Аузына әкеп салады
Қозғалмай-ақ орнынан.

Горилла

Түрім құдды адам,
Тік те жүре алам.
Әйткені арғы затым
Адамзатқа жақын.
Аң деп қалма жәй бір,
Түқымымыз — маймыл.

Кірпі


Менің атым — Кірпі,
Тоным үрпі-түрпі.
Бұл тонымнан кейде
Қашады андар үркіп.

Жеймін десе жұлқып,
Қалам тонды қымтып.
Арландар да сонда
Алады аузын жыртып.



Жираф

Мойынды да сирақты,
Мен атақты жирафпын.
Ой-жазықта, жырада
Шауып жүрген мұнара.



Кезекші

Сұлтан ҚАЛИЕВ

Қатса да мұз сіресіп,
Жер бетін қар жапса да.
Папама мен ілесіп,
Асығамын бақшаға.

Елден бұрын барамын,
Су құямын гүлдерге.
Балаларға табанын
Тазарттырам кіргенде.

Шалғыш байлад аламын,
Жүрем тәтей қасында.
Балалардың тамағын
Көмектесем тасуға.

Жинап алам,
Еденде
Көлденең шөп жатпайды.
Папам, мамам келгенде,
Тәтей мені мақтайды.

Брест қамалы

Брест-қамал басында
Өтті күндер сан қылыш.
Талай батыр осында
Отан үшін жан қиды.

Жау оны бір сағатта-ақ
Құл етем деп ойлады.
Адамдарын азаптап,
Құл етем деп ойлады.

Жан-жағынан жауды оқтар,
Құтырды жау, ұшынды.
Бірақ біздің солдаттар
Құлін көкке ұшырды.

Мәңгі ескерткіш орнаған,
Жатыр талай асыл ер.
Оны көрген әр адам,
Тағым етіп бас иер.



Балдақ

Қасым АМАНЖОЛОВ

Балдағы бар бір жігітті көрдім де,
Қасақана сауал бердім келдім де:
«Faфу, жолдас! Қөрінбейд бір аяғың,
Кешегі өткен сұрапылда бердің бе?»,

Жігіт екен! Жауап тапты тосыннан,—
/Бір ғажайып құлқи ойнады ернінде:/
— Қөріп тұрсыз, бір аяғым осында,
Екіншісін тұрмын басып Берлинде.

Тирде

Есентай ЕРБОТИН

— Кіікті атшы балақай.
— Ата алмаймын.
— Елікті атшы, балақай.
— Бата алмаймын.
— Қасқырды атшы, балақай
— Құп болады!
Көкжал бөрің, ағатай,
Жоқ болады.

Қөктем келді

Әбдіраш ЖӘМІШЕВ

Көктем келді, балалар,
Көктем келді!
Лебіменен жылтып өкпек желді.
Күн сәулесі укол сап тоң жонына,
Бусандырды бұрлыққан
беткейлерді.

Көктем келді, балалар,
Көктем келді!
Көк мұнарға бөктіріп көк пен жерді.
Көктем деген — жаздың кең

дарбазасы
Гүлге орап жіберер өткендерді.
Келді көктем күттіріп,
Сағындырып,
Самалымен сазды бір дабылды
ұрып,
Аңсадық қой шағыл құм, шалқар
көлді,
Қырдан-қырға асайық сағым қуып.

Орыстың халық өлеңдері

Аударғандар Хамит ЕРҒАЛИЕВ, Мұзатар ӘЛІМБАЕВ.

Дым да жок

Ала қанат сауысқан
Пісірді де көжені.
Тағаттарын тауысқан
Тойғызды көп шөжені.
Анаған берді,
Анаған берді,
Анаған берді,
Анаған берді,

Ал, мынаған бермеді.
Суға барған жоқсың сен,
Отын жарған жоқсың сен.
Көзін сатпа көжеге,
Дым жоқ сендей шөжеге!

Кияр

Кияр, қияр, шет-тысқа
Бара көрме, желігіп:
Жеп қояды бір тышқан
Құйрығынды кеміріп,

Қүйген камзол

- Бұртидың, Федул, сен неге?
- Қүйдіріп алдым камзолды.
- Дұрыс қой жамап жөндеген,
- Инері таппай дал болдым.
- Қүйіктің қандай шамасы?
- Сау қалған жалғыз жағасы.

Бір үйдін балалары

Ағаң отын жарғанда,
Өзің суға барғанда.
От тұтатып ортаншы ұл,
Сен түстік ас салғанда,
Ең кішіміз ән салып,
Би де билеп ырғалсын,
Бауырлары тамсанып,
Мәз-мәйрам боп бір қалсын!

Жауын

Жауын, жауын!
Жаума! Тын!
Жас балаларды
Жаураттың.

Біздін Мияу

Біздің мияу,
Тоны қандай тамаша!
Таң қаласың,
Талдап мұртын тараса.
Көзі шақпақ,
Тісі әппақ.

Әтеш

Тұлымшағы үлпілдек,
Жібек сақал желкілдек,
Әтеш, әтеш айбарлы,
Әдемі алтын айдарлы,
Неге ерте тұрасың?
Кенірдегің созасың?
Балалардың кішкентай
Неге үйқысын бұзасың?

Жолға отырма

Мияу, мияу,
Кет, пырыш!
Жолға отырма
Тым-тырыс.
Біздің бөпеш
Жүгірер
Жолда саған
Сүрінер.

Сұт

— Миша, қайды барадың,
Атқа қамшы саласың?
— Шалғыннан шөп шабамын.
— Шөп не керек, қарағым?
— Сырдың сол қорегі.
— Сырдың не керегі?
— Сүтін сауып аламын
— Сұт не керек, қарағым?
— Нәрі ол бала-шағаның?

Мөлдір су

Мөлдір су, мөлдір су!
Сен менің бетім жу.
Отты көзім ойнасын,
Екі бетім жайнасын.
Күлкі кетпей ернімнен,
Тісім тастан таймасын!

Самса

— Сен бе-ей жеген самсаны?
— Е, жоға!...
— Эй! Соқтық-ая тамсанып...
— Тамаша екен, өзі аға!

Сен қайда бардың?

— Бармақтай балғын!
Сен қайда бардың?
— Мына баурыммен
Орманға бардым
Мына баурыммен
Іштім де кеспе,
Мына баурыммен
Дөп-ботқа жескем
Мына баурыммен
Ән салдым кеште.

Сүзеген теке

Төңіректі кезеген
Келеді теке сүзеген.
Бөбектерді кішкентай
Сүзейін деп іздеген,
Бақайлары сыртылдан,
Екі көзі жылтылдан...
Жемей қойып бекпенді,
Сүтін ішпей төккенді
Сүзеген теке сүзеді,
Қуалап жүріп сүзеді...

Кішкентай батыр

Асқаржан СӘРСЕКОВ

Талдан қылыш жонып алды,
Ағаш атқа қонып алды.
Қалқан қылыш дәү қақпақты,
Болдың нағыз Қобыланды.

Омонимдер

Қас батыр атты
Жауына шапты.
Біреуін атты,
Біреуін шапты.

Қашқанын түйреп,
Сасқанын сүйреп.
Жыртқызып женді,
Ақырыпженді.

Тұлкі

Қалың орман, ну орман,
Тұлкі деген қу болар.
 Тауықтарды жеп кетсе,
Ата, үлкен шу болар.



Сондықтан да дұрысы,
Атып алған оң болар.
Тауықтарға тыныштық,
Маган ішік, тон болар.

Тынбай үшқан тырналар

Көпен ӘМІРБЕКОВ

Тыраулады тағы да
Тізбектеліп.
Тұған жерін сағына,
Іздеп келіп.

Балалардай қолдасқан
Қекте міне,
Біздің қырға қонбастан
Откені ме?!

Қек жүзінде тырналар
Барады үзап,
Қала берді балалар
Қарап үзақ...

Kiman

Құрманбай ТОЛЫБАЕВ

Әйбат менің кітабым,
Кір шалдырмай тұтамын.
Толағаймен табысам,
Кейде дәүмен алысам.

Кейде мұхит кешемін,
Жұмбақ сырын шешемін.
Гагарин боп ұшамын,
Жұлдыздарды құшамын.

Он мың ғасыр өткенді,
Тұңғиыққа шөккенді...
Бәрін іздеп табамын,
Сонда өмір сабағым.

Сен құрметте оны

Әбұ СӘРСЕНБАЕВ

Сен құрметте оны!
Тұсіндің бе, қарағым?
Ол ақшаға сатқан жоқ
Тізеден кесіп аяғын,
Еріккеннен ұстап та жүрген жоқ
Қолтықтағы ұзын таяғын.

Денесін оқ паршаласа да,
Ел намысын қорғап қалды.
Сен құрметте оны!
Тұсіндің бе, қарағым?
Сенің келешегің үшін берді ол
Азаттық жолында аяғын!

Барабек

/агылышын мазақтамасы/

Аударған Х. ЕРГАЛИЕВ., М. ӘЛІМБАЕВ

Робин-Бобин Барабек
Қырық адамды жаңа жеп,
Атан өгіз, сиырды,
Бір қасапшы қылиды,
Қас қаққанша және жеп,
Көсеу, күрек, доганы...
Тұздықтамай соғады.
Ұстасы мен дүкені,
Үйдің таудай үлкені —
Біреуі де қалмайды —
Бәрін түгел жалмайды.
Сөйтіп алыш, дөй көкең:
«Ойбай, ішім!..» — дейді екен.

Сама

Шамиль МУХАМЕДЖАНОВ

Шай үстінде мамасы
 Сама көріп кеседен:
 — Қонақ келер шамасы,
 Бір сама жүр кешеден, —
 Деді құліп, Дастанның
 Папасына бір қарап.
 Папасы айтты таңданып:
 — Қайдан келмек бұл қонақ?

Бұл сәзді естіп қуанды
 Дастан сонда ішінен.
 «Көп әңгіме тыңдаймын
 Келген қонақ кісіден».

«Неге сонша кешікті,
 Қашан қонақ келер?» деп,
 Қақса біреу есікті,
 Дастан отыр елеңдеп.

Қосу

Балтабай ТӘЖІМБЕТОВ

Дүкеннен кеп сабын алдым,
 Оның және қабын алдым.
 Екі дәптер, бір қарындаш,
 Тіс ысқышты тағы да алдым.
 Есептеші,
 Сонда бәрі,
 Қанша болды,
 Қолда бары?

Тіл

Қабыл БОРАНБАЕВ

Аңзы, бірде тәттісің,
 Жұмсақ, бірде қаттысың.
 Жарылқайсың досынды,
 Жасытасың жат күшін.

Тапқыр тілім, қайдасың,
 Қорсет сөздің пайдасын.
 Жақсылықты жаңғыртып,
 Үнің әсем сайрасын.

Жамандыққа жанассаң,
 Отыз тісім шайнасын!



Шоқан мұраты

Несілбек АЙТОВ

Фылым жолын таңдаған,
 Мұратынан танбаған.
 Қараңғыда халқына
 Жарық іздел талмаған.

Сан өлкені барлаған,
 Тарих төрін шарлаған.
 Ақылы мен білімін
 Тұған елге арнаған.

Қайсысы қалай ішеді?

Сейіл БОРАНБАЕВ

Жылқы қалай ішеді?

— Жан-жағына елеңдеп,
Үзіп-ұзіп ішеді.
Тұнық-суга тереңдеп,
Жұзіп-жұзіп ішеді.
— Себебі не сондағы?
— Тым талғампаз болғаны.

Қой қалай ішеді?

— Бас алмaston сіміріп,
Демде қанып алады.
Томпаң-томпаң жүгіріп,
Өріске ұзап барады.
— Себебі не сондағы?
— Адал, момын болғаны.

Тауық қалай ішеді?

— Тұмсығын тек малады,
Бір тамшылап алады.
Әзер жұтар шалқайып,
Бұлқ-бұлқ етіп тамағы?
— Бұл қалай су ішкені?
— Tipi азапқа түскені.

Түйе қалай ішеді?

— Ұзын мойнын қашыққа
Бұрып-бұрып ішеді.
Асық мейлі, асықпа,
Тұрып-тұрып ішеді,
— Себебі не сондағы?
— Сабырлы, нық болғаны.

Ешкі қалай ішеді?

— Қойларменен таласып,
Иықтасып ішеді.
Әркімге бір жанаңып,
Тиіп-қашып ішеді.
— Себебі не сондағы?
— Ұшып-қонба болғаны.

Ит қалай ішеді?

Шашыратып, шығындал,
Жалап-жалап ішеді.
Жан-жағына ырылдал,
Қарап-қарап ішеді.
— Себебі не сондағы?
— Тым қызғаншақ болғаны.

Мысық қалай ішеді?

— Көзін жұмып көлгірсіп,
Жалап-жалап ішеді.
Бәрін өзі білгірсіп,
Санап-санап ішеді.
— Себебі не сондағы?
— Сонша сараң болғаны.

Сыр қалай ішеді?

— Қара мұның айласын,
Байқап-байқап ішеді.
Шаңырақ мүйіз дәү басын
Шайқап-шайқап ішеді.
— Себебі не сондағы?
— Сөл маңғаздау болғаны.

Қар

Тілеген ШОПАЕВ

Жауды міне, қар аппақ,
Айналаның бәрі аппақ.
Жасырыпты жолдарды:
Тегістепті орларды.

Үстін жауып көлдердің,
Бетін бүркеп белдердің.
Жастық етіп тауды асқақ
Жантайыпты жамбастап.
Жантайыпты жамбастап.

Арша

Жеңіс ҚАШҚЫНОВ

Жайған құстай қанатын
Бұтақтарын керіпті,
Іісі мұрын жаратын
Жасыл арша көрікті.

Қайыспайды дауылдан
Жер бауырлап ығысып,
Қара нөсер жауыннан
Қалмас бұғып бүрісіп.

Табиғаттың көріне
Қайсаrlықпен шыдайды.
Иілмейтін бәріне
Батылдығы ұнайды.

Таудың жақпар тасына
Арша өсіп, қаулайды.
Атам киер басына
Тақиядан аумайды.

Алтай

Асқар ЕГЕУБАЕВ

Сүйеген бүлтқа иығын
Көрінген шыңы алыстан.
Кезеді Алтай қырын
Жас киіктер жарысқан.

Ан, құсқа толы қойнауы,
Жуады жаңбыр сауырын.
Жайлалауы қалың қойлы ауыл
Бәйшешек жапқан бауырын.

Толтырып ұя-үйлерін,
Жияды балын аралар.
Жаз болса, жеміс-жидегін
Тауса алмайды балалар.

Теңбіл бұғы

Теңбіл-теңбіл түсі де
Жарасады өзіне.
Тұрса нудың ішінде,
Көрінбейді көзіңе.

Сүйіп самал тал бойын,
Лақтай ойнақ салады.
Күнге тосып маңдайын,
Шауып-шашып алады.

Сыбдыр етті гүл-құрақ,
Елең етіп қарадың.
Бұғы емес бұлдырап,
Сағым қашып барады.

Наші білоруські художники?

закінчили училище

Сергей БОГДАНОВІЧ

БІЛОРУСЬКА АКАДЕМІЯ

вистава відкривалася

жанра від сюжету

Мінськ, 1988 рік

Софіївської міської

школи мистецтв

ім. Івана Крамського

Мінськ, 1988 рік

ім. Івана Крамського

школи мистецтв

ім. Івана Крамського

Мінськ, 1988 рік

ім. Івана Крамського

школи мистецтв

ім. Івана Крамського

Мінськ, 1988 рік

ім. Івана Крамського

школи мистецтв

ім. Івана Крамського

Мінськ, 1988 рік

ім. Івана Крамського

школи мистецтв

ім. Івана Крамського

Мінськ, 1988 рік

ім. Івана Крамського

школи мистецтв

ім. Івана Крамського

Мінськ, 1988 рік

ім. Івана Крамського

школи мистецтв

ім. Івана Крамського

Мінськ, 1988 рік

ім. Івана Крамського

школи мистецтв

ім. Івана Крамського

Мінськ, 1988 рік

ім. Івана Крамського

школи мистецтв

ім. Івана Крамського

Мінськ, 1988 рік

ім. Івана Крамського

школи мистецтв

ім. Івана Крамського

Мінськ, 1988 рік

ім. Івана Крамського

школи мистецтв

ім. Івана Крамського

Мінськ, 1988 рік

ім. Івана Крамського

школи мистецтв

ім. Івана Крамського

Мінськ, 1988 рік

ім. Івана Крамського

школи мистецтв

ім. Івана Крамського

Мінськ, 1988 рік

ім. Івана Крамського

школи мистецтв

ім. Івана Крамського

Мінськ, 1988 рік

ім. Івана Крамського

школи мистецтв

ім. Івана Крамського

Мінськ, 1988 рік

ім. Івана Крамського

школи мистецтв

ім. Івана Крамського

Мінськ, 1988 рік

ім. Івана Крамського

школи мистецтв

ім. Івана Крамського

Мінськ, 1988 рік

ім. Івана Крамського

школи мистецтв

ім. Івана Крамського

Мінськ, 1988 рік

ім. Івана Крамського

школи мистецтв

ім. Івана Крамського

Мінськ, 1988 рік

ім. Івана Крамського

школи мистецтв

ім. Івана Крамського

Мінськ, 1988 рік


ім. Івана Крамського

школи мистецтв

ім. Івана Крамського

З-БЕЛІМ

1978-1988 жж



Кішкентай алыптар

Бейсебай КІРІСБАЕВ

Ерінбей керегін тереді,
Негылған шетінен ел еді?
Озінен үлкенді арқалап келеді...
Бар үлкен ауылы,
Іскерлер қауымы.
Жұмысқа тым ұста.
Бұл келе жатқандар —
Қың демей,
Үндемей
Жүретін құмырсқа!
Шаршаса, тыныстап алады,
Бір-бір дән тістепті.
Сап түзеп аяңдап барады
Кәдімгі алыптар іспетті...

Қара бала

Шәміл МУХАМЕДЖАНОВ

Кіші қызым Дарифаны
Көрші-қолаң «қара» дейді,
Бірақ тағы соның бері:
«Өзі жақсы бала!» дейді.

Қара болса, қара болсын,
Тек ақылды бала болсын.
Ертең өсіп ержеткенде,
Ата-анаға пана болсын.

Дүниенің сырын білген
Фалым болсын, дана болсын.
Өзі қара болғанымен,
Елін сүйген, жанын сүйген,
Жаны аппақ таза болсын.

Құс келеді

Совет ӘЛІМҚҰЛОВ

Көктем көгін молайтып,
Қырды гүлге бөледі.
Қуанышты ән айтып,
Құстар қайтып келеді.

Аймалап күн бау-бақты,
Арай шуақ төгеді.
Аңсан біздің аймақты,
Құстар қайтып келеді.

Түрлі гүлін сыйлаған
Дала неткен кең еді.
Туган жерін қимаған
Құстар қайтып келеді.

Дәрігер

Тынышбай РАХИМОВ

— Сөскең бе,
Түсің бе,
Мейлі, тұн ішінде
Ішің бе,
Тісің бе,
Ауырса,
Бауырша
Болар кім әбігер?
— Әрине дәрігер!

— Атаң да,
Папаң да,
Мамаң да,
Ағаң да,
Болсыншы бәрі аман,
Сау жүрсін әр адам,—
Дейтін кім?
— Дәрігер!
— Дәрігер — нағыз ер!



Ұзілісте және сабакта

Ерлан БАҒАЕВ

Ұстаз сабақ сұраса,
Дыбысы да шықпайды.
Ұзіліске шыға сап,
Аузы-аузына жүқпайды.

Манарабек пен Амалбек

Қалада өскен Манарабек
Айтты бірде маған кеп:
Жазда ауылға барам деп,
Ойнап асыр салам деп,
Асау тайға мінем деп,
Асқар тауға шығам деп!

Ауылда өскен Амалбек
Айтты бірде маған кеп:
Алматыға барам деп,
Ойнап асыр салам деп,
Трамвайға мінем деп,
Зоопаркте жүрем деп,
Көктөбеге шығам деп!

Көнілді баға

Күләш АХМЕТОВА

Май келгенде —
мейрамдаймын,
Жаз келгенде —
жайрандаймын.
Сентябрьде сайрандаймын.
Қар жауса да қорықпаймын.
Ойыннан бір жалықпаймын.
Қыын емес сурет деген,
Ән сап берем, билеп берем.
Атама да көмектесем,
Атқа шабам керек десен.
Жыламаймын тегінде мен,
Не десен де, көңілденем.
Кішілерді жылатпаймын,
Жылауықты ұнатпаймын!



Алатау

Қастек БАЯНБАЕВ

Алатаудың ажары
Алты ай жазда ашылар.
Айырықша ғажабы:
Баурайы — гүл, Басы — қар.

Алдымен күн шуағы
Алатауға шашырар.
Алақайлап бұлағы,
Алматыға асығар.

Шықсаң биік шыңына,
Бір құмарың басылар.
Қансаң қайнар суына,
Куатыңды асырап.

Жұпар иіс жаңбыры
Береке боп шашылар.
Шатқалдағы шалғыны
Шөккен нарды жасырап.

Барғандарға әр күні
Кең құшағы ашылар.
Баласындей барлығы
Кеудесіне асылар.



«А»-дан кейін

Серікбай ОСПАНОВ

— Алфавитте қайсы өріп
«А»-дан кейін тұрады? —
Деп мұғалім сұрады.
Жауап берді Әлібек:
— Қалғанының бәрі! — деп.

Сыртта

Есентай ЕРБОТИН

Сүйтпаққа жылы үйді,
Сыртта боран ұлиды.
Суыта алмай жылы үйді,
Сілесі әбден құриды.

Күн сонымнан ереді

Жазирада ойнаймын алмайтыным,
Бақ-бақ терем. Жазғы ауа сабеді әтір.
Қарандаршы, бақ-бақтан аумайтығын
Күн сонымнан ілесіп келе жатыр.

Сарқырама

Тік жартастан аунайды
Асау өзен сарқырап.
Ақ моншақтан аумайды
Ақтарылған жарқырап.

Айналаға су бүркіп,
Аппақ тозаң қылады.
Күн көзіне құлпыртып,
Кемпірқосақ құрады.

Жадыратып маңайын,
Жаңғырады сай іші.
Құлқісіндей баланың
Табиғаттың дауысы.

Түрлі түстер

Ермек ӨТЕТИЛЕУОВ

Қызыл, жасыл, көк...
Түрлі түстер көп.

Аппақ түсім — сүт,
Бозғылт түсім — бұлт.

Жасыл бояу — шөп,
Сары бояу — сөк.

Қара түсім — қас,
Сүрғылт түсім — тас.

Көкшіл бояу — су,
Қызыл бояу — ту.

Аюдағ

Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ

Ақылды, бақты, базарлы,
Аюдың қызы болыпты.
Көктегі айдай ажарлы,
Көктегі күндей көрікті.

Қыз жайнап жылды лебізге,
Он сегіз жасқа толыпты.
Серуендер жүріп теңізде,
Жас төре оны көріпті.

Патшаның бағлан баласы
Фашық боп қызға қалыпты.
Жансызын жұмсап шамасы
Жар бол деп қолқа салыпты.

Жауап та жетті бір күні,
Артқа сап ай мен не күнді.
Қырымның жалғыз сұлуы
Қимаймын,— депті жерімді.

Жас төре салды бүлікті,
Алам— деп,— Қырым сұлуын.
Қыз жалғыз ойнап жүріпті,
Толқынға жайып бұрымын.

Көңілі қызыңқ шат мұнда,
Қайғы жоқ, мұң жоқ бұл қызда.
Толқында жұзген аққу ма,
Періште ме, өлде жұлдыз ба?!

Көрінбей кейде, кей жерде
Ақ сәуле дene көрініп.
Толқында жұзген ай ма, өлде,
Күн өзі жүр ме шомылып?!

Диу ма, жын ба, пері ме—
Зәресін қыздың ұшырды.

Жас төре жендеттерімен
Торына оны түсірді.

Ішіне қызды салып ап,
Жылжыды кеме ақырын.
Айғайға басты ару да,
Аю анасын шақырып.

Көрмеген зорлық ғұмыры,
Қауіптен түк жоқ ойында.
Естіп қап қыздың шырылын,
Теңізге жетті аю да.

Алыстап бара жатады
Ап қашқан кеме аруды.
Теңізге түссе, батады,
Түспесе, қыздан айрылды.

Арыз ғып аю тәңірге
Боздалты дейді тұнімен.
Айрыла ма асыл сәбиден,
Айрыла ма екен гүлінен.

Жат жүртқа қимай ай-күнді,
Аспаннан көмек тоспайды.
Құрғату үшін айдынды,
Теңізді іше бастайды.

Қаншама мейлі ірі бол,
Теңізің қайтсін алышты?!
Теңізді ішіп тұрып ол
Тау болып қатып қалыпты.

Теңізден өрі өте алмай,
Болғандай бейне кінелі.
Қызына жалғыз жете алмай
Су ішіп аю тұр өлі.

Жаңбыр

Жаңбыр кеп жауады,
Тамшылар тамады.
Тырс-тырс!
Шаң-тозаң шайылды,
Шатырлар шайынды.
Тырс-тырс!
Көшелер тазарды,
Кір үйлер ағарды.
Тырс-тырс!
Қалалар тұледі,
Балалар күледі.
Тырс-тырс!
Жаңартып ауаны,
Жаңбыр кеп жауады.
Тырс-тырс!

Сол жерде менің Зәурешім,
Демалды сонау жылы кеп.
Әнге бір бөлек әр кешін
Жазирам келді бір рет.

Ұшады қиял мені алыш,
Фасырдан жаңа фасырға.
Жаннам жур биыл демалып,
Осы бір таудың қасында.

Бұл жердің жүртқа аты өйті,
Өзіне сырттай жан құмар.
Артек деп мұны атайды,
Әніне қосып балғындар.

Балалар ойнап, жарқылдаپ,
Жағадан суға секірер.
Баласы үшін тау тұрмак,
Тас болуға да мақұл ел.

Қар атысып ойнағык

Пальтоны да тастадық,
Бөрікті де тастадық.
Бірімізге біріміз
Қар атыса бастадық.

Ойын қатты қызғанда,
Шеке күйді ызғарға.
Басымызға тиді қар,
Басты ойлайтын біз бар ма?!

«Қан майданды» қайта аштық,
Әжептәуір шайқастық.
Қарды қолмен жентектеп,
«Оқ» жасап ап айқастық.

Тар жолдардан өтіппіз,
Тас қияға жетіппіз.
«Оқ» біткен соң, ойланбай,
Жұдырықтасып кетіппіз.

Ереулі атқа ер салмай

Махамбет ӨТЕМИСОВ

Ереулі атқа ер салмай,
Егеулі наиза қолға алмай,
Еңку-еңку жер шолмай,
Қоңыр салқын төске алмай,
Тебінгі терге шірімей,
Терлігі майдай ірімей,
Алты малта ас болмай,
Өзіңнен туған жас бала,
Сақалы шығып жат болмай,
Ат үстінде күн көрмей,
Ашаршылық шөл көрмей,
Өзегі талып ет жемей,
Ер төсектен безінбей,
Ұлы түске ұрынбай,
Тұн қатып жүріп, тұс қашпай,
Тебінгі теріс тағынбай,
Темір қазық жастанбай,
Құ толағай бастанбай,
Ерлердің ісі бітер ме?

Шанғышымын

Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ

Мінгендей атқа жайдақ,
Аяққа шаңғы байлап.
Зулаймын өрден төмен,
Жарысам желмен ойнап.

Биқтен жаңа аттанып,
Үшқанда талаптанып.
Балалар қарап тұрса,
Кетемін қанаттанып.

Жол ұзын, қысқа ма екен?
Әсем ғой қыста мекен.
Мен кейде жерді тастап,
Көкпен де ұшады екем.

Бел бар ма мен баспаған,
Дөң бар ма мен аспаған.
Ұшпасам жеңіс, сірө,
Өзі іздел қелмес маған.

Жарыссақ өңкей бөбек,
Сөреге жетем бөлек.
Қорқамын кей-кейде өзім,
Құс болып кетем бе деп.



Құла тай

Мен мінгенде туладың,
Мойыныңды жерге алыш.
Уақыттан соң бір қауым,
Ұшып түстім мен барып.

Жоқ болар ем баяғы,
Бағым бар-ау ептеген.
Үзенгіден аяғым
Шығып кетпегендеге мен.
Құла тайым, арманым,
Құла тұлпар болдың ба?
Мен де жатып қалмадым,
Сол жығылған орнымда.

Елге қарай жол жүрсем,
Алып-ұшып тұрамын.
Құла құнан болдың сен,
Қайшылаған құлағын.

Асауланып мөңкісеп,
Мықтап ұстап денемді.
Жалыңа бір қол тисе,
Құламас ем мен енді.

Қандай жақсы

Жәркен БӨДЕШОВ

Бір алманы төртке бөлдім,
Бір бөлігін жеп те көрдім.
Қалған үлкен үш бөлігін
Қасымдағы үш доска бердім.

Жегендей-ақ балқаймақты
Үшеуі де тандай қақты.
Бөлінбейтін достарменен,
Бөлісіп жеу қандай жақсы!

Шақыру

Балтабай ТӘЖІМБЕТОВ

«Кәүіс! Кәүіс!» дегенге,
Ботам боздап қарайды.
«Соррап! Соррап!» дегенде,
Су ішкенди қалайды.

«Әукім! Әукім!» — деп едім,
Бұзау келді қасыма.
«Шөуім! Шөуім!» — деп едім,
Су ішті о да асыға.

Шауып келді пыскырып,
Құрулап ем құлынды.
«Кіс! Кіс!» деп ем ыскырып,
Мәлдір суды сімірді.

«Құррай! Құррай!» дегенде,
Қозы жетер маңырап.
«Шөре! Шөре!» дегенде,
Жұгіреді бар лақ.

Жаңылтпаштар

Шөжем деп шешесі бәйек,
Шешем деп шөжесі бәйек.
Шешесі шөжем жесін дейді,
Шөжесі шешем жесін дейді.

* * *

Омар, Орал орманға барды,
Орманда Омар томар жарды.

Тырналар

Қастек БАЯНБАЕВ

Аспанда самғайды
Тырналар тізіліп.
Біреуі қалмайды
Қатардан үзіліп.

Сақтайды сапарда
Бірлікті кім мұндаї?!
Бұзылмас қатары
Кәдімгі шынжырдай.

Мәңгілік алау

Тынышбай РАХИМОВ

Отан үшін мерт болғанды танып, біл,—
Оларды өсте ұмытпайды халық бұл!
Ерлік даңқы ешқашанда өшпейді—
Батырлардың жүрегі от боп жанып тұр!

Олар—сенің таңғы шапақ, нұрың ғой!
Олар—сенің мәңгі асқақ жырың ғой!
Мәңгі алауға жиі барып, әрдайым
Бас киімді қолыңа алышп, гүлің қой!

Жаңбыр

Бейсебай КІРІСБАЕВ

Жауа берші, жау, жаңбыр,
Дала көркін жандандыр.
Жауа берші, жау, жаңбыр,
Қаулап өссін алуан гүл.
Жауа берші, жау, жаңбыр,
Әрбір тамшың—тамған нұр.
Әрбір тамшың—тамған дән,
Асып жатсын қамбамнан!

Өлең-есеп

Кеңесжан ШАЛҚАРОВ

Архатта бар он асық,
Алматта бар он асық.
Қайда барып ойнаса,
Екеуіне жол ашық.

Архат келіп бір күні,
Ұтып алды бес асық.
Сонда Алматтың қолында,
Айтшы, қалды неше асық?

Баста бізді, әліппе

Дәуітәлі СТАМБЕКОВ

Әрбір әріп нұрланып,
Бізге сырын ашады.
Әр әріптен бір жарық
Шұғыласын шашады.

Әр күн сайын бас қосып,
Береді ақыл Әліппем.
Аламыз біз достасып,
Күн сайын бір әріппен.

Сырын ашып көктің де,
Жұлдыздарды аралар,
Өмір сүрсін тек бірге
Әріптер мен балалар.

Менің ағам — күрішші

Оразбай БАЙБАКОВ

Қыста:

Ерте тұрған, елден бұрын жатпаған,
Трактор мен комбайнын баптаған,
Менің осы еңбек құмар атамды
Ауыл-аймақ, аудан түгел мақтаған.

Жазда:

Каникулда қалғым келмей қасынан,
Егіске үйден жеткенімше асығам.
Ағам бітік өсіргенше егінін,
Ұзамайды күріштіктің басынан.

Көктемде:

Көрік қосып кең далаға, көк белге,
Көптен бергі күткен мезгіл жеткен бе?
Оқыс қаулаپ, өссе еken деп тіледім,
Атыздарға аппақ тұқым сепкенде.

Күзде:

Сом денесі құйылғандай құрыштан,
Ағам ешбір шаршамайды жұмыстан.
Машиналар қорабына құйылды,
Бункерлерден борап аққан күміс дән.



Хайуанаттар күрүлтәй

Қадыр МЫРЗАЛИЕВ

Күн тәртібі немесе пролог

Аңдар жиын өткізіп,
Айтты ойларын жеткізіп.
Іштерінде олардың
Жатыр екен көп қызық.

Ас толтырып тегенге,
Ақмақтар мәз жегенге.
Жауап берді ақылды
«Кім боламын?» дегенге.

Жамау салып жабуға,
Болмайды артта қалуға.
Бар мәселе өмірде
Өз орнында табуда.

Токылдақ:

Жапырақты құртатын,
Бүтіндерді жыртатын
Бір пәле бар,
Залым бар
Біле бермес жұрт атын.

Құртатұғын қауымын
Паразиттің жауымын.
Болған емес кедергі
Маған дауыл,
Жауының!

Қай кезде де жәдігер
Өмір үшін өбігер.
Өзім орман емдейтін
Болам мықты дәрігер!

Күндіз:

Оқуда көп сынастым.
Озығымын кластың.
Көбірек мен білемін
Жерден гөрі су астын.

Үрпағына алаңдар
Ата-ана бар. Қоғам бар.
Көрем міне соларға
Канал, шлюз, тоғандар.

Күндыздың ең жаманы
Біледі өсте шаманы.
Мен өзіме лайық
Боламын су маманы!

Піл:

Ну орманды орғанда
Керек оған қорған да!
Бізден күшті паровоз
Табылмайды орманда.

Кернейші еді нағашым,
Менің үнім «тамаша» үн.
Жеткізейін жеріне
Жүнглидің ағашын.

Бойымызда күш толық.
Үш мезгілді үш бөліп.
Жуынсандар,
Тұмсығым
Су құяды душ болып.

Жираф:

Көп ішінде, қарағым.
Мен о бастаң дарамын.
Қабат-қабат үй салар
Құрылыштарға барамын.

Бойы жетпес бір аңың,
Биік қараң тұрамын.
Жұмысын мен істеймін
Жүрмей тұрған кранның!

Менен биік жоқ, тегі,
Биікте ой көктеді:
Жердегі ұлын әперем
Шешесіне көктегі!

Маймыл:

Басқа туса егер күн,
Керек бірі өнердің.
Ал мен өзім ағашқа
Өрмелууге шебермін.

Алақаным көн тері,
Шаршамаймын мен тегі.
Маган болу лайық
Қараңғы орман монтері.

Сияқты алтын шоғайна
Жұлдыздары жоқ айда
Әр бұтаққа шам жағып
Жарық берем тоғайға!

Аю:

Талай жеңгем тіресте
Тірестер сол жүр есте.
Құмармын мен боксқа,
Құмармын мен күреске.
Кілемге көп шыққанмын:
Жығылғанмын,
Жылқанмын.
Бұл өмірдің қызығын
Күш сынау деп үққанмын.

Спортың да — бір өнер,
Оңай емес — біле бер...
Күресуді үйретер
Болсам деймін тренер.

Кенгуру:

Еңбек шіркін еш пе еді?!

Апам тонын шешпеді.
Болатын ол кәдімгі
Бала бақша көшпелі.

Міне осындағананың
Сүтін емген баламын.
Мен де бала бақшаны
Өз қолыма аламын.

Сол өлеңдім, сол өнім.
Мен бақшада қонамын.
Қайткенде де өз басым
Тәрбиеші боламын!

Қарға:

Мен көдімгі қарғамын,
Әмірде жоқ арманым.
Жасамайды менен көп
Сауысқан мен тарғағын.

Күлме! Күлме, қарағым!
Құс ішінде дарамын.
Асып ширек ғасырдан
Одан да әрі барамын!

Тұғырыма қонамын
Тіршілікті шоламын,
Бәрін жазып отырар
Шежіреші боламын!

Қаулы немесе эпилог

Дарын бастап жол басын,
Дұрыстықты қолдасын!
Почталъон балам деп,
Тасбақа өуре болмасын!

Ақыл сөзді тыңдасын,
Ашудан шарт сынбасын.
Әтеш әнші болам деп,
Өзін құлқі қылмасын!

Арыстан боп аң басы
Айтқан сөзді тыңдасын:
Мамандықты кім-кім де
Өзіне сай таңдасын!

Жыл дидары

Дәуітәлі СТАМБЕКОВ

Жапалақ қар жауғанда,
Көк аспаннан үлпілдеп.
Алаңқай мен албар да
Жаңарады біртіндеп.

Жапалақ қар көбелек
Секілді бір қаптаған.
Ақ үлпаңды себелеп,
Көңілденіп, соқ, боран!

Әппақ, әлем, сенбісің
Январьдың сыйлары!
Жаңарудың белгісі —
Жаңа жылдың дидары.

Тұған күн

Мұхтар ҚҰРМАНАЛИН

Әкелді өжем,
Табақтай торт.
Байқаймын, сезем —
Бірінші сорт!
Болды ғой әзір
Дастархан жай.
Соңынан қазір
Береміз шай.

Себебін мұның
Біледі кім?
Себебі: бүгін —
Мен туған күн!

Әдептілік әліппесі

(Октябряттар өлеңі)

Абдрахман АСЫЛБЕКОВ

1

Атам менің әманды
Әдепті жан бол деген.
Асыз сөзі санамда —
Жасы үлкенге жол берем.
Алдын орап кісінің,
Кесіп өтпей көлденең,
Ізетімен кішінің
Сәлемдесіп, қол берем.

2

Атам менің әманды
Кішіпейіл бол деген.
Асыл сөзі санамда —
Мақтанбауды жөн көрем.
Өзімді мен өзгеден
Санамаймын жоғары.
Әуес боп жел сөзбенен
Көпіргенім жоқ өлі.

3

Атам менің әманды
Әділетті бол деген.
Асыл сөзі санамда —
Жүрем әділ жолменен.
Қалдыратын үятқа
Жалған сөзге төзбеймін.
Жеткізетін мұратқа
Тек шындықты көздеймін.

4

Атам менің әманды
Бол дейтүғын бауырмал.
Мынау байтақ ғаламда
Қаншама дос, бауыр бар.
Ақ, сары деп, қара деп,

Бөлуінді білмеймін.

Жаралған сол бала боп.
Барлығың да бір деймін.

5

Дейтін атам әманды
Мейірімділік — борышың.
Қадірлі қарт адамға
Берем ылғи қол ұшын.
Орындаимын табанда
Тілегінің бәрісін.
Кейде ауырып қалғанда,
Әкеп берем дәрісін.

6

Атам менің әманды
Бол дейтүғын тілалғыш
Асыл сөзі санамда —
Алып журмін кіл алғыс.
Үлкеннің де кішінің
Айтқан тілін аламын.
Істеп бәрін ісінің,
Көңілдерін табамын.

7

Атам менің әманды
Бол дейтүғын бірлікшіл.
Бірлік болса адамға
Бақыт дейтін тірлік бұл.

Жұлдызшада бесеуміз,
Ойын-сауық құрамыз.
Гүлдей жайнап өсеміз,
Тату-тәтті тұрамыз!

Арман

Қадыр МЫРЗАЛИЕВ

Азамат боп мен ертең
Ауылымды қөгертем.
Біздің қазған каналға
Канал болмас келер тең.


Күйіп тұрған ауада
Алмайды күн жауа да.
Қағаз қайық жүзеді
Талай арық, науада.

Жерім жұмақ болады,
Бұлт мақта боп қонады.
Бір пүшпағы шөлейттің
Ақ күрішке толады.

Самал желмен тілдесіп,
Белуардан су кешіп,
Перзентіндегі әр елдің
Келер талай гүл көшіп.

Түрі өзгеріп түзімнің,
Жыры өзгерер күзімнің.
Әжем мениң шәй ішер
Саясында жүзімнің.

Бақпен бөгеп желінді,
Жайнатамыз шөлінді.
Өмір сүріп не керек,
Көгерптесең Елінді!



Қостанай қаласы

Қыырдан-ақ қарашы,
Биік тартып қарасы.
Көкше бойын созады
Қостанайдың қаласы.

Бауында алған бұлбұл дем,
Бір күні артық бір күннен.
Құндіз-түні жарқырап,
Көшесінде күн күлген.

Таң қалдырып қатарын,
Алғам ұстаз атағын.
Ескерткіші түр онда
Алтынсарин атаның.

Бейімбет ата

Ақын ата Бейімбет,
Ақылды ата Бейімбет.
Қалдырмапты бір ісін
Аяқтармын кейін деп.

Сыры терең қат-қабат,
Жырлар қандай от қанат!
Тақпақ қылып айтамыз,
Жазғандарын жаттап ап.

Тұған елдің қыраны
Есте мәңгі тұрады,
Сол Бейімбет ата да —
Қостанайдың ұланы!

Алтын қән

Алқаптардан жиылдып,
Бункерлерден құйылдып,
Алтын таулар көз тартар
Ай астында үйіліп.

Тобыл

Талай үрпақ күәсі
Тобыл ағар қыр асып.
Көктем келсе бұрқырап,
Жазды күні жуасып.

Қостанай қаласы

Жел де есуден жалықпайды
Дән теңізін тербеген.
Комбайндар қалықтайды
Көкпен емес, жерменен.

Күсқа толса қалыңы,
Шоршып ойнар балығы.
Жалт-жұлт етер айдыны,
Жасыл нұрға малынып.

Үшан-теңіз егістікті
Көресің сен бұл жерден.
Мұндай шексіз кеңістікті,
Жер бетінен кім көрген?!

Көзіндей боп көненің,
Жатар қымтап көлемін.
Қос қанаты сыңсыған
Көз жеткісіз көп егін!


Бағбан

Бейсебай КІРІСБАЕВ

Елден алғыс алған мын,
Мен бағбанмын, бағбанмын.
Демін көрші жүзімнің,
Демін көрші алмамның.

Бақ қызығы керек пе,
Кел, балақай, көмекке?!
Толтыра бер себетке,
Толтыра бер шелекке.

Адамға тән шыдам-күш,
Балаға тән ұнамды іс.
Бағбан бала атансаң,
Айтам саған мың алғыс.



Ақсак киік

Маңсұт НЕТАЛИЕВ

Бұлақ жатыр ылдиды сақ-сақ күліп,
Жағалауда жүр жалғыз ақсак киік.
Үркітеді байғұсты ерке бұлақ,
Толқынымен су шашып, тас
лақтырып.

Жалғыз киік жапанда жүрген
бөлек,
Бұл байғұсқа береді кімдер көмек!
Сайға түсіп барады сылти басып,
Жанаарында тамшы жас тұр
дөңгелеп.

Мақұлық қой бейкүнә!
Аянышты-ақ!
Ешкі болса — оны адам жаяды
үстап.
Тимендерші, сұраймын,
тимендерші,
Жүрмей ме адам ақсаса,
таяқ үстап?!

Әпия

Өкім ЖАЙЛАУОВ

Жер мен көктің арасын
Шарпығанда қалың-өрт,
Әлия
Орыс қаласын
Азат етіп, болды мерт.
Ол жеңісті көрген жоқ —
Келді кейін азат күн.
Бірақ мәңгі өлген жоқ
Батыр қызы қазақтың.

Балықшы

Мылтықбай ЕРІМБЕТОВ

Тартады ауын жұмыла,
Олжага шылқып батады.
Теңіздің аңы сұына
Қосылып тери жатады.

Балықшы — балуан көнгерлі,
Сүйеді теңіз-мекенін.
Біледі халық сол тердің
Қаншалық тәтті екенін.

Кұстар

Мәлике БАЙСАРИЕВА

Тамаша ғой жазда
Маңғазданған қаз да.

Өзін өзі сүйреп
Жүреді өрең үйрек.

Қыт-қыттаған тауық
Жейді жемін тауып.

Жылдам, ұшқыр сондай
Карлығаш пен торғай.

Дәу қанатын сілкіп,
Отыр шында бүркіт.

Зулап ұшып ылғи
Аң аулайды қырғи.

Сырғи жүзген еппен,
Аққу сұлу неткен?!

Лифтер

Әкім ЖАЙЛАУОВ

Бассаң бір түймесін,
Есігі ашылған.
Керемет күймесі
Кісіні тасыған.

Ағаға сүйінем
Лифтіні жүргізген.
Баратын үйіңе
Көтеріп кіргізген.

Аппағым — Такпағым

Баяділла ТҮРГАНБАЕВ

Мақта, мақта —
Аппағым,
Мақта,
Мақта — мақтаным.

Алажаздай баптадым,
Ерініп бір жатпадым.
Шапан жауып үстіме,
Еңбегімді ақтадың.

Аудискан сөздердің орнын тап!

Мұбарат ЖАМАНАБАЛИНОВ

Қазір біздің ауылда
Қаздар қанша сауылған!
Жайланаған бір алапты
Сиыр қанша қанатты!

Балық қанша тебінде!
Жылқы қанша көлінде!

Ағаш қанша өрісте!
Ешкі қанша жемісте!

Саулық қанша боздаған!
Түйе қанша қоздаған!

Қыздар мен біздер

Қадыр МЫРЗАЛИЕВ

Аяз қарып,
Күн қақтап,
Жүрмейді көп бұлғақтап.
Қыздар үйде ойнайды
Қуыршақты құндақтап.

Ішіп алып түстігін,
Отыр бірі іс тігіп.
Көлеңкеде
Күннің де
Сезілмейді ыстығы.

Бірі құлше жабады,
Бірі көрпе қағады.
Ал біреуі әжей боп,
«Немересін» бағады.
Шаштараз ғып сарайды,
Бірі шашын тарайды.

Дәрігер боп біреуі,
Ауруларды қарайды.
Біреуіне мал дайын,
Бірі айдайды комбайн.
Істейді олар
Жұмыстың
Болса дағы қандайын.

Біз үлкенбіз,
Дардаймыз,
Тентектікке бармаймыз.
Қыздарды үй боп ойнаған
Бұзықтардан қорғаймыз.

Тиіскенде басқалар,
Біз емеспіз жасқанар.
Отан қорғау осылай
От басынан басталар.



Менін атам

Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТОВ

Аппақ күміс сақалды
Жақсы көрем атамды.
Шахматтан ол бүгін
Менен тағы мат алды.

Лак

Керегені сұзуге
Үйретіп ем лақты.
Ол өзімді бүгін кеп
Сүзіп қалып жылатты.

Құлын

Құрау, құрау, құлыным,
Құрағыма түсе ғой.
Тазасын жеп сұлышың,
Мөлдір судан ішे ғой.

Жаңбыр

Бұлттар неге ауады,
Жаңбыр қашан жауады?
Шәлдеді ғой торғайлар,
Шаң басты ғой ауаны.

Шұбар тауық

Шұбар тауық мұлдем
Жолатпайды барса.
Ұясында жүрген
Балапаны қанша?

Балапанын тауық
Қызығанады жаман.
Қанатымен жауып,
Санатпайды маған.

Зергер

Фариза ОҢҒАРСЫНОВА

Білесің бе бұл істі—
Зергерлікке кім дайын?
Балқытып ап күмісті,
Сапырады судайын.

Осы жұмыс ырғағы:
Білезік пен алқаны,
Сақинаны, сырғаны
Күміс сымнан тартады.

Көрсөң қайран боларсың—
Мақтанышы ол бір елдің.
Күмістейді тоғасын
Таралғы мен жүгеннің.

Демеіңіздер бұ қалай
Күмісті де илеген...
Осы өнерді мұрадай
Зергерлерден үйренем!

Орыс жұмбактары

Тарау оңай,
Санау қыны.

(Шаш)

Аузыңда тұрса да,
Жұта алмайсың.

(Тіл)

Мен барамын,
Ол қалады.

(Аяқтың ізи)

Күндіз — шеңбер,
Түнде — жылан.

(Белбей)

Аядай көл, қадалып
ұңғіл мейлі,
Бәрібір тұбі көзге көрінбейді.

(Кесеге құйылған сүт)

Сұңғиді үйрек, сұңғиді,
Қалмайды ақыр құйрығы.
(Ине мен жіп)

Жұргенде қажуды білмейді,
Бірақ та үйіне кірмейді.

(Есік)

Светофор

Зайдә ЕЛГОНДИНОВА

Көшеде ол тұрады,
Көрмей қалма сен оны.
Жанса қызыл шырағы:
«Тоқта, жолdas!» — дегені.

Көшеде ол тұрады,
Көрмей қалма сен оны.
Жанса сары шырағы:
«Ал, дайындал!» — дегені.

Көшеде ол тұрады,
Көрмей қалма сен оны.
Жанса жасыл шырағы:
«Ал, өте бер!» — дегені.

Мұсінші

Шанизада ӘБДІКӘРІМОВ

...Созылды ұрыс ұзаққа
Ел тағдыры шешілер.
Кеуде тосып ДЗОТ-қа
Құлап түсті есіл ер.

Жау оғының өшті үні,
Кетті айбаты желге ұшып.
Батар күндей кескіні
Батыр жатты жер құшып...

Батыр ісін жас ұлан
Кейінгі үрпақ жырласын.
Туған жердің тасынан
Сомдап шығам тұлғасын.

Қазақша құрес

Қадыр МЫРЗАЛИЕВ

Құресуге тіленген
Бала болса,
Білем мен,
Жасыл майса,
Көкорай
Жұмсағырақ кілемнен.

Қызық болса керегі
Күш сынасып көрелік.
Шығыңыздар ортаға,
Жасаймын мен төрелік.

Қүшті күтіп жүре ме?!

Атып ұр да түрегел!
Тобықтан қақ,
Шалып жық,
Бірақ шаптан тіреме!

Күштіге де,
Асылы,
Керек емес бас ұрып.
Жата қалып,
Сен оны
Жібер бастан асырып!

Әдістің бір пайдасын
Көрмейсің бе?
Қайдасың?!
Алып соғар күштіні
Асыргандар айласын
Білем! Білем!
Өжетсің,
Демек елге қажетсің,
Ақылды мен күші сай
Азаматқа не жетсін!



Таңым тамаша

Абдрахман АСЫЛБЕКОВ

Тамылжыған табиғат
Үйқысынан оянып,
Алтын нұрмен әр үй, бақ
Шыға келді боянып.

Тербетеді тоғайды
Жыршы құстар жырымен.
Белдер белбеу орайды
Кең даланың гүлімен.

Айтайын бір санамақ,
Ұғынып ал саралап.
Жетісуды жеті өзен
Ағып жатыр аралап:

Шығысында — Тентегі,
Тулап аққан ерке еді.
Балқаш көлге жетпеген,
Басқа өзеннен келте еді.

Екінші өзен — Лепсісі,
Тауды бұзған көп күші.
Қанша тулат аққанмен,
Тентек одан көп кіші.

Үшінші — Ақсу өзені,
Кең даланы кезеді.
Шаруаға қолайлы,
Шалқып жатыр өзегі.

Төртінші өзен — Қаратал
Балығын жүрт жаратар.
Ақ күрішті алқаптың
Бойына нәр таратар.

Айналайын анашым

Айналайын анашым,
Әлемдегі жан асыл.
Ет жүрегін елжіреп,
Құшағыңа аласың.
Айналайын анашым,
Ақылы асқан данасың.
Мениң үшін не керек —
Бәрін іздең табасың.
Айналайын анашым,
Асқар таудай панаңың.
Бір өзіңе арнаймын
Сөздерімді бар асыл.

Жетісү

Бесінші өзен — Ілесі,
Тым байсалды мінезі.
Балқашқа кеп құятын
Бар өзеннің дүрі өзі.

Алтыншы өзен — Шуы бар.
Асып-тасқан сұын нәр.
Жапан түзді жайқалтып,
Құмға өсірген нұы бар.

Батысында — Таласы,
Болған бір кез Таразы.
Бұл күндері жасарған
Жарқын Жамбыл қаласы.

Бөлеп сымбат-сөніне,
Бөлеп ырғақ-әніне.
Алатаудан басталған
Жеті судың бәрі де.

Жер жаннаты, көркемі,
Өсе түскен өркені.
Жетісү деп атаған
Жеті өзенді өлкені.

Әже

Күнтөре БАЙЗАҚОВ

Көрші үйдегі қарт әжем,
Сүйер көрсе, бетімнен.
Кетер өсіп дәрежем,
Жігіттей боп жетілген.

Қалайша мен қысылам,
Байқамақ боп сынаса.

Күнделікті ұсынам,
Сабағымды сұраса.
Кіл бестікті көреді,
Қағып әжем арқамнан:
— Жарайсың, — деп
жүреді, —
Айналайын қалқамнан!

Көбелек

Тұрсын ЕЛЕУСІЗҰЛЫ

Көбелек-ау, көбелек,
Өдемісің керемет!
Гүлге келіп қона ғой,
Өзің де гүл бола ғой.

Қыста

Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТОВ

Көшедегі бұзаудың
Құйрығынан ұстап ап,
Іздемей-ақ мұзайдын,
Конъки тептім үш сағат.

Есет қайда, Әсет қайда?

— Есет қайда?

— Даңада жүр.

Ол ауланы

Тазалап жүр.

— Әсет қайда!

— Қорада жүр.

Қозы, лақты

Мазалап жүр.

— Есет қайда!

— Балтаны алыш,

Жатыр сыртта

Отын жарып.

— Әсет қайда?

— Кетті қашып.

Суды төгіп,

Үйді шашып.

Есет қайда

Кім білмейді.

Ештецені

Бұлдірмейді.

Әсет қайда

Кім білмейді.

Тентектікten

Жол бермейді.

Сұрап

Марат НҮРҚАЛИЕВ

Дүйсенбіде —
басы ауырып
жатты,

Сейсенбіде —
іші ауырды
қатты.

Сәрсенбіде —
аяғы
ақсады,
Бейсенбіде —
азу тісі
қақсады.

Жұма күні
жөтел қысып,
Сенбі күні
тобығы
тайыпты...

Ал жексенбіде —
құлан-таза
айықты!..

Сонда оның сырқатын
қалай атая лайықты.

«Мықты»

I

Бекен келіп бізге былай
мақтанды:
— Сегіз рет жығып кеттім
Ахтанды!

II

Қуанып ек мықты деп,
біздің Бекен,
Ахтан — оның төрт жасар
інісі екен!..

Жалқау туралы ертеңі

Мылтықбай ЕРІМБЕТОВ

Жалқау деген адамның
Бірге кешкен жорықты.
Үйқы, Құлкі дейтүғын
Екі досы болыпты.

Үйықтап жатса Үйқысы,
Құлкісі кеп қорыпты.
Жалқау деген бұл кісі
Жатып ішер болыпты.

Үйқы қонып қабаққа,
Болбырапты ол епсіз.
Тойып алып тамаққа,
Құледі екен себепсіз.

Қолын, жалқау өтініп,
Даяр асқа созыпты.
Сол жалқаудың етігі
Жатуменен тозыпты.

Қаңғып-қаңғып қалжырап,
Қарны ашыпты бір күні.
Көрінгеннен нан сұрап,
Жармасыпты бір күні.

Ешкім бермей нан оған,
Депті: «Қозғал, құр жатпа!»
Келістіріп сабаған:
Құлкі қашқан бір жаққа,
Үйқы қашқан бір жаққа...

Құле берсе кім егер,
Қол сілте де, жүре бер!
Көп ұйықтаса кім егер
Сол жалқау деп, біле бер!

Жаңбыр жауғанда

Ой, жаңбырдың жауғаны-ай!
Ақ тамшылар секірді.
Барлық үйлер, бар маңай
Сабын көбік секілді.

Алмұрт, жиде, адамға
Саулап тұрып су ақты.
Ағаш, гүлдер жап-жана
Көйлек киген сияқты.

Батырлар аттас балалар

Оразақын АСҚАР

Есімдері әнге ұласқан
Бебек боп бүгін бүр
ашқан.
Табылар Мәншүк, Әлия,
Іздесең әрбір кластан.

Қаладан, әрбір ауылдан
Табылар Талғат,
Бауыржан.
Өсеміз дейді батыр боп,
Жаралған жаны дауылдан.

Төлеген, Сұлтан, Мәліктің
Есімін жүрсе алып кім,
Қызыға біздер қараймыз
Болар деп ұлы халықтың.

Сүға жұзу

Әділгазы ҚАЙЫРБЕКОВ

Көлдің бетін иректеп,
Қалқып жүрген үйрек көп.
Інім тұрды қыңқылдал:
«Жұзуді, аға, үйрет» деп.

Көлдің үстін сызғылап,
Жұзген қаздар ызғын-ақ.
Құр қызықтап көргенді,
Қайтамыз ба біз, бірақ...

Дәрменсіздік танытпай,
Үйренуден жалықпай.
Інішегім екеуміз
Жұзек дейміз балықтай.

Достық — ұлы тыымыз

Әли ЫСҚАБАЕВ

Дос бауыр көп,
Тосқауыл жоқ,
Айқара ашық есігі
Ұлы Отаным,
Гүл Отаным —
Тыныштықтың бесігі.

Тілегі бір,
Жүрегі бір
Достармен біз біргеміз.
Туыс барда,
Құрыштан да
Берік біздің іргеміз.

Тұрксіб түйіскенде

Асқар ТОҚМАҒАМБЕТОВ

Тауда тіліп, тасты бұзып,
Тамшылатып аңы тер,
Жан жүрмеген, жан баспаған,
Жан көрмеген тасты жер.

Қырды асып, белді басып,
Жолды салған қандай ер?
Ол қайратты, ол қажырлы,
Қайтпас, қайсар жұмыскер.



Тенізші

Төлеген МҰҚАЕВ

Ақ желкенді кемемен
Шарлай жұзу теңізді
Теңізшінің ежелден
Арманы еken ең ізгі.

Құштар еткен толқынға
Құдірет күш бұл нендей!
Емін-еркін ол мұнда
Өз үйінде жүргендей.

Келседағы сағынып,
Алыс жолдан аңсаған.
Асау айдын шақырып,
Асығады қайтадан.

Соға түссе дауылы,
Арта түсер айбыны.
Теңізшінің ауылы—
Шалқар теңіз айдыны.

Тұміндік

Адырбек СОПЫБЕКОВ

Дарияға жақынбыз,
Шөп дайында жатырмыз.

Біз пішенші боп алдық,
Жұмыстан кеш оралдық.

Сол еді күн батқаны,
Лезде маса қаптады.

Ішілмеді тамақ та,
Істі көз бен қабақ та.

Шөп-шаламды отын ғып,
Сала қойдық түтіндік.

Жер таппастан тасалар,
Безіп кетті масалар.

Жақсы болды түтіндік,
Бар масадан құтылдық.

Әжесінің сабагы

Жүмекен НӘЖІМЕДЕНОВ

Ойыншықтың жиып алып жаңа түрін,
Түсіндірді ұлына ол ақырын:
Болса егер қоянда қанша құлақ,
Соншасының мысықта болатынын.

Сәбілердің мінезі десек түрлі,
Қызықтырмас дәл мұндай есеп кімді,
Болса егер сиырда қанша мүйіз,
Құлагы сонша екен есектің де.

Тағы айтады ұлына ойланып ап,
Болса егер қанша доп қолда мына:
«Адамда да сонша бас бар, — дейді ол, —
Тек онымен болмайды ойнауыңа!

Аяз Ата

Қуаныш АХМЕТОВ

Аппақ тонға оранып,
Базарлықты мол алып,
Келді алыс сапардан
Аяз ата оралып.

Қалып едік сағынып,
Күтіп алдық жабылып.
Жолын қойдық жарық қып,
Шыршаларға шам іліп.

Бізбен бірге ойнайды,
Жаңа жылды тойлайды.
Барлық бала бақытты
Болса екен деп ойлады.



Бес саусан

Дүйсенбек ҚАНАТБАЕВ

Бес туысқан,
Бес туысқан,
Бір-біріне
Ес туысқан:

Бас бармағым,
Баста бәрін.
Ашық болсын
Қас-қабағың.

Балаң үйрек,
Алаң үйрек,
Батылдау бол,
Болма күйрек.

Ортан терек,
Ортан терек,
Өзгелерден
Болсаңшы ерек.

Шылдыр шұмек,
Шылдыр шұмек,
Шын ниетті
Білдір тілек.

Кішкене бөбек,
Кішкене бөбек,
Еш нөрсені
Істеме бөлек.

...Бес туысқан—
Бес туысқан,
Осал емес
Еш құрыштан!

Құрманғазы

Ақыштап БАҚТЫГЕРЕЕВА

Үл боп туып Азғыр құмда,
Аңсап өтіп азат күн,
Маңдайыңа жазылдың да
Қалдың бүкіл қазақтың.

Риза боп халқың, далаң
Бар жерге атың қойдырган.
Сенің күйің тартылмаған
Откен емес той-думан.

Сахналар ашылғанда
Күй боп акты мол мұран.
Бізben бірге ғасырларға
Бара жатыр домбыраң.

Бейбіт күн

Жұматай ЖАҚЫПБАЕВ

Алаулап гүл тұрады,
Тұған жер құлпырады,
Бейбітшілік болса!

Тұрленіп бақша, бағы,
Тірлік те жақсарады,
Бейбітшілік болса!

Балалар болады аман,
Аналар болады аман,
Бейбітшілік болса!

Соғыстың зардабы

Жарасбай НҮРҚАНОВ

Жасын сығып оқыстан,
Күрсінеді кейде әжем:
« Үлкен атаң соғыстан
Оралмады», — дейді әжем.

Мұнаямын мендағы,
Келеді аяп, болысқым.
Ауыр екен зардабы
Атың өшкір соғыстың...

Ер жауынгегер ағапар

Асқаржан СӘРСЕКОВ

«Балғын бөбек, балалар
Болсыншы, — деп, — көңілді»
Ер жауынгегер ағапар
Күзетеді өмірді.

«Гүлдер тұнып сүйкімді
Тұрсын, — дейді, бақтарда».
Күзетеді үйқымды,
Мен тынышып жатқанда.

Қуыр, қуыр, қуырмаш!

Адырбек СОПЫВЕКОВ

Қуыр-қуыр, қуырмаш,
Мен айтайын, қолынды аш!

Мынау тұрган басбармақ,
Жұмыс содан басталмақ.

Алақанның тұңғышы
Болсын осы жылқышы.

Балаң үйрек жаңында,
Бейім сиыр бағуға.

Ортан терек — ұзыны,
Түйе бақсын, қызығып!

Шылдыр шүмек — бұл саусақ,
Қой бағуды тұр аңсап.

Титтей бөбек-шынашак,
Сен дайында жерошақ.

Білекке енді барайық,
Онда не бар, табайық:

Мына жерде күн болар,
Мына жерде түн болар.

Мына жерден ай шығар,
Мына жерден май шығар.

Бәрін айтып болдық па?
Келіп қалдық қолтыққа!

Қытық. қытық. қызық-ай,
Міне өрік, міне май!

Қуыр-қуыр, қуырмаш,
Бидай салам, қолынды аш.

Төгіп алмай құлем деп,
Балапанға барып шаш!

4-бетім

1988-1998 жж



«Балалар әлемі»

Мұхтар ҚУРМАНАЛИН

Сырты да өдемі,

Іші де өдемі.

Балалар дүкені —

«Балалар әлемі»

Құрбыммен барамын.

Қолымның босында.

Оқушы баланың

Керегі — осында.

Бәрі бар қапталда.

Қайсысын қалаймын.

Қаз-қатар заттарға

Қызыға қараймын.

Не керек — аламын.

Айтпаймын еш өкпе.

Тәртіпті боламын.

Тұрамын кезекке.

... Қайталық зат алыш,

Сен де тез жет енді.

Базарлық апарып,

Қуантам бөпемді.

Алатау

Өркеші — қар,

Өзені — нәр.

Суреті — дәл

Шеккен бір нар.

Аспаны — ніл.

Аумағы — гүл.

Шапағат нұр —

Алатау бұл.

Жыл бойы көк

Шыршасы көп.

Қарайсың тек,

«Жарайсың!» деп.

«Балдырыған»

Білемін

Белісер

Қашама сыр барын.

Бауырымдай көрісер

Бұл — менің журналым.

Айтамын жаңылтпаш,

Шешемін жұмбағын.

Оқысам — жалықпас

Бұл — менің журналым.

Күй толып көңілге,

Шақырған арманым.

Жетелер өмірге,

Бұл — менің журналым.

Біздің аула

Күз келгенде
Баудағы
Жапырақтың жауғаны...
Кезектесіп күн сайын,
Сынырамыз ауланы.

Дауылдатқан дүлей күз
Тез өтуін тілейміз.
Жазда аулаға су сеуіп,
Қыста қарын күрейміз.

Көктем күні көпшілік
Отырғызды көк шыбық.
Күзетеміз біз оны
Ертеңгілік, кешкілік.

— Болсын таза ауламыз, —
Дедік,
Қолда — қауғамыз.
Бірте-бірте үй алдын
Айналдырық бауға біз.

Тұған жердің бөбекіміз біздер де

Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ

Козы, лақ, ақ бота,
Кең даланың торғайы —
Жолығыпты қоянға
Болмай жүрген жағдайы.

Бір жағынан кісінеп
Құлын келе қалыпты.
Аузын ашып ақ бұзау
Әңгімеге қаныпты...

Мен қозымын

Мен қозымын, қозымын,
Жақсы бір ән — өз үнім.
Жаздай шопан атаның
Аузындағы сөзімін.

Мен қозымын ақ маңдай,
Құйрығым бар батпандай.
Мен ойнасын деп дала
Құшақ жайып жатқандай.

Шыққан күнді көрем деп,
Қырға шығам елеңдеп.
Бұлақтар да сылдырлап:
«Су іш — дейді, — менен кеп».

Таң азаннан өрем де,
Ойнақтаймын далада.
Медаль алыш берем мен
Мені баққан балаға.

Мен торғаймын

Мен торғаймын, торғаймын,
Көк аспанды шарлаймын.
Жердегі бар қызықты
Көкте тұрып барлаймын.

Мен торғаймын, торғаймын,
Жерге-бекер қонбаймын.
Шегірткеден, шіркейден
Ақ бидайды қорғаймын.

Барам жерге қалаған,
Жалқаулықты ұқпаймын.
Жүгері еккен даладан
Шыр айналып шықпаймын.

Дау-жанжалдан шеттеймін,
Көбейемін, көктеймін,
Өзім туған жерімнен
Қусаң дағы кетпеймін.

Мен қоянмын

Мен қоянмын, қоянмын,
Күндіз-түні ояумын.
Қаша-қаша қасқырдан
Құлауға да таяумын.

Табады ғой іздесе,
Сақ қой, шіркін, құлағы.
Тұлқінің де біз десе
Тісі қышып тұрады.

Анау жақта өрт бар ма,
Жасырынайын қалыңға.
Жолбарыстың жортқанда
Тұрмау керек жолында

Келем, міне, тағы ұшып,
Ентелеймін еңіске.
Арыстанмен алысып,
Қайдан жетем жеңіске?

Мен қоянмын, қоянмын,
Күндіз-түні ояумын.
Көжегімнің қасында
Мен де өзімше ноянын.

Мен лақпын

Мен лақпын, лақпын,
Бойымда бар бір-ақ мін.
Әлім жеткен кішіні
Сүзіп қалып жылattым.

Мен лақпын, лақпын,
Шұнандаған шұнақпын.
Шелдегенде, соңымнан
Қозыларды шұбаттым.

Жардан талай ұштық та,
Тұтқиылдан жол таптым.
Шыдамсызбын ыстыққа,
Суықтан да қорқақпын.

Шауып жүріп арыдым,
Жеңілтектеу шығармын.
Жас шыбықтың қабығын
Қажалауға құмармын.

Корқақтықпен күн көріп
Жүрген жаның мен емес.
Бәрінді де бір періп,
Шығарамын төбелес.

Мен құлышының

Құйрық-жалым судырап
Тұрған титтей құлышыны.
Кең далада құлдырап,
Құн нұрына жуындым.

Осы күнім — тәтті уақ,
Оны да өзім түсінем.
Ойға түссем шапқылап
Қырға шығам кісінеп.

Көп қой деймін күшім де,
Құсты қуып жетемін.
Ақ сағымның ішінде
Алыс ұзап кетемін.

Дөңестерден қарғып-ақ,
Шырқап шыңға шыға алам.
Ертең болып арғымақ,
Ердің атын шығарам.

Мен ботамың

Ешбір жерде ентелеп,
Бәйге алмаған ботамын.
Анашыма еркелеп,
Тайрандаған ботамын.

Таудың сонау басында
Сәні болып жотаның,
Ақ анамның қасында
Маң-маң басқан ботамын.

Мен ботамын — баламын,
Сүйкенбеймін жас талға.
Момынымын даланың
Мойнын созған аспанға...



Мен қорындағы миңде
Баламын баламын жас талға
Мойнын созған аспанға
Көзіндең күндең күндең

Көктем

Көмек БІВЫРАЕВ

Бұлбұл сайрап шат үнді,
Ну тоғайға шақырды.
Таудан аққан өзен де
Бар даусымен «ақырды».

Жайрандасып жас-кәрі,
Құстар келе бастады.
Қыс киген ақ шапанды,
Көктем жыртып тастады.

Ақ пак

Асқар КІРЕБАЕВ

Күтеді ол жолымнан,
Кәмпіт берем қолымнан.
Сондықтан ба, томпаңдаپ
Қалмайды бір соңымнан

Жемді берем ірікте,
Өзінде ерке қылыш көп.
Тура маған тартады,
Шай үстінде кіріп кеп.

Мәнгілік алау

Отан үшін мерт болғанды танып, біл,

Оларды өсте ұмытпайды халық бұл!

Ерлік даңқы ешқашанда өшпейді —

Батырлардың жүргегі от боп жанып тұр!

Олар — сенің таңғы шапақ, нұрың ғой!

Олар — сенің мәңгі асқақ жырың ғой!

Мәңгі алауга жиі барып, әрдайым

Бас киімді қолыңа алып, гүлің қой!

Қара бұлтқа оранбасын Құн көкте!

Барлық халық бейбіт өмір сүрмек де!

Отаның бақыты үшін мерт болған

Батырларды есінде ұста, құрметте!



Мысығым

Нагима АРЫНОВА

Тікірейіп құлағы,
Менен бұрын тұрады.
Бойын жазып керіліп,
Беті-қолын жуады.

Қасымнан бір қалмайды,
Көзін қысып алдайды.
Ойнатсам да күнімен,
Ойнын бір қанбайды.

Аяз

Қатира ЖӘЛЕНОВА

Тұнімен еңбектеніп,
Әдемі өрнек төгіп,
Қойыпсың
Өрмекшідей
Әйнекке өрмек керіп.

Төзімің темірдей тым,
Ұстасың ерінбейтін.
Сен қалай ою салдың
Қолыңмен көрінбейтін?!

Почташы

Ескермес ЕСКЕНДІРОВ,

Күні бойы жол жүріп,
Көрген емес болдырып
Қайтады үйге, алғысты
Қапшығына толтырып.

Күз

Мұқатай ЖЫЛҚАЙДАРҰЛЫ

Алма, өрікті қамбаларға
Толтырды әкеп алтын күз.
Шәкірт болып парталарға
Отырды кеп алтын күз.

Бұлт болып та Алатауға
Байланыпты алтын күз.
Дастарханда таба нанға
Айналыпты алтын күз.

Асығу

Қастек БАЯНБАЕВ

Жетіге аяқ басқалы
Жұз жыл өткен сияқты.
Ұмыт бола бастады
Созған күндер құлақты.

Календарьдың биылғы
Бетін күнде аударам.
Мениң туған күнімді
Ұмытты ма өлде анам?

Әтіп жатыр ретімен
Көктем жазға жалғасып.
Осындайда жетіден
Кетпедім бе өлде асып?

Көптен бері күтініп
Жүргенім жоқ мен текке:
Бала бақты бітіріп,
Бармақ едім мектепке.

Менің кемем

Ертай АШЫҚБАЕВ

Кеме жасап өуре болдым бірер күн,
Сосын оны өзенге өкеп жібердім.

Құстардың мен білемін не жейтінін,
Олар үшін салдым дәннің кей түрін.

Құрт та салдым балықтарға арнап мен,
Басқа сыйым бірақ сыймай қалды өттең.

Аттандырдым жүк тиелген кемемді,
Балық, құсты қуантуға ол жөнелді.

Басқарап ем капитан боп тәзімді,
Кемем бірақ көтермейді өзімді.

Мысық

Өссе болды ағамыздың сақалы,
Үстарасын ызындағы жатады.
Осы тірлік, бәлкім, мықтап ұнады:
Ала мысық ұзақ қарап тұрады.
Қозғалмастан отырғаны бір түрлі,
Ойлай ма екен: «Мен қайтем, — деп, — мұртымды?»

Біздің көл

Біз шомылар көл бұл,
Айдыны — дәл айна.
Суы шықтай мәлдір,
Құмы жылы, майда.

Жаға толы гүлге,
Тең келер қол қайда?
Ұрланып кеп түнде,
Шомылады Ай да.

Қуаныш

Қастек БАЯНБАЕВ

Көбейді тіс дегенің,
Күнде айнадан көремін.
Енді менің аузымда
Тіс өсетін жоқ орын.

Бұрын ашу кернейтін,
Сөйлегім де келмейтін.
Аузым толған аппақ тіс,
Күле берем енді еркін.

Танермен

Ерте тұрғым келмейді,
Бірақ тағы тұрамын.
Көзім түк те көрмейді,
Естімейді құлағым.
Суды ағызып ақырын,
Жұған болам бетімді.
Кешегі көп ақылым
Кеміп қалған секілді.
Бала баққа бүгін де
Барғым келе қоймайды.
Жақсы көрем үйімде
Кейде жеке болғанды.
Бірақ үйден шығамын
Қол ұстасып көкеммен.
Ашылып көз-құлағым,
Бала баққа жетем мен.

Кешкілікте

Біз ересек баламыз,
Аппақ жаға-жеңіміз.
Біріншіге барамыз
Биыл күзде көбіміз.

Кейде қызып қанымыз,
Қызарса да шекеміз.
Кешке қарай бәріміз
Ақылды боп кетеміз.

Тымыраймай ондайда,
Қайта жымың қағамыз.
Сағат алты болғанда
Шырт киініп аламыз.

Келсе бізді алуға
Көкеміз не анамыз.
Әлгілердің жанында
Кішкентай боп қаламыз.

Көл суреті

Гаунар АДАМБАЕВА

Күнде көлге барамын
Көлден достар табамын.
Жүзіп жүрген қаз, үйрек
Үйретеді бар әнін.
Қаңқылдайды қаздары,
Үйректің де сазды әні.
Су бетіне, қызық-ау,
Құстың жазу жазғаны.

Лак

Нұрболат МЕҢГІТАЕВ

Лағым-ау, лағым,
Естімей ме құлағың?
Айтқан сөзді ұқпайсың,
Келмей ме әлде тіл алғың?

Айттық саған жаппай сын,
Тегі тыным таппайсың.
Қозы құсап бірауық
Неге тыныш жатпайсың?

Піл

Байбота СЕРІКБАЕВ

Піл-ау, зілдей дененди
Шаршадың ғой ауырлап,
Тынықсаңшы сен енді,
Бір уақ жер бауырлап!

Бала-шаға мінгесіп,
Жүйкесіне тие ме,
Шаршап келсе,
Құм кешіп,
Шөгеді ғой түйе де.

Күндіз-түні тік тұрып,
Аяқтарың талмай ма?
Әлде осындай мықтылық
Жазылған ба мандайға?!

Айнымаған дәл өзім

Менің тіттей інім бар,
Тербетемін бірауық.
Шыр-шыр етіп шырылдар,
Бейберекет жылауық.
Папам, мамам күніге,
Қарашы деп түріне,
Ұқсаған өзі маған деп,
Бір-бірімен таласып,
Ініме жүр қарасып.
Әзілдеп бір-біріне,
Таласады ініме,
Несі оларға ұқсаған...
Деймін өзім несіне,
Оларменен таласам.
Айнымаған дәл өзім,
Ініме мен қарасам.

Жұмбактар

Ескен ЕЛУБАЕВ

Темір қалып,
Іші толған әріп.
(Машинка)

Қатар-қатар түйме,
Бассаң, салар қүйге.
(Гармонь)

Екі басы бар,
Темір тасы бар,
Қаз-қаз қаздай түр,
Тең қалпын жазбай түр.
(Таразы)

АҚ БӨПЕМ (Халық өлеңдері)

Тұсау кесу жыры

Каз-қаз, балам, қаз,
балам,
Қадам бассаң, мәз болам.
Күрмеуінді шешейін,
Тұсауыңды кесейін.

Каз-қаз, балам, қаз,
балам,
Тақымыңды жаз, балам,
Қадамыңда карайық,
Басқаныңды санайық.

Айналайын баладан

(Екі баланың айтуына арналған)

- Айналайын баладан,
Тауып алдық даладан.
- Далада бала жата ма?
- Түсіп қапты шанадан.
- ...біздің қайда екен?
- Қыздарменен тойда екен.

- Тойда неғып жүр екен?
- Алма теріп жүр екен.

- Алмасынан кәнеки?
- Жаңа теріп жүр екен.

- Жаңасынан кәнеки?
- Қабы толмай жүр екен.

Тәй-Тәй

Тәй-тәй, балам, тәй,
балғын,
Жүре қойшы жай,
балғын.
Қарыс сүйем қаз бастың,
Қадамыңдан айналдым!

Бесікке бөлеу

Мойнымдағы тұмарым,
Тарқамайтын құмарым.
Тағдыр берген алсын деп,
Ақ бесікке салсын деп.

Мойнымдағы маржаным,
Қорадағы мал-жаным,
Бесігіңе жата ғой,
Тәтті үйқыға бата ғой!

Ақ бөпем

— Алатаудың басынан не
көрдім?
— Ақ бесікті мен көрдім;
Ақ бесіктің ішінен
Ақ баланы мен көрдім;
Ақ баланың қолынан
Ақ биялай мен көрдім;
Ақ биялай ішінен
Қызыл алма мен көрдім;
Қызыл алма иіскедім,
Ақ бөпемді иіскедім.

Өс-өс

(Балдырганың қол-аяғын созу)

Өс-өс, балам, өсе бер,
Батыр бол — балуан
білекті,
Батыл бол — таймас
журекті.
Аяғыңды созайық,
Саусағыңды жазайық.
Етті болсын балтырың,
Епті боп өс, жарқыным.
Өс-өс!

Айналайын айдан

Айналайын айдан,
Су алайын сайдан,
... бөпешім,
Тисін елге пайдан!

Аспандағы жұлдызым,
Маңдайдағы құндызым.
Ұйықтай қойшы тезірек,
Толықсыған қырмызым!
Жүгіре қойшы, құлышым,
Желбіресін тұлымың.
Елгезек бол, ерінбе,
Ілгері бас, шегінбе.

Дәу болдым

Нұрхан ЖАНАЕВ

Көз саламын бауға да,
Гүл егемін аулаға.
Жалғыз өзім құдықтан
Тарта аламын қауға да.
Барам биыл мектепке,
Болдым қазір дәу бала.

Тәмтінің әзары

Кәмпіт көрсे қай бала
Маган, маган демейді?
Біздің Болат жай ғана
Қарайды да, жемейді.

Ол кәмпитеттің биылғы
Орындаған жоспарын.
Кәмпіт жесе қыны —
Тісі қақсар қасқаның.

Мән мен сән

Мұзатар ӘЛІМБАЕВ

Алма
Шырын болмаса,
Миға
Білім қонбаса,
Беске
Дәптер толмаса,
Балта
Ағаш жонбаса,

Көгал
Жасыл болмаса,
Болат
Асыл болмаса,
Жүйрік
Шауып озбаса,
Гүлдер
Бойын созбаса,

Жігіт
Қамды болмаса,
Үл-қызы
Арлы болмаса,
Дүниеде сән
қалмас,
Тіршілікте мән
қалмас!

Қой жасаған той туралы немесе той жасаған қой туралы

Ескен ЕЛУБАЕВ

Жазғытүрим жайлауға,
Жиналғанда барлық қой,
Он жылдығын тойлауға
Ниет етті
Саулық Қой.

Жылда табар егізден,
Білетін қой өз ісін.
Шақырды ол емізген
Тойға он сегіз қозысын.

Қой отырып қараса,
Немерелер баршылық.
Шөберені санаса,
Келген екен шаншылып.

Өсіп-өнген тұқымы,
Қой бақытты мал екен.
Немерелер бұл күні
Қисапсыз-ақ сан екен.

Туажаттың қаптаған
Есебінен жаңылды.
Дәл есебін таппаған
Қой
Алжасып аңырды.

Кең жайлаудың төсіне
Сыймай кетті келгендер.

Табылмады өзіне
Дәл есебін бергендер.

Саулық Қойдың
Өзі мен
Тұқымының жұнінен,
Қаншама жіп есілген
Қаншама жіп иірген!

Жұннен тіккен жүздеген
Келген костюм, жейделер.
Саулық қойға біз деген
Бай таппадық тең келер.

Сырып тіккен теріден
Талай-талай тон да жүр.
Сырты момын көрінген
Арман бар ма Қойда бұл!

Созбалақтап не керек,
Орасан зор той болды.
Бәрінен де керемет
Той жасаған Қой болды.

Бар ма, сірә, айтары,
Бізде басқа ой бар ма?
Бәрінен бай,
Пайдалы
Мың раҳмет қойларға!

Джек салған үй

/Ағылшын ауыз әдебиетінен/

Бұл — үй.

Оны Джек салған.

Ал, бұл — бидай,
Оны өлгі Джек салған үйдің
Қараңғы шоланында сақтайды.

Ал, бұл — көңілді шымшық,
Ол — Джек салған үйдің
Қараңғы шоланында сақтайтын
Әлгі бидайды үрлап тыным таппайды.

Бұл — мысық.
Ол — Джек салған үйдің
Қараңғы шоланында сақтайтын
Бидайды үрлап тыным таппайтын
Шымшықты үркітіп үстайды.

Бұл — шолақ құйрық төбет,
Ол — Джек салған үйдің
Қараңғы шоланында сақтайтын
Бидайды үрлап тыным таппайтын
Шымшықты үркітіп үстайтын
Әлгі мысықты жүндеп,
жұлмалап қыстайды.

Ал, бұл — тоқал сиыр.
Ол — Джек салған үйдің
Қараңғы шоланында сақтайтын
Бидайды үрлап тыным таппайтын
Шымшықты үркітіп үстайтын
Мысықты жүндеп, жұлмалап қыстайтын
Әлгі төбетті тебеді.

Ал, бұл — ақ шашты тырысқақ кемпір.
Ол — Джек салған үйдің
Қараңғы шоланында сақтайтын
Бидайды үрлап тыным таппайтын

Шымшықты үркітіп ұстайтын
Мысықты жүнде, жұлмалап қыстайтын
Төбетті тебетін
Әлгі тоқал сиырды сауып келеді.

Ал, бұл — еріншек те етженді бақташи.
Ол — Джек салған үйдің
Қараңғы шоланында сақтайтын
Бидайды үрлап тыным таппайтын
Шымшықты үркітіп ұстайтын
Мысықты жүнде, жұлмалап қыстайтын
Төбетті тебетін
Тоқал сиырды сауып келетін
Әлгі тырысқақ кемпірмен ұрсысып қалады.

Бұл — екі өтеш.
Ол — Джек салған үйдің
Қараңғы шоланында сақтайтын
Бидайды үрлап тыным таппайтын
Шымшықты үркітіп ұстайтын
Мысықты жүнде, жұлмалап қыстайтын
Төбетті тебетін
Тоқал сиырды сауып келетін
Тырысқақ кемпірмен ұрсысып қалатын
Әлгі бақташыны
Таңтерең үйқысынан оятып алады.

Аударған Ескен Елубаев

Үлгі

Лесбек САЙЛАУБЕКОВ

Су өкел деп жұмсады
Інімді анам азанда.
Тіл алмаса, ұрсады
Інім үшін маған да.

Тіл алса інім, бұл күнде
Бөліп апам жатпайды.
Сенің жақсы үлгің деп,
Мені де көп мақтайды.

Құсканаты

Өтепберген АҚЫПБЕКОВ

Әнгे бөлеп бауларды,
Құстар келген кез еді.
Аяқ асты қар жауды,
Тоңазытып денені.
Тоқтататын күш бар ма?
Жауып жатыр қар өлі.

Түйелер

Әнес НАРЫМБЕТОВ

Өркештерін май басқан,
Аяқтарын паң басқан.
Аңы қуып, жайылып,
Бетегелі белді асқан.
Жантак көрсе — жабысқан,
Сораңмен тез табысқан.
Шеңгелің мен жидеңді
Көзі шалар алыстан.

Еркесіндей даланың,
Тұқымы ойсыл — қараның.
Жетегінде бәлсінбей
Кете берер баланың.

Өзі құмның «кемесі»,
Ерекше ірі денесі.
Қырға барып,
Көрдің бе
Түйелерді сен осы?

Жел

Ермахан АБДРАМАНОВ

Қақпаны сабалап,
Долы жел ұрады.
Үзыңы мазаны ап,
Құлақта тұрады.

Тозғандай табаны,
Біреуді таба алмай,
Есікті қағады
Бейне ол адамдай.

Жусан

Көктем шыға көктейді,
Жусанға шөп жетпейді.
Жұпар атып сан қылышы,
Түстік жерден аңқиды.
Елітесің иісіне,
Малдар жейді сүйсіне.

Ту даға нәр берген,
Арық малға әл берген.
Жылқыларға жал берген,
Түйелерге қом берген.
Жайылса қой,
Күзді күн
Көтере алмайды қүйрығын.
Қыстай жарап тебінге
Жусан жақсы-ау тегінде.

Кімге құлу керек?

Ескен ЕЛУБАЕВ

Достар қатар жүргенде,
Жақсы өзара құлген де.
Бірақ та, құл жөнімен,
Себебін тек білгенде.

Жазда қарап жатпадық,
Шомылуға аттандық.
— Жүземіз, — деп, — балықтай,
Жүр кейбіреу мақтанып.

Келе сұңғи жөнелдік,
Болсын қанша тереңдік.
Жағасында өзеннің
Рахатқа кенелдік.

Суға жүзе алмайтын,
Терең жерге бармайтын.
Күлдік сонда.
Асқарға
Соңымыздан қалмайтын.

— Несін, — деді ол, — құлесің,
Тау мен таста жүресің.
Таулы жерде туғанмын,
Қалай жүзе білесің?

— Неге керек ерегес,
Бұған құлу жөн емес,—
Деп, құлгенді доғардық,—
Кінәлі оған сен емес...

Суға жүзе алмайтын,
Терең жерге бармайтын,
Күлдік сонда, Айдарға
Қасымыздан қалмайтын.

— Несін, — деді ол, — құлесің,
Құм, шөлейтте жүресің.
Шөлді жерде туғанмын,
Қалай жүзе білесің?!

— Неге керек ерегес,
Бұған құлу жөн емес,—
Деп, құлгенді доғардық,—
Кінәлі оған сен емес.

Суға жүзе алмайтын,
Терең жерге бармайтын.
Күлдік сонда Ақанға,
Қасымыздан қалмайтын.

Ақан болды шын құлкі,
— Жарасымды бұл құлкі.
Суға жүзе білмеуің
Айналайын тым түрпі!

Бұған құлақ түреміз,
Күлсек,
Соған құлеміз,
Сен туған жер —
Өзеннің
Жағасы ғой,
Білеміз...

Тұрды ол сылтау айта алмай,
Ақталып та, жалтармай.
Күлдік оған, күлдік біз
Жаз бойына алты айдай...

Таңырқау

Дөңнің арғы жағында,
Енесінен айырган.
Шөбі бітік шалғында
Қозылар жүр жайылған.

Арасына келер де,
Жалғыз құлын қосылар.
Кісінесе ол егерде,
Маңырайды қозылар.

Арасына келер де,
Жалғыз бұзау қосылар.
Мәніресе ол егерде,
Маңырайды қозылар.

Арасына келер де,
Жалғыз бота қосылар.
Боздаса ол егерде,
Маңырайды қозылар.

Арасына келер де,
Жалғыз торай қосылар.
Қорсылдаса ол егерде,
Маңырайды қозылар.

Ешқандай дау-дамайсыз,
Күндер жылжып өтеді.

Жайылады алаңсыз,
Бәріне шөп жетеді.

Күнде өрісте қосылар
Жұбын жазбай оларын.
Маңыраса қозылар,
Қорсылдайды торайын.

Елең етсе төңірек,
Боздар бота үні ол.
Қояр бұзау мәніреп,
Кісінесе — құлын ол.

Мұндай шалғын табылмас,
Жайылса олар күнімен.
Ешқашанда жаңылмас
Бар төлдер өз үнінен.

Құлын. Бұзау, торай да,
Бота тұрса маңырап,
Шын масқара болар да,
Таңырқар ек аңырап.

Барлық төлдер өз үнін
Үмытқанды сүймейді,
Ал, кей бала өз тілін
Көріп журміз, білмейді...



Қырғауыл

Мұхтар ҚҰРМАНАЛИН

Жаяу жету оңай ма,
Жақын емес, қырда ауыл.
Жол-жөнекей тоғайда
Қыт-қыттайды қырғауыл.

Қауіп-қатар жоқ өзге,
Арайлап таң атады.
Қырғауылдар бүл кезде
Хабарласып жатады.

Бір-біріне қосып үн,
Сірә сөйлем құрайды.
Аулақтағы досының
Амандығын сұрайды.

Жақын болсаң басқаға,
Жайнайды екен тіршілік.
Біле білсөң, құсқа да
Керек ауызбіршілік.

Менің апам мұғалім

Қастек БАЯНБАЙ

Апам менің мұғалім,
Абыройлы құллі елге.
Мен қуаныш тұрамын.
Ол класқа кіргенде.

Бірақ анам жайнаған
Қарамайды түріме.
Мен осылай айналам
Көп шекірттің біріне.

Айтып берсе сабағын,
Бірдей барлық балаға.
Үнамаса жауабың,
Сараң бірақ бағаға.

Жыларман боп қаламын,
Қойғанда «екі» маған да.
Оқымасаң сабағын,
Аямайды-ау анаң да.

Иіс

Құлпыртқан кең аймағын
Атам бағбан айтулы.
Киімінен өрдайым
Көк иісі аңқиды.

Дастарқаны толы дәм
Айнадай бар ыдысы
Апамның ақ қолынан
Шығады наң иісі.

Бірақ інім басқарақ,
Оңдырмай жүр оқуын.
Күнделігін ашсаң-ақ,
Шығады иісі «екінің».

Шынығу

Істық күнде тон киген
Бір баланы көрдім мен.
Белін қысып буыпты
Бір құлаштай кендірмен.

Ми қайнатқан шілдеде
Пысынап жүр бұл неге?
Жөн сұрадым баладан,
Білмек болып бірдене.

Тонды бала бұрылып,
Жауап қатты жымып:
— Шыдау үшін ыстыққа
Жүргенім ғой шынығып.

Қын есеп

Басы қатты баланың
Шығара алмай есебін.
Іздеп түрлі амалын,
Бір ауыр күй кешеді.

Киналғандай көрініп,
Оның қасқа тісі де,
Қарындашты кеміріп,
Кіріскең өз ісіне.

Талай тәсіл қолданып,
Бір жазып,
Бір өшіріп,
Отыр бала ойланып,
Ақ қағазға тесіліп.

Кеткен іске беріліп
Қасқа тісі табанды.
Қарындашты кеміріп
Таяусуға таянды.

Құрдастар

Шақан зулап шабады
Мініп алып шыбыққа,
Бек өрмелей алады
Сүйей салған сырыйққа.

Қасан күлім қағады,
Шаңғы теуіп сұықта.
Көбісі ер баланың
Құмар батыл қылыққа.

Бақыт қана баяғы
Жүреді ылғи иықта.
Салбырап қос аяғы
Жерге жетер жуықта.

Жарыс

Қос жеңімді түрініп,
Түстім жаяу жарысқа.
Жөнелдім зыр жүгіріп,
Мініп алып намысқа.

Ортадан қақ айырып,
Топтан шыға бергенде,
Балағыма шалынып,
Ұшып түстім мен жерге.

Мынау неткен қорлық, ә,
Әрең алдым демімді.
Балақ түру орнына,
Түріппін ғой жеңімді.

Білеміз бе оны біз?

Айымғұл МЕҢЖАНОВА

Қайсы біздің қолымыз,
Білеміз бе оны біз?
Міне, міне — қолымыз,
Білеміз ғой оны біз,
Білеміз ғой оны біз.
Қол соғайық, бір, екі,
Ал санайық: бір, екі.

Қайсысы оң қолымыз,
Қайсысы сол қолымыз,
Білеміз бе оны біз?
Мінеки — оң қолымыз,
Мінеки — сол қолымыз!
Қол соғайық, бір-екі,
Ал санайық: бір, екі.

Жүгіруге талапты,
Бұғілуге талапты
Көрсетейік аяқты.
Міне, мынау — оң аяқ,
Міне, мынау — сол аяқ.
Адымдайық, бір, екі,
Жаңылмайық, бір, екі!

Қаздар

Судың бойын жағалап,
Шықты қаздар гагалап.
— Га-га-га-га, га-га-га,—
Деп өндettі жағада.

Байпаң, байпаң, байпаңдаپ,
Көлге түсті қайқаңдаپ.
Бөгелмеді көп енді,
Суды сыза жөнелді.

Менің қара мысығым

Түсің қара көмірдей,
Мысығым-ау, мысығым,
Ертелі-кеш ерінбей,
Бетін жуған пысығым.

Өзі өдемі, әп-әсем,
Айтқаныңды үгады-ау.
Шөтке сатып әперсем,
Тістерін де жуады-ау.

Бір көшениң барапары

Бейсебай КІРІСБАЕВ

Жамалак

Қарап күлер кісі көп,
Есегім бар түсі көк.
Арқасына жабысқан
Менімен түк ісі жоқ.

Көк жалқаудан аумайды,
Тек уй жаққа заулайды.

Қыши қалса жотасы,
Жата қалып аунайды.

Болсамдағы қатал-ақ,
Көк есегім жаталақ.
Мен түгілі атамнан
Үялмайды сақалы ақ.

Бақшада

Көңілді бар бала,
Бақшага, баққа енсек.
Ойнаймыз аулада.
Тәбеміз әткеншек.

Шешеміз жұмбақ та,
Жаңылтпаш айтамыз.
Кешкілік үй жаққа
Үлкейіп қайтамыз.

Менің шарларым

Шарларым сары,
Шарым көк.
Зуладым тағы,
Дамыл жоқ.

Таласты інім,
«Бер» деді.
Мен бе едім мұның
Ермегі?!

«Корқытпа жылап
Сен!» — дедім.
Бұралды құлақ,
Бермендім.

Шарларым сары,
Шарым көк.
Жарылды бәрі,
Шарым жоқ!...

Екеуі

Өзі ішеді тамақты,
Жені ішеді.
Мешкей жені екеуі
тең ішеді.

Оғып, бұғып

Қағып кетіп кісіні
оғып-бұғып,
Шалып кетіп кішіні
оғып-бұғып,
Жыртады ол кітапты
оғып-бұғып,
Сындырады бұтақты
оғып-бұғып...
Жолдасынан көшіріп
оғып-бұғып,
Оны қайта өшіріп
оғып-бұғып,
Жұмыс десе қашады
оғып-бұғып,
Тақта алдында сасады
оғып-бұғып,

Тепен

«Ана тілінен»
Қапелімде суралды,
«Бір» алды.

«Қазақ тілінен»
Лағып кетті беталды,
«Екі» алды.

«Орыс тілінен»
Күңгілдеді, тұсалды,
«Үш» алды.

Төртке ойламас жетем деп,
Міне, осылай Бекенбек,
Келеді әлі өзгермей
Тепен-тепен,
Тепендереп.

Сирек кездесетін ирек

Отырды Аман сурет салып,
Жаратпады бұл кеп қалып.

Енді інісін қасына алып,
Желкесін сөл қасып алып:
— Былай сал, — деп,
Үйреткелі,
Дәптер бетін иректеді.

Иректеді, иректеді:
— Бұл ұшатын үйрек, — деді.

Иректеді, иректеді:
— Бұл кәдімгі бүйрек, — деді.

Ушінші рет иректеді:
— Мұндай сурет сирек тегі.

Иректеді,
Иректеді,
Бірақ түк те үйретпеді.

Ұзілістегі қызық істер

Арайлым ән салып отыр,
Ал Айгүл тамсанып отыр.
Арапбек сәмкесіне
Нан алыш, наң салып отыр.

Әсем біздін ұрсады

Бойы аласа шыршаны
«Өспейді» — деп ұрсады.

Кірлеп қалса қуыршағы,
Інісіне ұрсады.

Тәтті нанның жұмсағы
Болмай қалса — ұрсады.

Есебінің бір саны
Жетпей қалса — ұрсады.

Улкен болса бір сәрі,
Құп-құйттай боп ұрсады...

Kirpi

Тұсіріп қақпанға,
Жыланды ол ұстайды.
Тып-тыныш жатқанда,
Шөткеге үқсайды.

Қаздың «әні»

Күнде сызып су бетін,
Құмын басам жағаның.
Дельтаплан суретін
Табаныммен саламын.

Морж

Тоны қандай жылы еді,
Маған қатты ұнады.
Мұз үстінде жүреді,
Суға сұнгіп шығады.

Қорықпас ол қалтырап,
Құші ерен — бір дүлей.
Ал, қос тісі салбырап,
Қатып тұрган сұнгідей.

Шырша торғай

Ала болсын күн мейлі,
Ол тоңуды білмейді.
Жұмыртқасын басады,
Басқа ұшып жүрмейді.

Зебра

Қане, қатар тұрайық,
Ән салу бар ойымда.
Жолақтарың лайық
Нота жазып қоюға.

«Аңшы» шықшылдық

Шықшылдық — аңшы өсімдік,
Батпақта оны өсірдік.
Масаны қонған жояды,
Әп-сәтте жұтып қояды.

Пикапара — қалтасы құс

(Пикапара — Оңтүстік
Амазонканы мекендейтін құс)

Балапаның қалтасына салады,
Самғай ұшып, жиі қанат қағады.
Пикапара — өзгеше үнді қызық құс,
Үйстықтаса, суға сұнгіп алады.

Тиін

Секең-секең етеді,
Орман — оның мекені.
Отырғанда шоқып,
Құманға үқсап кетеді.

Түйе

Түйе — дала кемесі,
Қандай ірі денесі.
Мұрындығын қарашы —
Құдды садақ жебесі.

Тоты балық

Көргенде ұзын қасын,
Кезінің оты жаныш,
Теренде, қызыл-жасыл
Жүзеді тоты балық.

Құрттарды жан-жағынан
Оп-оңай қағып жейді.
Еменнің жаңғағынан
Тастасаң, шағып жейді.

Колибри

Гүлден гүлге қонады,
Шырын нәрін сорады.
Ал, бұл құстың салмағы
Екі-ақ грамм болады.

Әліппе

Мұқагали МАҚАТАЕВ

Бар кітапқа бас болған
Әліппе — ғылым ағасы.
Әліппеден басталған
Даналықтың данасы.

Мектебің мынау, класың
Осында он жыл тұрасың.
Тарыдай боп кіресің,
Таудай болып шығасың.

Сыйлық

Бауыржан ФУБАЙДУЛЛИН

Апам қонақ шақырып,
Достарымды жинады.
Менің туған күніме
Көкем көйлек сыйлады.
Әжем болса ауылдан
Май-қаймағын әкелді.
Атам озды бәрінен
«Келіп тұр, — деп, — сен жиі», —
Велосипед өперді.

Сағатым

Сайлаубай ТОЙЛЫБАЕВ

Мақтанамын сыртыңнан,
Шаршамайсың, сағатым!
Оятады үйқымнан
Қоңырауың қафатын.

Сен болмасаң
Төс ұрып,
Мақтанам ба бекер мен.
Сабагымнан кешігіп,
Жалқау болып кетер ме ем...

Шортан

Оразбай БАЙБАКОВ

Дәмді ететін сорпаңды
Білем, қаяз, тортаңды.
Денесінен басы үлкен
Ұстап алдым шортанды.

Ең ірісін алыппын,
Өзім соған қарықпын.
Атам айтқан осыны
«Қасқыры» — деп балықтың.

Көкжалы ғой мендегі,
Аяу оны жөн бе еді?
Қорықпайды шабақтар
Енді мына көлдегі.

Әкенің сабагы

Ескен ЕЛУБАЕВ

Әкеге келіп баласы,
Көрсөтті қолы іскенін.
— Папа, сен, міне, қарашы,
Масалар мені тістеді.
Әкесі күліп түзетті:
— Тістеді деме —
Шақты де.
Шақпайды иттер —
Қапты де,
Қаппайды мысық —
Тырнайды...
Қайтеді жүйрік атты де:

Атты жүгендейді.
Атты ауыздықтайды.
Атты байлайды.
Атты кісендейді.
Атты шылбырлайды.
Атты қаңтарады.
Атты қамшылайды.
Атты қосақтайды.
Атты ойнақтатады.
Атты аунатады.
Атты күзейді.
Атты жаратады.
Атты жетектейді.
Атты жарыстырады.
Атты сүріндіреді.
Атты ақсатады.
Атты жығады.
Атты мертіктіреді.
Атты қағады.

Атты ерттейді.
Атты сатады.
Атты жемдейді.
Атты қамайды.
Атты тасиды.
Атты сыйлайды.
Атты мінеді.
Атты ырғытады.
Атты шаптырады.
Атты тұсайды.
Атты аяңдатады.
Атты қарғытады.
Атты шомылдырады.
Атты сұытады.
Атты қосады.
Атты жаяды.
Атты жегеді.
Атты жабулайды.
Атты арқандайды.
Атты желдіреді.
Атты шоқырақтатады.
Атты тағалайды.
Атты суғарады.
Атты айдайды.
Атты қуады.
Атты қайырады.
Атты ұстайды.
Атты семіртеді.
Атты арықтатады...
Тағысын-тағы, тағы бар,
Бәрін де біліп, қағып ал.

Қанаттыларым

Серікбай ОСПАНОВ

Бұркіт

Бұркіт ірі, қайратты,
Сұлу әрі айбатты.
Көтеріліп тым биік,
Көзбен шолар аймақты.

Тұмсықтары иілген,
Жемін көрсө, шүйілген.
Қолға да оны үйретіп,
Ерлігіне ел сүйінген.

Бұрген жерін жұлады,
Жүректі әрі қырағы.
Бұркіт — алғыр, текті құс,
Ең мықтысы — қыраны!

Ақиық

Қырандарды таниқ,
Бірі олардың — ақиық.
Иығында ағы бар,
Ол жұлдыздай ағылар.

Болат түяқ, шеңгелді,
Оған қай құс тең келді?!

Әр Алтайдың құсы бұл,
Қасқырға да түсіп жүр!

Қалай ғұркіт өседі?

Балапан ғой бұл өлі,
Бұркіт болып шығады.
Балапан кез — ақ үрпек,
Әрі әлсіз, әрі үркек.
Жиі тамақтанады,
Темірқанаттанады.

Қыран

Шалып қалған құлағым,
Қыран жайын сұрадым.
Бастады атам әңгіме,
Маңызды да, мәнді де.

— Бар жігіттің сұлтаны,
Бар жігіттің ұлтаны.
Сұлтаны — Ер, Батыры,
Ұлтаны — азы ақылы.

Күшті қарттың тарланы,
Күшті қасқыр арланы.
Жүйрік жылқы тұлпары,
Күшті иттің сырттаны.

Сол сияқты, шырағым,
Текті құс қой қыраның.
Ұғып, біліп ал мұны,
Жыртқыш құстың барлығы
Қыран емес, қыраны —
Ең күштің, алғыры!

Томаға

Біліп бөтен адамды,
Жақындаса, үмтыйлар.
Итті, құсты, ол малды
Бүрмек болып жұлқынар.

Жолатпайды қасына,
Сақтық етпей бола ма?
Сондықтан да басына
Кигізеді томаға

Шалғы

Бүркіт сұсты, сөнді келер,
Көп ол жайлы әңгімелер.
Ең ұзын он қауырсынын
Атайды екен шалғы деп ел.

Он қауырсын — он шалғысы,
Көрік берер ең сөндісі.
Қос қанатқа қуат сыйлар
Жебелі өрі ең өлдісі!

Еліб

Мақтайды, ешкім кемітпейді,
Бүркіт маңғаз, желікпейді.
Қауырсын талшық — түкті,
Талшық — түгін еліб дейді.

Бүркітші

Аңшы, бірақ бұл тіптен
Шықпайды аңға мылтықпен.
Аң мен құсты бүркітші
Аулайды ылғи бүркітпен.

Аквариумдағы балықтар

Сұлтан ҚАЛИЕВ

Үйіне мен бара қап
Қаладағы бөлемнің.
Аквариумын жағалап,
Қызыққа бір кенелдім.

Не айтпағын білгелі,
Құлақ түрдім бір апта.
Әттеген-ай,
Үндері
Естілмейді бірақ та.

Бүркіттін төрт саусағы

Көрдім түяқ салғанын,
Бүріп түлкі алғанын.
Ал атайды бүркіттің
Тегеурін деп бармағын.

Ол шеңгелін кең ашар,
Қорқып аң, құс, төл қашар.
Сығым — аты жоқ қолы,
Сүқ саусағы — жембасар.

Оған қай құс тең келмек,
Оған бірдей Жер мен Көк.
Төртіншісі — шынашақ,
Атайды оны шеңгел деп.

Бүркіт осал жаралмас,
Саусағының бәрі — алмас.
Тегеурін — ең мықтысы,
Онсыз бүркіт аң алмас.

Бірі — ай, бірі — нақ балға,
Балықтары қызық-ақ.
Су ішінде «бақтарда»
Сайрандап жүр құжынап.

Кезек-кезек
Іргеге
Жақын келіп тұрады.
Айтқысы кеп бірдене,
Аузын ашып-жұмады.

Ана тілім

Сейітбаттал КӨТТЕБАЙҰЛЫ

Ана тілім — ұраным,
Ана тілім — құралым.
Ана тілім болмаса —
Мықты болмас тұрағым.

Ана тілім — елдігім,
Ана тілім — ерлігім.
Ана тілім болмаса —
Бүтінделмес кемдігім.

Көрсетіп тұр

Бақтыкереi ЫСҚАҚОВ

Бекпен толы саптыаяқ,
Босаған-ау, шамасы.
Көрсетіп тұр айтпай-ақ
Жеңі менен жағасы.

Ермек неге жылады?

Жалғыз тілім шәк-шәкті,
Жеп отырған тәп-тәтті,

Ермек бір кез жылады,
Мамасы жөн сұрады:

— Не болды, — деп. — балам-ау?
— Шәк-шәк бітіп қалады-ау!

Инеш

Дәркембай ШОҚПАРУЛЫ

Кішкентай менің Инешім,
Қолына алып инесін,
Әжесі тіккен көйлектің
Қадап отыр түймесін.

Тал бойына кигесін,
Таба қалды үйлесім.
Осындай ісмер бөпені,
Әжесі қалай сүймесін?

Арапар

Совет ӘЛІМҚҰЛОВ

Тереземнің түбінде,
Өскен алша гүліне
Көп аралар қонады
Ұшып келіп күніге.

Бұларда жоқ іштарлық,
Бар өмірге құштарлық.
Сөлден шырын жасауға
Жұмсалады күш барлық.

Гүлді артық сыйлайды,
Жапырағын қимайды
Көзге ілінбес тозаңнан
Ерінбей бал жинайды.

Өздері тым келісті,
Білмейді ұрыс-керісті.
Ынтымағы жарасқан
Еңбегі де жемісті.

Ине мен жіп

Деді Ине: — Жібек жіп,
Білесің бе күш кімде?
Менсіз, жүрме ренжіп
Керегің жоқ ешкімге.

Ұнатпайтын егесті
Бұл сөзге Жіп күйінді:
— Келсе маған теңескің
Тігіп көрші киімді!

Түсті сусып Жіп жерге,
Түсті жерге Ине де.
Тігілмеді жейде де,
Қадалмады түйме де.

Кенет тастап керісті,
Ине, Жіп қолда жүгірді.
Қуыршаққа келісті
Әй-әй көйлек тігілді.

Мені жақсы көреді

Бөпем барлық баладан
Мені жақсы көреді.
Қолындағы алмадан
Сұратпай-ақ береді.

Жақсы бала, ашық қол
Бөпем жомарт, мырза екен.
Тұрса тәтті тасып ол
Ағасы да риза екен.

Пингвин

Буған қапқа ұқсайтын
Пингвин деген құстармыз.
Итбалық, аю қыстайтын
Суық жаққа құштармыз.

Мұз төсеніп бауырға
Мұзтауға ұя саламыз.
Қарамай боран, дауылға
Өрбиді өсіп баламыз.

Мұз-мұхитты мекендей,
Мәңгі осында көктейміз.
Төсі суық екен деп
Тұған жерден кетпейміз.

Көнбейіді

Не көрсе де сұрайды,
Жөні бар ма осының.
— Бермейді, — деп жылайды
Ойыншығын досының.

Тәртіпке біз шақырып
Айтсақ ақыл көнбейді.
Жер тепкілеп бақырып:
— Өзімдікі жөн, — дейді.

Құлық

— Күнде келер жер емес
Тұрасындар қашықта,
Мына ініңе бар кенес:
Бір қонып кет асықпа,—
Деді апам ағайға,
— Асықпай қайт жарай ма?

— Ұақыт қайдада тыныстар
Бастан асқан жұмыс бар,—
Деп көнбейді ағайым
Айтып себеп, жағдайын.

Мен отырмын алайда,
Құлығымды асырып.
Ағайымның сарайға
Туфлиін жасырып.

Әліппе

Сабырхан АСАНОВ

Іші толған әріпке,
Жақсы кітап Әліппе.
Әліппені аламыз,
Мектепке біз барамыз.

Әріптерді жаттаймыз,
Есте мықтап сақтаймыз.
Ұмытпаймыз бірін де,
Атын, затын, түрін де.

Біз жазамыз ана деп,
Біз жазамыз дана деп.
Біз жазамыз қала деп,
Біз жазамыз дала деп.

Биік-биік таулар деп,
Қызыл-жасыл баулар деп.
Қанаңман ел қазақ деп,
Болашағы ғажап деп.

Жау, жау жаңбыр

Бейімбет МАЙЛИН

Салдыр-гүлдір көк жүзі,
Зеңбірек топ атқандай.
Бұлт айрылып жалт етті,
Аспанда от жаққандай.

Тұнерген бұлт сұрланып,
Құйды селді себелеп,
Жел қосылып, долданып,
Болды нөсер керемет...

Жау, жау, жаңбыр, жау, жаңбыр!
— Жау — егіннің көгі өссін!
Сұлудай бұраң құрақты,
Айдын шалқар көл өссін!

Ой мен қырдың шалғыны,
Жатқан малды жасырсын!
Табиғаттың көркіне —
Таң қалып жан бас ұрсын!..

Күлдір де күлдір кісінемін

АҚТАМБЕРДІ жырау

Күлдір де күлдір кісінетіп,
Күренді мінер ме екеміз,
Күдеріден бау тағып,
Ақ кіреуке киер ме екеміз!


Жағасы алтын, жені жез,
Шығыршығы торғай кез
Сауыт киер ме екеміз!

Сол шұбарға мінген соң,
Қоңыраулы найза қолға алып,
Қоңыр салқын төске алып,
Қол төңкерер ме екеміз.

Жалаулы найза жанға алып,
Жау қашырап ма екеміз!
Тобыршықты әндіген
Толтыра тартар ма екеміз!
Тобылғы түбі құралай,
Бытыратып атар ма екеміз!

Жарлауға біткен жапырақ —
Жамылсақ тоңар ма екеміз,
Жазыққа біткен бұлдірген —
Сұғынсақ бояр ма екеміз!

Тобылғы сапты қамшы алып,
Тұмар мойын ат мініп,
Қоныс та қарап ма екеміз!
Ел жазылып жайлауда
Жақсылар кеңес құрғанда,
Мұртымыз өрге шаншылып,
Бұрын да сөйлер ме екеміз!



Бекболат Биге

УМБЕТЕЙ жырау

Мен пайғамбардан бастасам,—
Әңгімеге кетермін,
Едігеден бастасам,—
Ертегіге кетермін.
Келтесінен қайырсам—
Сөз түбіне жетермін.
Енді сізге не дермін:
Бай болмаған бай болса,—
Жайламаған сай қоймас,
Би болмаған би болса,—
Айтылмаған сөз қоймас,

Хан болмаған хан болса—
Қанамаған ел қоймас.
Баласын мақтар бас жаман,
Қатынын мақтар хас жаман.
Алыстағы дүшпанинан,
Аңдып жүрген дос жаман,
Бір бие бітпей бие болмас,
Бір түйе бітпей түйе болмас,
Өз малын кізнеген,
Кісі малын іздеген,
Түбінде өз малына ие болмас!

Кішкентай керемет

Султан ҚАЛИЕВ

— Сүйінші! — деп,
тез келді
Көкем перзентханадан.
Фажабы:
Күрт өзгерді
Үйде отырған бар адам.

Ойнап емес,
Шынымен
Ата болып қалды әкем.

Шаттанды ол күнімен,
Әкемдей жан бар ма екен?

Алып-ұшып жүрегі,
Әже болып қалды анам.
Доп қуалап жүр еді,
Әке болып қалды ағам.

Еркетотай, жылауық
Сәби едім бұрын мен.
Енді отырмын қуанып,
Аға болдым бүгіннен.

Үйдегі бар кісінің
Күрт өзгерктен өмірін—
Біз көрмеген пішінін,
Әлі аты жоқ інім.

ТІЛЕК

БҮҚАР жырау

Бірінші тілек тілеңіз,
Бір Аллаға жазбасқа.

Екінші тілек тілеңіз,
Ер шұғыл пасық залымның
Тіліне еріп азбасқа.

Үшінші тілек тілеңіз,
Үшкілсіз көйлек кимеске,

Төртінші тілек тілеңіз,
Төрде төсек тартып жатпасқа.

Бесінші тілек тілеңіз,
Бес уақытта беснамаз
Біреуі қаза қалмасқа.

Алтыншы тілек тілеңіз,
Алпыс басты ақ орда,
Ардақтаған аяулың
Күнінде біреуге
Тегіннен-тегін олжа болмасқа.

Жетінші тілек тілеңіз,
Желкілдеген ту келіп,
Жер қайысқан қол келіп,
Сонан сасып тұрмасқа.

Сегізінші тілек тілеңіз,
Сегіз қыыр шар тараң
Жер тұлданып тұрмасқа.

Тоғызыншы тілек тілеңіз,
Төреңіз тақтан таймасқа,
Тоқсандагы қарт бабаң
Топқа жаяу бармасқа.

Оныншы тілек тілеңіз,
Он ай сені көтерген,
Омыртқасы үзілген,
Аязды күнде айналған
Бұлтты күнде толғанған,
Тар құрсағын кеңіткен,
Тас емшегін жібіткен,
Анаң бір аңырап қалмасқа.

Он бірінші тілек тілеңіз
Он бармағы қыналы,
Омырауы жұпарлы,
Исі жұпар аңқыған,
Даусы қудай саңқыған,
Назыменен күйдірген,
Құлқыменен сүйдірген,
Ардақтап жүрген бикешің
Жылай да жесір қалмасқа.

Түйелер жыры

Халық өлеңі

Түйе, түйе, түйелер,
Тұзың қайда, түйелер?
Балқан таудың басында
Болды қоян қасында.

Еніп кеттім егіске
Қойным толы жеміске.
Алабота, көк жусан
Сенің жемің емес пе?
Атам тайға мін деді,
Олай-бұлай жүр деді.

Қызды ауылға тұс деді,
Қымызынан іш деді.
Қымызынан бермесе
Қызын ала қаш деді.
Қара сиыр сүт берді,
Сүт пісіріп отыр ем
Көбелек келіп күрп етіп
Көбігін ішіп ол кетті.
Жапалақ келіп жалп етіп
Жартысын ішіп ол кетті.
Осыменен ән бітті.

Телефон әліппесі

Ақылбек ШАЯХМЕТОВ

Телефонда орнатқан
Тоғыз-ақ сан болады.
Сол тоғызы жан-жақтан
Жылдам хабар алады.

Нөл бірді алып көрсөніз,
Шыққан өрттен қорғайды.
Нөл екіні терсөніз,
Тәртіп бұзар болмайды.
Нөл үшті алсаң, күйінбе,
Жедел жәрдем зулайды.

Нөл төртті алсаң, үйінде
Газдың исі қалмайды.

Телеграф — нөл алты,
Досқа лебіз арнайды.
Нөл жетініз шалғайға
Шұғыл сөлем жолдайды.

Төмен түспей еңсөніз
Болса кімнің керегі,
Нөл тоғызды терсөніз,
Түгел айтып береді.

Сырын білген жөн екен,
Хабарласса кімде-кім,
Атқарады телефон
Тоғыз ұлдың міндептін.

Қырау

Зейнолла ШҮКІРОВ

Сыртта боран үскірік,
Тұні бойы түтейді.
Қораларды қыс бүлік
Аппақ қармен бітейді.

Әлде мықтап үріккен,
Безіп кетті ай көкте.

Қырау иероглифтер
Түсіп жатыр әйнекке.

Жазып жатыр дұрыстап,
Аяз атай ұрысқақ:
«Терезені, ақ келін,
Бітеп болып, тыныш тап...»

Ата айтағы

Кәп ҚҰМАРУЛЫ

Кел-кел, балам, кел балам,
Айтайын ақыл мен саған.
Демесін ешкім өзінді,
Әкеден үлгі алмаған.
Жеті атаңды жат біліп,
Атаңдай бол аумаған.

Ата, бала, немере,
Шөбере, шөпшек, немене,
Туажат, жекжат, жамағат,
Біліңдер, балам, бәрің де,
Тапсырайын аманат.



Бесікті жатқа сатпайды,
«Бабалар рухы сынады» — деп,
Шаңырақты отқа жақпайды,
«Киесімен үрады» — деп.



Өспеген көкті жұлмайды,
«Көктей орыласың» — деп,
Малды басқа үрмайды,
«Киесіне жолығасың» — деп.



Малды жыңғылмен айдамайды,
«Ырысқа зиянды» — деп.
Кендірмен байламайды,
«Ширығып қияды» — деп.



Итті «кет» — дейді,
Аяқпен теппейді.
«Ит адамға ырыс» — деп
Тебуді шектейді.



Күлді қолмен шашпайды,
Оттың орнын баспайды.
«Тұтінім тұзу ұшсын» — деп
Түндікті теріс ашпайды.



Табалдырықты баспайды,
Есікті теуіп ашпайды,
Теуіп ашу есікті
Сүмдышқ жолға бастайды.



Сиырды «өк» — деп айдайды,
Түйені «шөк» — деп байлайды.
Үйге жылан кірсе
Оның басына ақ құйып
Еппен айдайды.

Есікті кермейді,
Нанды бір қолмен
Үзіп бермейді.
Екі қолмен сындырып,
Тістеп жеуді
«Жөн» дейді.



Аққу құсты атпайды,
Қыранды баулап баптайды.
Шамасы асып жетсе де
Жүйрікпен қасқыр соқпайды.

Білгізіп жоба жөн — жайды,
Ескерткен бабаң ол жайлы.
Қасқыр соққан жүйріктің
Бәйгеде жолы болмайды.

Наурызым

Махмұтбай ӘМИРЕЕВ

Наурызым, ғажап туысың,
Ұлыстың, күні, ұлысың.
Жылдыттың Жердің жүргегін,
Жүргегі елдің жылдысын.

Наурызым, жылдың басысың,
Қуаныш қарт та, жас үшін.
Көңілде шаттық тасыттың,
Елінде ырыс тасысын.

Наурызым, күткен көктемсің,
Көгімнен ұшып жеткенсің.
Жеріме лебің гүл болды,
Еліме бақыт жеткерсін.

Наурызым, тойлы нұрлы күн,
Мерейің асып түр бүгін.
Жерімнің жүзін жылдытың
Елімнің сақта біrlігін.

Дұрысы қайсы, бұрысы қайсы?

Ескен ЕЛУБАЙ

Бие мөңірейді
Түйе мияулайды,
Қой үреді,
Сиыр қытқыттайды,
Ешкі кісінейді,
Ит бақырады,
Тауық маңырайды,
Мысық боздайды,
Шошқа ақырады,
Есек қорсылдайды?
БҰЛ — БҰРЫС.

Бие кісінейді,
Түйе боздайды,
Қой маңырайды,
Сиыр мөңірейді,
Ешкі бақырады,
Ит үреді,
Тауық қытқыттайды,
Мысық мияулайды,
Шошқа қорсылдайды
Есек ақырады.
БҰЛ — ДҰРЫС.

Шашымда да таралык,
Айна да таралым.
Ерте турдым түкшімнан.
Мен бакылаға барамын!

Күмбілікті аламын,
Қол жөзбага саламын.
Бескөтіләм ақпелде,
Мен — ерсек бланмын.

Таудағы білкін талабым,
Суретті де саламын.
Оғр менің даңгерім,
Карлығаш тен қадамым.



Балқанқын — байшешімд,
Күліп-әйдел тайтамын.
Диң қаласыға би білек,
Тәржеместі де айтамын.

5-бетім

1998-2008 жж



Мен бақшаға барамын

Қадыр ӘЛІМҚҰЛОВ

Шашымды да тарадым,
Айнаға да қарадым.
Ерте түрдым ұйқымнан,
Мен бақшаға барамын!

Қуыршақты аламын,
Қол дорбаға саламын.
Беске толам ақпанда,
Мен — ересек баламын.

Таудай биік талабым,
Суретті де саламын.
Әзір менің дәптерім,
Карындаш пен қаламым.

Бала бақшам — байпағым,
Құліп-ойнап қайтамын.
Өн саламын би билеп,
Тақпақты да айтамын.

Астананың ак қысы...

Өтепберген АҚЫПБЕКҰЛЫ

Көкжиекке сұғынып,
Күн батты оттай
құбылып.
Қоламтадай қып-қызыл —
Нұрға тұрмын жылынып...

Баулықтарын түймемнін,
Ағытып,
Бір күйге ендім...
Қырау-перде құрылды
Әйнегіне үйлердің...

Төңірекке көз көрім,
Түн — тоқыды өз өрнегін...
Мызғып кеткен Астана,
Ашып қалды көздерін.

Қысқы тұн. Өліара...

Аспан — айды таба алмай,
Шырағын тұр жаға алмай...
Қап-қара тұн бейне бір
Төңкерілген қазандай.

Күн нұрына бара-бар
Түнгі шамдар қалага — әр.
Шырақ жанған бетінде
Аппақ торттай — алаңдар.

Өліарада...
Қарманып,
Жүрме, атта алға нық!
Түнгі Астана — аспан дәл,
Жұлдыз-шамы жап-жарық.

Әнші қыс

Астанада қар қалың,
Аттап қалсаң алға адым:
Аңғарасың —
Ақ қыстың,
Бір өуенге салғанын...

Өзің де оған бір уақ,
Қосыласың ыңылдаپ.
Ызғырық жел гулейді,
Күйін шертіп тым ұзак...

Көргендерін жолдағы,
Әнге қосып ол дағы:
Қос ішекті қуалар —
Троллейбус қолдары.

Машиналар тым жүрдек,
Қойғандай-ақ тізгіндеп:
Қозғалады орнынан,
Буран-бұраң би билеп.

Ақ боран

Ауа райы құбылды,
Күнқабағы суынды.
Шығыс жақтан жел шығып,
Жауған қарды суырды.

Бірте-бірте екпіндеп,
Тұтеп,
Боран кетті үдең.
Кезіккенін өтердей:
Жұлқып,
Жұлқып,
Тепкілеп...

Жұртқа бермей ерік бір,
Долданады келіп бұл.
Ағаш біткен бас шайқап,
Ақ боранға кейіп тұр.

Арқа-басым құрысып,
Қалдым лезде бүрісіп...
...Жауған қар да дірдектеп,
Жерге қонбай жүр ұшып.

Президенттік шырша

Шеткегі ауыл — алыс тұп,
Тұған жердің бәрі ыстық!..
Президенттік шыршада —
Талай доспен таныстық...

Жатсынбадық, жатырқап,
Араластық жарқылдаپ.
Елбасымен бір болған,
Ұмытылмас асыл сәт!..

Есік ашып нұр күнге,
Келді Жаңа жыл, міне!..
Фасырлардың тоғысы —
Тоғыстырды бізді де.

Асулар көп алда асар,
«Тұлпар орнын тай басар!..» —
Сәлем, Жаңа мыңжылдық!
Бізбіз — Сені жайнатар!..

Бірәлі кім?

Қабділрашид ҚАЙЫМ

«Оқыдың ба сабақты?», —
Деп өжесі сұрады.
Түйіп алып қабақты
Бірәлі үнсіз тұр өне.

«Нан, сұт өкел дүкеннен», —
Деді өжесі қиылып.
«Бара берем бе ылғи мен?! —
Деді ол мұрнын шүйіріп.

«Асынды іш, ойнап кел!», —
Деп өжесі шақырды.
«Қарным ашты, тез өкел!», —
Деп Бірәлі бақырды.

Айтындаршы балалар,
Бірәлі өлде аңқау ма?
Сылтау айтқыш ебі бар,
Әлде нағыз жалқау ма?

Балта, шоты ұстаның

Қабылхан КҮЗЕМБАЙ

«Артады іске құштарын,
Дейді қолға ұстасын...»
Әрқашан да қылпып тұр
Балта, шоты ұстаның.

Откір және шалғысы,
Откір және орағы,
Исі аңқыған көк шөпке
Толтырады қораны.

Май Әні

Жақан СМАҚОВ

Күн төбеге асылды,
Май шапағы шашылды.
Қызыл гүлдер, ақ гүлдер
Қауызынан ашылды.

Біз — гүліміз маманың,
Біз — гүліміз папаның.
Біз — ұланбыз сүйетін
Май шуақты Отаның!

Жаңбырда

Жаңбыр бүгін керемет,
Далаға шығып не керек?!

Былғады әбден етікті
Жер миы шығып кетіпти.
Қонақ бар біздің бұл үйде
Бәтеңкесі не күйде?
Сүрте сал, сыйлы кісі ғой,
Қонақтың бәтеңкесі ғой.

Ақ ешкі

Өзіміздің ақ ешкі
Басқалардан көп есті.
Ақ ешкі күзде тойынды
Лақпен салды ойынды.

Жерден жеміс жинады,
Алжапқышқа сыймады.
Балаларға ақ ешкі,
Балқаймағын сыйлады.

Қабық қалпак

Он жұмыртқа тауып,
Басып шықты тауық,
Сол кезде
Жерге жаңбыр жауып.
Әлгі он балапан, ілеңде,
Өзі шыққан қабықты
Қалпақ қылыш алышты.

Жайбасар

Төргі үйдегі әдемі есік
Ашылғанда, сәлемдесіп,
Кіріп келді Жайбасар
— Осы араға, осы араға,
Алдындағы босағаға,
Галошынды қоя сал...
Аяғыңа қарашы сен,
Батпақ екен, галош десем,
Әй, Жайбасар, Жайбасар?

Торғай ағаш корғайды

Шыр, шыр еткен торғайды
Қорғамасаң болмайды.
Кіп-кішкентай торғайлар
Ағаштарды қорғайды.

Таспен атып торғайды,
Үя бүзған оңбайды.
Құс өкпелеп кетеді,
Бақшамызға қонбайды.

Ара

Бөренені аралар
Әрбір үйде ара бар.
Ағаш кессең балалар,
Тістеріне қарап ал,
Ара кетік болмасын,
Ақ бөпелер тоңбасын.

Қақпан

Бекмұқта ӘВІЛБЕКУЛЫ

Аңды біреу атып ап,
Біреу итін қосады.
Қақпан жерде жатып-ақ,
Алар аңын тосады.

Тұзак

Тұзак құрып аңшылар,
Үстады бір қыргауыл.
Жоқ емес қой, бар шығар,
Ақыл-айла мұнда бір.

Құдық

Құдық сұзы байқасаң,
Шыңыраудан шығады.
Әрқашанда — әрқашан,
Тұп-тұнық боп тұрады.

Боран

Қар жауды да қыс кіріп,
Ақ көрпемен орады.
Әбжыландай ыскырып,
Долы боран соғады.



Сыртта бәрі тоңып бір
Сүрқын көріп боранның.
Қорықпастай болып кіл,
Мен тоныма орандым.

Шағала

Нұрлан ҚАЛҚА

— Ау, Шағала, шағала,
Қадірінді бағала.
Құл-қоқысқа қарама,
Өзен-көлді арала.

— Ау, Шағала, шағала,
Келе бермей қалаға.
Алыстарға самға да,
Мұхиттарды жағала.

Балмұздак

Үйде жалғыз қап
Жеп ем балмұздак.
Қалдым ауырып,
Укол салғызбақ.

Сүттей балмұздак,
Бейне қар-мұздак.
Тағы жеп едім,
Тісім түр сыздап.



Жұмыртқалар деген тауықтар,
Жұмыртқаламас деген қауіп бар.
Жұмыртқалар деген тауықты
Жаңылыспай жүріп тауып ап.

Жаңылтпаштар

Атам бақ аралады,
Ағам тал аралады.
Апам көл жағалады,
Асыл ат тағалады.



Құлық таудан,
Құлық бие көрдім.
Қуанғаным — құлындасты.
Құлық таудың
Қойнауындағы
Корқауларға ұрынбапты.

Менің інім — Қайрат

Менің інім — Қайрат,
Өзі сондай әйбат.
Шыр айналып билер,
— Әй-әй! — десең жәйлап.

Менің інім — Қайрат,
Қойсаң өзін қайрап.
Тоқтамас-ау сол сәт,
Былдыр-былдыр сайрап.

Әйбат «пойыз»

Трамвайға мінгенде,
Жылдамдата жүргенде,
— Мынау әйбат пойыз! — деп,
Күемін қызыым құлгенде.



Шырағым шұбат іш,
Шұбатты сұрап іш.
Шұбатты ішпесең,
Бітпейді бұла күш.



Сырттағы ит үрді,
Сырттан кісі кірді.
Сырттағы біреу,
Сыпрып кетті кірді.

Жұмбактар

Сөйлейді ол — тілі бар,
Алуан-алуан түрі бар.
Көз алдында — жер шары,
Қане, мұны біліп ал?
(Теледидар).



Қысы-жазы жүрдек,
Қайда болса жүрмек.
Үйден алыс кетпес,
Байлай қойсан құрмен.
(Ат).

РОМАН



Әуре болма теріп бекер,
Үстай қалсаң еріп кетер.
(Қар).



Түк білмей барасың,
Тәлімін аласың.
Есейіп кетсең де,
Қарыз боп қаласың.
(Мектеп).



Балдай тәтті,
Мұздай қатты.
(Балмұздак).





Отырғыздым бір шыбық

Амантай ОСПАНОВ

Көкек келді «көкек» деп,
Көктем нұрды жетектеп.
Шыңдағы қар жылдысты
Қандай ойпат, ерек деп.

Бәйшешектер қаптады
Күнге созып саусағын.
Бағбан күтіп баптады,
Жеміс берер бау-бағын.

Көз жіберсең қайда да,
Қарбаласқан тіршілік,
Өссе екен деп аулаға,
Отырғыздым бір шыбық.

Шындағы жазу

Ақылбек ШАЯХМЕТ

Сүрінбеген мың сында,
Қыындықтан қашпаған.
Шықты альпинист бір шыңға
Жан баласы аспаған.

Орындалған тәрізді
Көптен күткен арманы.
Бір жазуды маңызды
Кенет байқап қалғаны.

Қашау менен егеудің
Ізі қалып әр таста.
Аты-жөні біреудің
Қашалыпты жартасқа.

«Сексенінші жылдары
Берік шыққан бұл
шыңға!»
Қандай анық бұл жағы,

Әлі сенбей тұрсың ба?!

Берік болса небәрі
Он жастағы бала еді.
Осыменен додардым
Әңгімемді әдемі.

Ақ күлпін

Балтабай ТӘЖІМБЕТОВ

Түрі әдемі ақ қардай,
Түгі майда мақтадай.
Ол шапқанда аппақ құс,
Үшып келе жатқандай.

Дәмін алса тәттінің,
Үмытады сақтығын.
Тұмсығымен тұртеді,
Конфет сұрап ақ құлын.

Алма көшеті

Көшетімін Алманың,
Жерге тамыр байладым.

Ұмытшақ боп жүрме сен,
Су беріп қой шөлдесем.

Өсіп алсам күні ертең,
Болам сая, көлеңкен.

Үш жылдан соң сен үшін,
Даяр болар жемісім.

Достарың кеп жатқанда,
Ұсынасың тәтті алма.



Менін атам

Кеңесжан ШАЛҚАР

Тұған күнін жасады
Жиналыпты ел де көп.
Қолын алып Атамның
Құттықтадым мен де кеп.

Бастап талай межеге
Жүрген жолы қашық ө.
Таң қалады әжелер
Оның қара шашына...

Кәрілік жоқ үстінде
Бойын ширақ ұстаған.
Кәрілік тек тісінде
Протездеп тыстаған.

Сонау соғыс жылдары
Шынықтырған, шыңдаған.
Жамбыл айтқан жырларды
Жауынгер боп тыңдаған.

...Жаралы аяқ, қол да қан
Жерге шып-шып тамады...
Ерлігі үшін сонда Атам,
«Данқ» орденін алады.

Елге сірә сүйікті,
Тірі қалған бағы бар.
Қорғап қала Киевті
Алғаш орден тағы бар.

Балабақша

Көп өнеге үйретеді,
Ән салдырып билетеді.
Домбырамен тартып берем,
Тыңдайтының күй ме тегі.

«Тілашар» мен «Әлліппеден».
Саят аштық әріптермен.
Тұрлі бояу қарандашпен
Суретті да салып берем.

Денемізді шынықтырып,
Ұйықтатады
тынықтырып,
Балабақша жібереді,
Үйімізді ұмыттырып.

Мактансақ

Жасаймын ғарышқа қадам,
Айдан да алысқа барам.
Тоқтар өкемнің туысы,
Талғат шешемнің інісі,
Деп мақтанады Сағыналы.
Суреттерін көрсетіп ек,
— Бұл кім? — деп,
Екеуін де танымады.

Жаңылтпаш

Екі шежем қанаттана алмады,
Қанаттана алмағаны —
салақ қарағанымнан,—
Дұрыс тاماқтана алмады.

Мешкей

Асаубайға әрдайым,
Тамақ дайын, наң дайын.
Жей береді талғамай,
Айнымаған комбайын.

Іс істеуді білмеген,
Жалқау бала бұл деген.
Семіздігі шіркіннің,
Шар сияқты үрлеген.

Төбетей

Мүйізіндей қойдың,
Қиып, ою ойдым.
Тігіп құйттай төбетей,
Тұсыма іліп қойдым.

Егіздер

Нұркенже ХАСЕНҰЛЫ

Егіздер бірдей киініп
Бір-бірінен қалмай жүр.
Ал әжесі күйініп
Ажырата алмай жүр.

Бояудың мәні бар

Кәкімбек САЛЫҚОВ

Бояудың мәні бар,
Абайлап танып ал.
Тұр-түсі келіскең
Суреттің жаны бар.

Аттылы, жаяулы,
Үйқылы, ояулы.
Тірлікке қараашы,
Бәрі де бояулы.

Қызылты іңкәрлық,
Ақбозы тұлпарлық,
Сарғылты сағыныш,
Көкшілі сұңқарлық.

Жасылда тірлігің,
Ағында бірлігің.
Бояусыз айырар
Өмірде кімді-кім.



Тастан тасқа секірді

Темірше САРЫВАЙУЛЫ

Қалдырық та бауды артта,
Ойнамақ боп аулаққа.

Бүкіл бала жиылыш
Барып қайттық тау жаққа.

Күнде тұрды тұнеріп,
Бұлт көші үдеріп.
Алдымыздан
ойнақтап,
Шыға келді бір елік.

Ой, сондағы сасқаны-ай,
Боз лағын тастамай
Шыршалардың астымен,
Шыр айналып қашқаны-ай!

Дұылдасып, дуласып,
Біз де қалдық шуласып.
Балалардың білмеді-ая,
Беталдына қумасын.

Тастан тасқа секірді,
Жеткізбеуге бекінді.
Біреу соны қуалап,
Ұстай алар секілді.

Шымбұлакта

Шақырады Шымбұлак,
Аппақ-аппақ шың, құзы!
Қуанбайтын кім бірак,
Жарқыраса жүлдізы!

Шаңғы тепсем зулаймын,
Таудан төмен екпінде.
Дабыра-даңқ құмаймын,
«Жұрттан озып кеттім», — деп.

Жарыс жолы оңай ма?
Бір жығылу бір тұру.

Қалып қойсаң — жоқ айла,
Қажет қазір ұмтылу!

Бәрі орнына келеді,
Сабырына жүгінсең,
Сенім қуат береді,
Қапы қалсаң бүгін сен.

Мерейіме ел үстем!
Құлдыраңдап ұшамын,
Тұған елдің жеңіспен,
Толтырамын құшағын!

Жұмбактар

Оразақын АСҚАР

Аспанда бір ана бар,
Маңы толған балалар.
(Ай мен жүлдышдар)

Ұшып жүрген гүл көрдім,
Қонғанша ұстап ұлгердім.
(Көбелек)

Киім киген инеден,
Корқып ешкім тимеген.
(Kipni)



Дәмі де жоқ, түсі жоқ,
Пайдаланбас кісі жоқ.
(Cy)

Жуынып болғаныңда,
Жүреді қолдарында.
(Орамал)

Үйде тұр бір жұлдыз,
Ол барда тұн — күндіз.
(Электр шамы)

Өзі суда өседі,
Суга қайнап піседі.
(Күріш)

Жаңылтпаштар

Дәп-дәңгелек
Доп дәңгелеп келеді.
Тепкен бөгеп қарап
Аяқ оған керегі.



Оюға ою өрнектеп,
Үйрет өстіп қолды ептеп.



Ақ мақта ақ қардан аппақ па?
Ақ қар ақ мақтадан аппақ па?



Әбдіраман
Әбдырадан
Алды роман.
— Ал оқы, — деп тыңдай
Қалдық оған.



Құлақтандырмағандықтарыңыздан
Бара алмай қалдық бәріміз де аңға.



Қазықты тоқпақпен тоқпақтағанда,
Тоқпақты тоқтатпай тоқпақта.

Бала тілі – бал

Көгершіннің баласы

Терезенің алдына
Көгершінге шаштық жем,
Біздің Ләйла барды да
Құды оларды шетінен.

Сұрап едік шақырып,
— Тиісесің несін, — деп,
Айтты бізге ақырын:
— Балалары жесін, — деп.

Тағы үркітті қараши,
— Қой, — десек бір болмайды.
— Қайсы, — десек, баласы?
Көрсетеді торғайды.

Неге айтпайсын

Мамасы ұрысты Маржанға
— Бір жаққа ертіп барғанда
Неге айтпайсың атыңды,
Біреу сұрай қалғанда?

Айттар болсам ашып шын,
Ұялшақсың, жасықсың.
Есептесем жасынды
Үштен тіпті асыпсың.

Карсыласты Маржан кеп,
— Жасық деуің жалған, — деп.
Л-ға тілім келмейді
Қалай айтам Малжан деп.

Каникул

Қуанып жүр бүгін Ләйла,
— Каникулға шықтым, — деп, —
Ойнайын бір осындайда,
Бұл күнді ұзақ күттім, — деп.

Үш жастағы біздің Лаула
Жылап отыр еңіреп.
— Неге ешкім каникулға
Шығармайды мені, — деп.

Сағыз

Тұнделетіп жеттік біз,
Сағындырган жайлауға.
Ерте тұрып Лаула қызы
Шықты тысқа ойнауға.

Келді де тез оралып,
— Сағыз алып бер, — деді.
— Қарағайға баралық, —
Дедім анау жердегі.

— Сұрап алсақ бола ма?
Дайын және жақын ғой,
Қойдың бәрі қорада
Сағыз шайнап жатыр ғой.

«Қызжібек»

Жуас атқа жекелеп,
Лауланы алғаш мінгіздім
Шылбырынан жетелеп,
Әрі-бері жүргіздім.

Мол шаттыққа кенелді,
— Көрсін бәрі бізді, — деп,
Лаула емес мен енді
Болдым, — дейді, — Қызжібек.

Балконда

Біржан кірді самарқау,
Балконнан күн бұлт шақта
— Көрінбейді Алатау,
Кетіпті, — деп, — бір жаққа.

Күн ашылды, бақша-бау
Алтын нұрға көміліп,
Көз тартады Алатау
Балконнан анық көрініп.

Балконда Біржан балақай
Қуанды жер тепкілеп.
— Алақай-ау, алақай,
Алатау қайтып кепті, — деп.

Тұскен тіс

Жылап келді Талдыбек,
— Тісім түсіп қалды, — деп.
— Жылама — деді өжесі, —
Тіс шығады одан әлдірек.

Талдыбек жайнай бастады,
Файып бол өлгі салқын түс.
— Әжемдікіндей сап-сары
Шығады, — деп, — енді алтын тіс.



Бұршақта

Асқаржан СӘРСЕК

Жауды бұршақ тасырлап,
Шатырлардан секірді.
Тойға келген асыр сап
Бір топ бала секілді.

Өңкей майда мұз моншақ,
Аппақ-аппақ, қап-қатты.
Мәз-мейрамбыз біз болсақ
Жауғандай бір ақ тәтті.

Көбелек

Мен тимеймін, жасқанба,
Дос болайық, көбелек.
Жайнап тұрған бақшамда,
Гүлдерімді көре кет.

Тұтқылдан састыра
Жаңбыр жауса себелеп,
Тақиямның астына
Тығылағой, көбелек!

Мысықтың айласы

— Мияу, мияу, мияу, — деп,
Аш Мысық жүр бұралып.
— Зәлім Мысық мынау! — деп,
Тышқан танып тұр анық.

Шығар емес інінен,
Жатыр бұғып жайғана.
Алдайын деп мұны мен,
Мысық көшті айлаға.

Даусын кенеп бір тұстан,
«Әуп-әуп» деді, «ыр-р» деді.

Тымак пен құлак

Қандай әйбәт тымағың,
Киіп алғын, шырағым.

Суық екен мына күн,
Үсіп қалар құлағың.

Үсіп қалса құлағың,
Түсіп қалар, шырағым.

— Құлағы жоқ мына кім? —
Деп жүрмесін мұғалім.

Ақылды құшік

Тақиясын ұшырып,
Жел інімді жылатты.
Ал бірақ та күшігі
Әкеп беріп жұбатты.

Ит деп ойлап сүр Тышқан:
— Тиіспейді бұл, — деді.

Шыққан кезде інінен,
Нағыз шатақ басталды.
Аңдып жүрген күнімен
Мысық бірден бас салды.

Майлап солай құлқынын,
Пеш қасына кеп отыр.
— Шет елдің де бір тілін
Білген жақсы! — деп отыр...

Диқан

Әли ИСҚАБАЙ

Белессіз жазық көлбеген
Кең төсін еңбек кернеген.
Алтын дән толқыр теңіздей,
Жез мұртын самал тербеген.

Шуағын шашып жон жақтан
Ырғала қарап таңға атқан,
Масақ түр белі қайысқан,
Нәрлі дән басқан салмақтан.

Бойында қуат, діні — тың,
Диқан жүр қырда күні-түн.
Молшылық үшін тер төгіп,
Ақтамақ елдің үмітін.

Құрыштай шымыр білекпен,
Тың дала төсін тұлеткен,
Диқандар ғажап ерлер ғой,
Бидайдай асыл гүл еккен.

Еңбекпен өзін шындаған,
Жүргегін жердің тыңдаған
Абзал жан — диқан жүреді,
Қыннан ешбір қыңбаған.

Үрістың құтты алабын,
Аралап көріп танабан,
Топырақ дәмін татады,
Тамырын басып даланың.

Диқандар неткен мерейлі,
Халықты құтқа кенейді.
Жанындаі сүйіп елі оны,
Адамға алтын тендейді.

Мемлекеттік рәміздер

Отепбергенұлы АҚЫПБЕКҰЛЫ

Сәнді айшығы, бедері,
Рәміздер — ел беделі:
Бойға таққан тұмардай,
Қастерлеймін мен оны!..

Онда қуат, жалын бар,
Жалыннан — от жалындар!..
Рәміздерден:
Елімнің,
Бет-бейнесі танылар!..

Қазақстан жалауы

Жалауымда көгілдір:
Күн күледі төгіп нұр...
Қыран-бейне —
Қанатты,
Көкке самғар — Елім бұл!

Ілем биік жерге оны,
Қашан дағы төрде орны:
Әжем басқан сырмақтай —
Әшекейлі өрнегі...

Елміз байтақ, іргелі,
Қуатты да жүлделі...
Аспандаса Жалауым,
Аласартар кім мені?!

Мемлекеттік елтаңба

Мойытпады сан сынақ,
Нұрын шашты таң шуақ:
Біз аңыздан,
Шыңдық боп,
Жаралғанбыз жарқырап!..

Тарихым — жыр...
Тілімде,
Ұмтыл танып, білуге:
Біз — қанатты пырақпен,
Жеткен елміз бүгінге...

Төрт түлігім бақ үйсін,
Серттен тайсам дәм ұрсын!
Елдігімді,
Ғұрпымды —
Елтаңбамнан танырсың.

Себер күндей елге нұр,
Оттай ыстық көзге бұл:
Ұлы Отаным —
Шаңырақ,
Үйғымын мен де бір

Елтаңбамыз — ел беті,
Төрге ілінер көрнекті:
Анам таққан шолпыдай,
Дәп-дөңгелек,
Өрнекті!..

Әнұран

Әні —

Сөзбен толығып,
Маздар бойда мол үміт:
Намыс, жігер жұптасқан,
Ол — Әнұран,
Зор рух!

Оттай жанып жанарым,
Одан қуат аламын...
Әнұран —
Ол тынысы,
Кең жазира даламның.

Қастерлемес — даңқын кім,
Қадірлемес — салтын кім?!
Әнұраны елімнің:
Үні,
Тілі — халқымның!

Бейне шулы нұрлы бақ,
Баурап жанды сырлы ырғақ:
Әнұранды —
Мен ылғи,
Жүрем іштей ыңылдал...



Пәтер

Ескен ЕЛУБАЙ

Балесе жыныс наебетиң
Көз күнделіктің пайдаласын.
Алті Ортақ пәтер –
Жер, –
Тұрғындары –
Ел,
Люстрасы –
Күн,
Шымылдығы –
Тұн,
Серванты –
Тау,
Сервисі –
Бақша бау,
Кілемі –
Жасыл бел,
Аквариумы –

Көл, –
Душы –
Несер,
Шаңсорғышы –
Жасыл-желек өсер,
Буфеті, азық тұлігі –
Мал,
Антарктида,
Арктика –
Тоңазытқышы әр,
Аптекасы –
Шәп,
Тағысын – тағы... көп,
Пәтерге қажет заттың
Табылмасы жок...



Тау

Құдайберген ҚАЗЫБЕКҰЛЫ

Ертіп атам,
Тауға барды.
Тауда жатқан
Көрдім қарды.
Таудың іші
Қалың орман
Аң мен құсқа
Пана болған.
Таза ауа
Мөлдір бұлақ,
Тастан-тасқа
Аққан құлап.
Қандай тәтті,
Тау қарақат
Жесең пайды
Жанға рахат.
Тауда орман
Тал мен қайың,
Қызығасың,
Көрген сайын.

Тырна

Серікбай ОСПАНҰЛЫ

Ұзын сирақ тырнаны-ай,
Құлап қалмай жүр қалай?!
Біздің жалқау Маратқа
Сондай үқсан тұрғаны-ай!

Ұзын мойын тырнаны-ай,
Тыриып-ақ тұрғаны-ай.
Шынық десе,
Ешкімді
Қойды ма екен тыңдамай?!

Құстар, қайтып келғіндер!

Қимас өнге салады,
Құстар қайтып барады.
«Қош болыңдар!» – дегендей,
Қанаттарын қағады.

Сау-саламат болыңдар,
Жылы жаққа барыңдар.
Жылы ұяға қоныңдар,
Бейбіт құсқа орын бар.

Бізде туып едіңдер,
Өлі де өсіп өніңдер.
Туған жерге не жетер,
Құстар, қайтып келіңдер!

Ақ ләйлектер

Сендерге ешкім тимейді,
Сендерді кім сүймейді?!

Ақ ләйлектер, келіңдер,
Бөле әкеліп беріңдер!

Көкек

Құс емес бір айбарлы,
Көкек-тіп-тік айдарлы.

Ол – жыл құсы,
Көктемде
Қар кетіп, жер кепкенде,
Жылы жақтан қайтады,
Өз атын өзі айтады.

Балықшы

Кейде суға шүйіліп,
Кейде биік заулайды.
Көктен төмен құйылып,
Көлден балық аулайды.

Әне, ол өзін танытты,
Көлге түсті қамысты.
Әкетті іліп балықты,
Балықшы құс-балықшы.

Құр

Пысқырынғыш келеді,
Үні қызық, тұр тыңдал.
Төбелесе береді,
Қораздары құрқылдал.

Қыста оны ешкім таппайды,
Десем, «бәрі қашты ма?»—
Аязда жан сақтайды,
Тығылып қар астына.

Кекілік

Адам көрсе қашады,
Сонша неге сасады?!
Жүреді ылғи далада,
Оған кім жем шашады?!

Жайлы жерді білмей ме,
Тыныш өмір сүрмей ме?
Үқсайды ғой тауыққа,
Біздің үйде жүрмей ме?!

Бөдене

Жүргенімде қой бағып,
Кеткен едім ойланып.

Дір еткізіп жүректі,
Кенет бір құс пыр етті.

Еken ғой бұл бөдене,
Корқады еken ол неге?!

Қырғауыл

Соғып тұр ғой кіл дауыл,
Жауын-шашын күн де ауыр.
Үйге алып кетейін,
Қырда жүрген қырғауыл.
Апарайын бөлмеме,
Апарайын көрмеге.
Ұзын құйрық қырғауыл,
Үстатпайсың сен неге?!

Тауыс

Тауыс құс қой сондай көркем,
Тоңып қыста қалмай ма еken?!
Қауырсыны құлпырады,
Жұмыртқасы қандай еken?!

Қараку

Қарақу паң, сабырлы,
Сұлу еді, ой, қандай?!

Аққуларды кәдімгі
Бояп біреу қойғандай.

Алмадым-ау жақындей,
Тояр көзім, көңіл бір.
Балапаны, апырмай,
Бола ма екен көгілдір?!

Тоты құс

Ол–тірі алтын, ол–күміс,
Жүріп келе жатады.
Қанат жайса тоты құс—
Шыққан күннің шапағы!

Қасқалдақ

Үшпайды онша аспандап,
Қасқа дейді ел,
Дүп-дұрыс!
Қара бауыр қасқалдақ
Суда жүзгіш
Сүңгігіш.

Кегір

Балапаны жеңіл ме,
Арқалайды кей күні.
Айдарлы құс кегір де,
Жоқ бірақ та құйрығы.

Әріп жұмбактар

Мұзафар ӘЛІМБАЕВ

Керуенде бар,
Көлікте жоқ.
Серуенде бар,
Серікте жоқ.
(У)

Дәйде жоқ,
Ерде бар.
Үйде жоқ,
Төрде бар.
(Р)

Көште бар,
Пендеде жоқ.
Төсте бар,
Кеудеде жоқ.
(Ө)

Қобызда бар,
Тоғызда бар.
Сегізде бар,
Семізде бар.
(З)

Үгітте бар,
Үнде бар.
Үмітте бар,
Күнде бар.
(Ү)

Ағада бар,
Ініде жоқ.
Шамада бар,
Іріде жоқ.
(А)

Қымызда бар,
Шұбатта жоқ.
Ындызда бар,
Қуатта жоқ.

(Б)

Торсықта бар,
Келіде жоқ.
Борсықта бар,
Бөріде жоқ.

(О)

Жемісте бар,
Жидекте жоқ.
Өрісте бар,
Жиекте жоқ.

(С)

Көшеде бар,
Шаһарда жоқ,
Көседе бар,
Сақалда жоқ.

(Ө)

Шығыста бар,
Батыста бар.
Тыныста бар,
Жарыста бар

(Б)

Танда бар.
Түсте жоқ.
Анда бар,
Тісте жоқ.

(Н)

Көнеде бар,
Жаста жоқ.
Төбеде бар,
Баста жоқ.

(Ө)

Жанарда бар,
Көзде жоқ.
Анарда бар,
Бөзде жоқ.

(Р)

Бақытта бар,
Абатта жоқ.
Уақытта бар.
Сағатта жоқ.

(Қ)

Түленде бар,
Балықта жоқ.
Шүленде бар,
Халықта жоқ.

(Ү)

Тауарда бар,
Бұйымда жоқ,
Ауада бар,
Құйында жоқ.

(Ү)

Қасиетте бар,
Мінде жоқ.
Өсиетте бар,
Тілде жоқ.

(С)

Сүйекте бар,
Нәсілде жоқ.
Тілекте бар,
Бәсінде жоқ.

(Е)

Шоқпарда бар,
Сойылда жоқ.
Көкпарда бар,
Ойында жоқ.

(П)

Алауда бар,
Ошақта жоқ.
Палауда бар,
Тосапта жоқ.

(Ү)

Жібекте бар,
Шұғада жоқ.
Тілекте бар,
Дұғада жоқ.

(І)

Тортада бар,
Қаймақта жоқ.
Ортада бар,
Аймақта жоқ.

(О)

Құзда бар,
Шында жоқ.
Қызда бар,
Ұлда жоқ.

(З)

Құдықта бар,
Апанда жоқ.
Құрықта бар.
Бақанда жоқ.

(Ү)

Батырда бар,
Ерде жоқ.
Тақырда бар,
Шөлде жоқ.

(Р)

Шортанда бар,
Шабақта жоқ,
Сортанда бар,
Алапта жоқ.

(О)

Анарда бар,
Алмада жоқ.
Қанарада бар,
Дорбада жоқ.

(Н)

Нөлде бар,
Санда жоқ.
Көлде бар,
Жарда жоқ.

(Ө)

Жаһанда бар,
Далада жоқ.
Шаһарда бар,
Қалада жоқ.

(Б)

Әжем

Жеткерген ӘБДІРЕЙҰЛЫ

Жылы сөзбен жанға жайлышы,
«Жарығым» деп аймалайды.
Басқаларға білдірмейді,
Баласысың кімнің дейді.

Атын айтсам мәз болады,
Көңіліне жаз қонады.



Жолсыз жорық

(Ертегі)

Қастек БАЯНБАЙ

Көк тұмандай тондары,
Жермен жексен бойлары
Ағайынды бес тышқан
Жайланаң бай қойманы.

Туыстардың топтағы
Алаңдайтын жоқ қамы.
Майлыш шұжық сияқты,
Шеттерінен тоқ бәрі.

Ай-жұлдызыз түндері,
Желсіз, бұлтсыз күндері,
Қойма іші мәңгі жаз,
Қоңыр салқын жыл бойы.

Бес тышқанның мұндағы
Берекелі қырманы
Таудай болып үйіліп
Жатыр арпа-бидайы.

Баданадай ақ дәнді,
Бас көтермей жалмайды.
Бірақ бұлар жүз жылда,
Жеп тауса алмайды.

Аш қасқырдай ордағы
Қомағайлық бойдағы.
Қарындары тойғанмен,
Аш көздері тоймайды.

Тышқан болып туғалы,
Жайбарақат жүр бәрі.
Батқан емес бұларға
Еш мысықтың тырнағы.

Күжірейтіп шоқтығын,
Отыр еді топ бүгін.
Қалды бірі кекіріп,
Білдіргендей тоқтығын.

Іс болғандай үятты,
Туыстардың бірі айтты.
— Күнде жеген шикі дән,
Кекіртетін сияқты.

Алған өбден семіріп,
Айтты бірі ерініп:
— Қашанғы жей береміз
Жатқан дәнді төгіліп.

— Тышқан болсақ егер біз,
Бидай жемей, не жейміз.
Жатпаса астық үйіліп,
Қыста аштан өлерміз.

Деді бірі қызынып,
Дереу өңі бұзылып.
Сонда басқа біреуі
Сөз бастады сызылып:

— Сақтап жүрген құ жанды,
Қорламайық бидайды.
Бірақ қашық қайтеміз,
Тағам болса шын дәмді.

Кенже тышқан бір мезет,
Үлкендерше тіл безеп,
Мақтап кетті құймақты,
Жүргендей-ақ күнде жеп.

— Құймағыңды қой өрі,
Жемесек те болады,—
Деді ұнатпай ағасы,
Мәртебесі жоғары.

— Қойдың қою қаймағы,
Болса керек пайдалы,—
Деді біреу селқостау,
Соза түсіп дауды өрі.

Вірақ қаймақ туралы
Жұрт салғырттау тындарды.
Болады ғой әркімнің
Құмартатын бір дәмі.

Ақырында төрдегі
Аға тышқан сейледі.
Болар соған белгілі
Ас атаулы жердегі.

— Мына жарық жалғанда
Жұмыртқадай дәм қайда!
Татпасаңдар оны егер,
Өтесіңдер арманда!

Өзі қандай сабырлы,
Сөзі қандай жалынды!
Аузын ашты дегенше,
Ас төресі табылды.

Аға тышқан беделі,
Биік таудай зор еді.
Бас изесіп барлығы,
Қарсы ештеңе демеді.

Аға тышқан мақтаған,
Өздері үнсіз жақтаған.
Жұмыртқаны ешқашан
Ешбіреуі татпаған.

Бағылмасстан жаз бойы,
Колтығары терледі.

Тұысқандар тоқ қарны,
Білмейтін көп жортқанды.
Бір қауіпті жорыққа
Аттануға оқталды.

Лезде бәрі бірігіп,
Жұдырықтай жұмылып,
Қоңыр салқын қоймадан
Шықты сыртқа шұбырып.

Сыртта қандай күн жарық,
Дуние түр нұрланып.
Көз жіберді маңайға,
Көк тышқандар үрланып.

Сүйреп шидей құйрығын,
Жетеді деп кім бұрын.
Сырғанады сынастай,
Басып озып бір-бірін.

Жүрген сайын ілгері,
Діңкелетті қыр жолы.
Енді қалай баарын,
Ешбіреуі білмеді.

— Қонақ едік құдайы,
Тауық қайда тұрады?—
Деп батылдау біреуі
Күшіктен жөн сұрады.

— Үшінші үй алдағы,
Темір тордан шарбағы,—
Деді күшік ұнатпай,
Тышқандарды қайдағы.

Қабыргасы торланған,
Айналасы орланған.
Тауық үйі кем емес
Көрінеді қорғаннан.

Көбік қардай бір күрек,
Тауық жатыр ұлбіреп.
Ту сыртынан барлығы,
Тұысқандар су жүрек.

Ұябасар қардай ақ,
Жатар емес жай қарап.
Жайлап қана шайқайды,
Жұмыртқасын аймалап.

Жауырыны бұлкілдеп,
Көмейінен күлкілдеп,
Төңірегін қымтайды
Тұмсығымен тұртіндеп.

Мұнымен де тынбайды,
Қос қанатын ыргайды.
Бүйіріне құлақ сап,
Жұмыртқасын тыңдайды.

Күн жеткенін межелі,
Жүрегі анық сезеді.
Бауырына басады
Бүгін-ертең шежені.

Жұмыртқасын қорыған,
Бермес мынау қолынан,
Деп ойлады ұрылар
Ту сыртынан торыған.

Ақ мекиен алаңдап,
Маңайына қарайлап,
Тысқа қарай беттеді,
Қайту үшін самалдан.

Күн тәбеле келгенде,
Шығарып ол серуенге.
Тарап қанат-құйрығын,
Сілкінетін кең жерде.

Қуаныса шіңгірлеп,
Тордың астын үңгірлеп,
Аңдушылар сарғайған
Ішке кірді бір-бірлеп.

Тапқан сөтте керегін,
Білмеді олар не дерін.
Ұя толы жұмыртқа,
Ине шаншар жоқ орын.

Мұндаиды алғаш көргесін,
Білмей сенер-сенбесін.
Шыр айналып бастары,
Жинағандай болды есін.

Байқатқан шын бірлікті,
Жорық болды бұл құтты.
Күткен емес бауырлар,
Мұндаидай батпан құйрықты.

Мына байлық қымбатты,
Жүректерін тулатты.
Жарап еді бүйректен
Шығармаса сирақты.

Тұрған қаздай тізіліп,
Тұысқандар қызынып.
Тікірейді мұрттары,
Ниеттері бұзылып.

Бастап бергі шетінен,
Бөліссе де ретімен,
Жетер еді жұмыртқа,
Ең кемінде екіден.

Қалмас үшін керісіп,
Көк тышқандар келісіп,
Бәрін пышақ үстінен,
Алмақ болды бөлісіп.

Жұмыртқалар жылы еді,
Соғып жатқан жүргегі.
Аунап түсті ақырын,
Он жағына біреуі.

Лап қойысты анталап,
Қалғаны жоқ жай қарап.
Әкетпекші әр тышқан
Өз еншісін арқалап.

Не арқаға тұрмады,
Не құшаққа сыймады.
Ақ малтадай жұмыртқа,,.
Өстіл бәрін қинады.

Арман болған жұмыртқа,
Көнбекен шоң ырыққа,
Мысы құрып бір жола,
Тірелді кеп түйікқа.

Сәт туганда сыналар,
Қатты састы мыналар.
Қағылғаны тағамнан,
Таба алмаса бір амал.

Аға тышқан ақылды,
Басын жеке қатырды.
Тұр өзіне тіреліп
Ел үміті ақырғы.

Қыл үстінде тұрғанда,
Қайдан барсын шын дауға.
Бас шұлғысты барлығы,
Бір жұмыртқа ұрлауға.

Жұмыртқаны шеттегі,
Қағып алып көп қолы.
Домалатып дөңбекше,
Қойма жаққа беттеді.

Бөгелместен жол бойы,
Қолтықтары терледі.

Қарындары қабысып,
Майысқандай белдері.

Артта ауыр жол қалып,
Жоталарын жел қағып.
Жұмыртқаны аман-сау
Кең қоймаға келді алыш.

Көңілдері жайланаңып,
Үлкен іске қамданып.
Олжаларын байқасты,
Әрлі-берлі аударып.

Жиналғандар маңына,
Байқамады тағы да.
Жұмыртқаның азырақ
Ауғанын бір жағына.

Басып көріп бүйірін,
Айтты бірі құдігін:
— Алақаным сезгендей,
Әлде ненің дүбірін.

Оның сөзі бірақ та,
Жетпеді еш құлаққа.
Жыртақтасып құлісті .
Басқасы бұл «суайтқа».

Бойларына жұғымды
Асты ойладап шырынды,
Мешкейлердің аузынан
Сілекейі шұбырды.

Ауыздары майланса,
Жүректері жалғанса...
Тыптырышиды туыстар
Жұмыртқаны жарғанша.

Ел татпаған бұл тамақ,
Болса жақсы бір табақ.
Жалаң қақты ұрылар
Өз қолдарын уқалап.

Қазан аузы жоғары,
Деген осы болады.
Сабыр етсе бір сәтке,
Жұмырқаға тояды.

Бек риза құдайға,
Нәсіп берген бұларға.
Бұдан әрі күтүге,
Жетер емес шыдам да.

Жарқылдастып бір ауық,
Тойдағыдай қуанып,
Бастай берді жұмысты,
Білектерін сыйбанып.

Бірі алыш балғаны,
Бірі тауып қайланы.
Бірі отын жаңқалап,
Бірі қазан қамдады.

Тай соярдай кәдімгі,
Бесеу түгел жабылды.
Ә дегенше жұмыртқа
Қак ортадан жарылды.

Үстінен бу бүркүлдап,
Бөтегесі бұлтындал,

Сары шөже ішінен,
Шыға келді шиқылдап.

Шырпыдай қос сирағы,
Сояудай әр тырнағы.
Осы болып шықпасын
Өздерінің шын жауы.

Бір сұмдықты аңғарып,
Тұр жақтары байланып.
Асыл тағам орнына
Келсе керек жауды алыш.

Шөже жүні үрпиді,
Айбар шашып бір түрлі.
— Жылты үйімді талқандап,
Қайсың бұздың үйқымды?!

Аттан салды біреуі,
Ұшып кеткен үрейі.
Ойбай салды біреуі,
Кемсек қағып иегі.

Құтырғандар ас таңдал,
Көздерінен жас парлап,
Шынашақтай шөжеден
Тырағайлап қашты аулақ.

Мұзафар ӘЛІМБАЕВ

Білім күні

Жыл он екі ай — үш жұз алпыс
Бірін-бірі жатсынбасын ешкім де.
Үш жұз алпыс қүннің бірі білгенге.
Білім күні!
Сенің де ойың өсті ме?!

Жаңылтпаш

Қаспақ,
Қаспақ
Толық тостақ.
Асқат жеді
Қаспақ
Тостақ толы
Қаспақ
Жақсы-ак!



Серуендетем атамды

Мұзатар ӘЛІМБАЙ

Менің атам майдангер
Фашизимді құртыпты.
Бастап кетті майданды,
Төрт жыл талмай қырқысты.

Шеккен бейнет баяғы
Қайдан қалсын боран сыз.
Баса алмайды аяғын
Үй тұтқыны амалсыз.

Берді әкім қоларба
Жарасын деп көмекке.
Мұндай жеңіл болар ма,
Дайын өзір керекте.

Маған ауыр демейді
Тиеді ғой күшіме.

Дырылдатып жөнейді
Алматының ішінде.

Донғалақтың шеңберін
Айналдырып қолымен,
Өзіне-өзі дем беріп
Жаңылмайды жөнінен.

«Ішім пысып, зерігіп,
Жалғыз жүрем жалығам», –
Дейді атамыз демігіп,
Ақтарылып ағынан.

Ұзартамын өрісін
Серуендетем шаарда.
Қаруластармен көріспін
Мәз болады атам да.

Тауық деп, шіркін, осыны айт

Көр гажайып тауықты:
Үш жұмыртқа тауыпты!
Менің тәтем Менсұлу
Жылда тауық бағыпты.
Бір жылда әр мекиен
Тапса сонша жұмыртқа.
Чемпион тауық шетінен
Кім ырза емес бұл жүртта?!

Құс аласпайды

Құстарға көкте кеше жок,
Таңбалап қойған үя жок.
Бүгін де жок, кеше жок,
Қиынға салар қия көп...
Құстың бәрі үшқыр-ақ;
Аласпайды құс бірақ.

Табиғат құбылыстары

Шәймерген ӘЛДИБЕКҰЛЫ

Самал

Жай еседі,
Жұрт деседі:
Жанға жайлы,
Сипап майда,
Тынысыңды ашады,
Күшіңе күш қосады.

Дауыл

Екпіні қатты бораннан,
Сұр түсті тонға оранған.
Дауылда теңіз ах ұрып,
Жатады сүян сапырып.
Дөңбекшіп көзін ілмейді,
Болса да күндіз, тұн мейлі.

Боран

Екпіні қатты желден де,
Тағы да ұлып келген бе?
Жолындағыны ысырап,
Қаңбақтарды ұшырып,
Құлатқан көрі ағашты,
Мінезі неткен оғаш-ты.

Жел

Екпіні қатты самалдан,
Тұрғанда есіп жел алдан,
Ағаштар қозғап желегін,
Иеді басын көк егін.

Құйын

Үйіріп соғып өтеді,
Қаламас жаның.
Көтеріп алып кетеді,
Даланың шаңын.

Қырау

«Жапырақсыз жалаңаш
Дірдек қағып, бақ түр-ау» –
Деп ойласам, бар ағаш
Жамылыпты ақ қырау.

Тұман

Тұман бұлттай тұтасқан,
Ізғырық есті жай ғана.
Көрінбей қалды көк аспан,
Құңгірт тартты айнала.

Көп тұрмады бірақ та,
Тұман жайлап сейілді.
Тау да,
Бау да,
Қырат та –
Бәрі де айқын көрінді.

Бұршак

Терезені біреу келіп,
Қатты-қатты қаққандай,
Бір топ жылқы тасырлатып,
Шауып бара жатқандай.

Сыртқа шықсам бұршак екен,
Екпіні тау құлатар.
Кейбір жасық балаларды
Шертіп қалса жылатар.

Біраздан соң бұршак жатты
Бытырадай шашылып.
Қара бұлт та таудан асты,
Әлденеге асығып.

Кемпіркосақ

Жаңбыр жауып басылды,
Аспан шайдай ашылды.
Суретші екен табиғат,
Бояуларын дайындал,
Түр-түсін дәл тауыпты,
Кемпіркосақ салыпты.

Қар

Ақ мақтадай ұлпа қар
Жамылыпты қырқалар.
Қалың-қалың тон киіп,
Маужырайды шыршалар.

Жаз

Тұманбай МОЛДАГАЛИЕВ

Күн ысыды сәске болмай жатып-ақ,

Сөуле құшып дірлдейді жапырақ.

Дүниенің оянып тұр барлығы

Жасыл түске боянып тұр атырап.

Ертең таңда жаз жұмысын бастайды,

Жаз жұмысы ешкімді де тоспайды.

Комбайнға менің ағам мініп ап,

Пісіп тұрған бидайды орып тастайды.

Кетеді ертең осы қауырт кез де өтіп,

Егін бітік көрінбейді көзге түк.

Комбайнның жинағанын машина,


Қырмандарға жеткізеді тездетіп.

Адамдар көп өз бақытын іздейтін,

Көңіліне көп тоқытын күз кейпін.

Бидайымыз қалаларға барған соң

Аппақ нанға айналады біз жейтін.



Жезде

Қастек БАЯНБАЙ

Мен білмейтін біреуге
Шықты өпкем күйеуге.
Үнатпадым мен оны,
Белгілі ғой себебі...
Мениң өпкем ғана ма,
Қыздар көп қой қалада.
Вірін алса солардың,
Өкпелейді оған кім.

Тура мениң өпкемді
Таңдағаны қайткені!
Қол ұстасып екеуі
Енді алысқа кетеді.

Қанша үлкен болғанмен,
Сағынам ғой сонда мен.
Жақын келіп әлгі аға,
— Сәлем, — деді жай ғана.

Тістегендей тілімді,
Шығармадым үнімді.
Мен тұрғамын түрегеп,
Ол отырды жүрелеп.

— Сәлемді алғың қелмесе,
Атыңды айтшы, ендеши, —
Деп сұрады тағы да,
Отырмай өз жайына.

Мен аузымды ашпадым,
Ашуулана бастадым.
— Аналайын, көп жаса,
Жасыңды айтшы болмаса.

Тұра бердім бірақ та
Жауап қатпай сұраққа.
Сипап мениң басымнан,
Кетпеді ол қасымнан.

Қолтығымнан тұртіп қап,
Көрді мені қытықтап.
Бәрібір мен күлмедім,
Жылағым кеп түр мениң.

Тарқатпақ боп өкпемді:
— Жезденмін ғой, — деп қойды.
Түсінбедім мен оның
«Жезденмін ғой» дегенін.
Оның жезде болғанын
Қайтемін деп ойладым.
Айтты жездем жымыш,
Екі жеңін түрініп:
— Онда мені ат қылып,
Дүбірлетіп шап мініп.

Төрт аяғы тарбиып,
Келді алдыма арбиып.
Енді мениң жаңағы
Бар ашуым тарады.
Тұрган атқа алдымда
Ырғып мініп алдым да,
Желке шашын тартқылап,
Кете бардым шапқылап.
Бүйім көрмей ол мені,
Шыр айналды бөлмені.
Барған сайын желігіп,
Қоям атты тебініп.

Кешке дейін шапқылап
Жүрмейді ғой ат бірақ.
Мандайынан тер ағып,
Тұрды біраз демалып.

Сол уақытта оны аяп,
Тұстім жерге домалап.
Болмаса да арғымақ,
Жездем маған қалды ұнап.

Бопса

Секен өртіс секілді,
Сан құбылтып оқиды.
Қиссаларды не қылыш.
Оқи келе қиссаны,
Батырға өзі үқсады,
Бата алмайтын дүшпаны.
Не десе де ел, мейлі,
Ешкімге дес бермейді,
Тек бопсалап сөйлейді.
Жүргенде доп қуалап,
Қағып кетсе бір аяқ,

«Жауға» қарсы тұра қап:
— Алыспақ па керегі,
Атыспақ па керегі,
Қалауынды айт! — дер еді.
Шыға келер табанда
Айбаттанып анау да,
Даярланып сабауга.
Бопсалаған батырың
Айтып қалып айтуын,
Ығысады ақырын.

Сан құрған «Әліппе» (аплитерацияға құрылған)

Ескен ЕЛУБАЙ

«А»

Ардақтар асыл адамың,
Ақ сүтін ақта ананың...
Ананың алсаң алғысын,
Азаматсың, арлысың.
Атағың асар аспандап,
Абыройың асқақтап.

«Ә»

Әлди-әлди, әлдиім,
Әлдендірген әлдиім,
Әлпештеумен әлдиді
Әсерленді әр күнім.
Әлемдегі әдемі
Әппағымсың әлдиім,
Әлдиімді иіскесем,
Әдірем қалар әтірің.

Әуелеткен ән-жырым,
Әлди-әлди, әлдиім...

«Б»

Бөлек бөлмеде бөбекті
Бесігіне берік бөлепті.

«В»

Вулкан лавасы атқан,
Везувийді жапқан.

«Г»

Гүлжан гармоньды гулетті,
Геннадий габойды гулетті.

«F»

Фаламшар ғарышкері — Фани,
Ғұлама ғалым — Гайни.

«Д»

Далалықтарды дәріпте,
Дархан, дана, дарынды.
Далалықтарға даралық
Даласынан дариды.

«Е»

Ер — еліне ес.
Елі — ерін елейді
Ер — еліне еркелер,
Елімен — ер елеулі.

«Ё»

Лифтёрші лифті күзеткен,
Бұзылса монтёр түзеткен.

«Ж»

Жерге жусап жайылар,
Желмен жүйткіп жарысқан,
Жылқы — жүйрік жануар.

«З»

Зерін зерлеп,
Зерікпейтін зерек Зейнеп.

«И»

Ине сабактауға Инеш икемді,
Итті қуып далақтауға Имаш
икемді.

«Й»

Той қалай өтті?
Айқай-үйқайсыз.
Дау-дамайсыз.
Ойбай-үйбайсыз...
Той осылай өтті.

«К»

Көргенімде кеше кеп,
Кекөніске кезек көп,
Күткім келмей кеткенмін.
Көрсем бүгін кешке кеп,
Кеміменті кезек көп,
Кезек күтем, кетпеймін.

«К»

Қастерлі құс — қоқи қаз
Қорығында Қорғалжын,
Қарақшы, қаныпезерден
Қамқорлықпен қалайда,
Қоқи қаздар қорғалсын.

«Л»

Ләйлә — қыз,
Ләйлек — құс.

«М»

Мұрат, мына машинаға мін,
Мынау мотоциклге
Мінгескенің мін.

«Н»

Назым — наубайханада наубай,
Нан-нанба,
Назымның
Наубайханасындағы нандай
Нан жоқ нәрлі ондай.

«Ң»

Мыңғырған мал мың-мың,
Маң ың-дың.

«О»

Оңашада Оңалсынның,
Ою оюы орынды,
Орындықта отырып
Омардың оқу-оқуы орынды.

«Ө»

Өзеннің өзегі өрісі,
Өзектен өтті
Өкеннің өгізі.

«П»

Полковник пе бұл?
Пальтосындағы погонынан біл.

«Р»

Республика рәміздері
Рет-ретімен ресімделді.

«С»

Сұрапыл сел сарқырама сияқты,
Сай-саламен сарылдаған су ақты.
Самырсынды сіріңкеңіз секілді
Сырт сындырып, серендетіп
сүлатты.

«Т»

Тастан-тасқа тайғанап,
Таудан түскен таутеке,
Төңіректеп тың тыңдал,
Тапжылмастан тұрды да,
Тіке тартып талтүсте
Тасқайнарға таяды.
Тасқайнардың түбінде
Тұяқ тіреп тасына,
Тұнбаға тақап тұмсығын,
Тау тағысы тап-тастай
Тұнық суға қанады.

«Ү»

Уақап,
Уыс-уыс уаққа
Ақшаны уат, уақта.

«Ұ»

Ұнамды ұраны,
«Ұландықтар» ұнады.

«Ү»

Үсен үйіріп үйдегі үйректі,
Үркітіп ұшуға үйретті.

«Ф»

Фарфор артқан,
Фосфор артқан,
Фрегат Босфор бұғазына
тартқан.

«Х»

Халық тыңдай хош алған,
Хамит — хорда ән салған.

«И»

Жиһаз алдық шаһарда,
Табылмайтын жаһандада.

«Ц»

Циклон соғар
Цунами болар.

«Ч»

Черногорье елі — батыста,
Чикаго қаласы — АҚШ-та.

«Ш»

Шалғынды шындал,
Шалғынды шап шындал.
Шөпшабыста шалапқа
Шеліркесен шөлді бас,
Шалап-шандулы шанақта.

«Щ»

Кешеге айтқан —
Аңы да емес,
Тұңы да емес,
Ләм-мим демес.

«҆»

Объ өзеніне бардық,
Объективке түсіріп алдық

«Ы»

Ыңғи ылди ыңғайсыз,
Ырықсыз ылдилауга кім ынтық?

«І»

Іртік-іртік,
Іштік іркіт
Іркіп-іркіп.

«Ь»

Шинельді шеш,
Никель сымды кес.

«Э»

Экстрасенс — эстрадада ол,
Энергиясын жұмсар мол.

«Ю»

Юрмалада Юра жур,
Юля Юрамен бір.

«Я»

Яхия яслиге
Я барап, я бармас.
Яхияны ясли
Я алар, я алмас.

Ұландармыз

Өтепберген АҚЫПБЕКОВ

Көкте самғар —
қырандармыз,
Жерде жортқан — құлан да біз.
Жарыстарда — намысты алға,
Туғып үстар ұландармыз!..

Топты жарған түлекті Ерміз,
Жаралдық ақ тілектен біз.
Құлан-аяқ,
Қыран-қанат.
Тұлпар-тұяқ түлектерміз!..

Кеудемізді кернеп өлең,
Жүйткіп оздық кейде желден...
Ел айбары — Тұымызда:
Күн мен қыран бейнеленген...

Батырдың киімімен

Нұрғожа ОРАЗ

Батырларша киініп,
Батырларша түйіліп,
Батырларша бел буып,
Қылышын тұр үйіріп.



Ерсұлтан ұлт киімінде

Қазақ болып жаралып.
Қазақтықтан нәр алып,
Қазақшалап киінсең –
Ұлт дәстүрі бары анық.

Осы түрің – бала хан!
Хан белгісі – алақан.
Халқым тыныш болсын деп,
Алға қолын қаратқан.

Жұртқа деген талаптан –
Тік көтерген алақан.
Әзірге осы тұрыспен
Атаға сен балапан.

Жұлдыз

Бүркіт ЫСҚАҚ

Ұмытқам жоқ әлі мен,
Бүгінгідей есімде...
Шықтым сыртқа әжеммен,
Жаздың жайлы кешінде.

Көргем сонда көп жұлдыз,
Ашық аспан төрінен.
Қыңқыдағам әжеме:
«Алып бер!» деп оны мен.

Әжем байғұс қиналып,
Деген маған: «Қой, балам?
Жұлдыз — тәңір шырағы,
Ойыншық емес ол саған.

Кекте тұрған жұлдызға
Қол созуға болмайды.
Тиіп кетер киесі,
Айтпа, балам, ондайды!»

Сонан бері арада
Өтті зырлап талай жыл.
Өлке өзге түрге еніп,
Жаңаланды ой мен қыр.

Әжем қанша жұлдызы
Құдіретті десе де,
Біз оны әкеп орнаттық
Кеңсеге, үйге, көшеге.

Футбол

Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ

Күтеді алдан ауыр сын
Кездесіп пе ек бұл жолда.
Волейболға тәуірсін,
Қалай едің футболға?

Дәріс алғын кеп менен
Көктем таңдан оятты.
Теңбіл допты теппеген
Мақтау қыын аяқты.

Кел, қасыма, кідірме,
Үнемдейік уақытты.
Доппен бірге жүгірген
Бала неткен бақытты.

Ал тілімді, қарағым,
Аялдама, тұр, жүгір.
Футбол тепкіш баланың
Сандары да жұп-жұмыр.

Топқа қалай кіресің
Өз күшіне сенбесең.
Құстай ұшып жүресің,
Аспанда емес, жерде сен.

Ұмтыласың күнде алға
Тартпай бойың керенау.
Футболшыға, футболға
Ел құрметі бөлек-ау.

Көк қоян

Бүркіт ЫСҚАҚ

Желден қоян қорқады,
Барлық аңмен жауықты.
Қамыс, шидің әр талы
Қоян үшін қауіпті.

Жел үдең бір соққанда
Қоян білмес не істерін.
Қасқыр келе жатқандай
Ақситып бар тістерін.

Сая іздейді жүгіріп,
Аузын ажал ашады.
Тұлқілерден түңліп,
Қарсақтан да қашады.

Қорқақтығы көпке аян,
Көптен көмек сұрайды.
Секендейді көк қоян
Секірем деп құлайды.

Қауіп деген бұған көп,
Әлі қашып келеді.
Егер көнсө үйге әкеп
Асырап ем мен оны.

Алма

Ара да бар, бал да бар.
Береді жаз не тіле.
Қызарады алмалар
Піскен кезде шетінен.

Көп қаратпай жолына
Шілдеде алма піседі.
Піскен алма қолына
Өзі келіп түседі.

Аккулар

Оспанхан ӘУБӘКІРОВ

Тірліктің бәрі қызық
Сүйінем қараймын да.
Жүреді қатар жүзіп
Қос аққу ақ айдында.

Демейді «сағат қанша»
Жүзеді тыным алмай.
Жүзеді күн батқанша
Бірінен-бірі қалмай.

Әр күнін той деседі,
Жүреді әдеп сақтап.
Әзінше сөйлеседі,
Біреуін бірі мақтап.

Ақырын асты белден
Ардақтап күн иесін.
Бір-бірін жақсы көрген
Аққуға сүйінесің.

Әшекей қыз

Тақияға күміс қадап оншақты.
Жапсырыпты неше түрлі
моншақты.

Жинап алып үйдегі бар жүзікті.
Оны-дағы саусағына тізіпті.

Танаменен тұтасыпты омырау,
Үсті-басы толып түрған қоңырау.

Ерсұттанның құнделігі

Нүрөожа ОРАЗ

Бала бақшасында

Мен атама баламын,
Бақшага өзім барамын,
Тәрбиеші апайдың
Айтқан тілін аламын.

Ойыншық бар қаптаған—
Мен де оларды мақтағам.
Шашылып тек жатады
Малдардай боп бақпаған.

Түсте үйқым келмейді,
Көз жұмыла бермейді.
Мен үйқыны оятам,
Үйқы мені тербейді.

Атамды құтемін

Атам кеткен сапарға.
Құн таянды батарға.
Бүгін тағы келмесе,
Жылаймын-ау жатарда.

Бір құн дедім—бармақты,
Құндер санақ жалғатты.
Бәрі бітіп, оң қолда
Бүгер саусақ қалмапты.

Сол қолға да ауыстым,
Саусақ санап тауыстым.
Ай өткенде арада
Атамменен табыстым.

Есілдеғі мұзайдын

Есіл мұз бол қатыпты—
Жап-жалтыр бол жатыпты.
Мұз-айдында сырғанақ—
Айқай-шуға батыпты..

Сырғанаймыз аяқпен,
Сырғанаймыз таяқпен.
Құлаған бар, жылаған—
Қарап тұрмын аяп мен.

Сұлу мамыр

Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ

Мейірің сенің артық-ақ
Айналайын мамырым.
Тағы келдің жарқырап,
Ертіп өлем жарығын.

Жылдылық мол үнінде
Асыл досым, келдің бе?!

Сен келгенде құлімдеп
Бөленеді жер гүлге.

Тікті-ау сірө кең дала –
Шебер ана, арлы ана.

Киімдерің жап-жаңа
Сүйінді елің шаруаңа.

Өшпес үміт, тәтті арман
Құстар даусы келісті.
Жапырақ жайған бақтардан
Кетті жайнаң жер үсті.

Күнде еседі самал жел
Жер жатқан соң қош алыш.
Сұлуланып өжелер,
Кетті аталар жасарып.

Қарындаш

Сакен ИМАНАСОВ

Қарындашымды алайын,
Қатырып үй салайын,
Қарағай мен қайынға
Толтырайын маңайын.

Терезесін ояйын,
Есіктерін бояйын,
Мұржалардан тұтінін
Будақтатып қояйын.

Қарындашым ақылды-ақ,
Зымырайды мақұлдаپ,
Қалды міне, үйіміз
Бітуге де жақындаپ.

Анау тұрған атайым,
Мынау тұрған апайым
Арасымен ағаштың
Өзім келе жатайын.

Әжеме

Бұбішхан ТІКЕБАЕВА

Мен өжемді сүйемін,
Киімді өзім киемін.
Ақылына көнемін,
Өлең айтып беремін.

Мені жақсы көреді,
Жүреді ылғи мақтап-ақ.

Әжем жазған өлеңді,
Айтып берем жаттап ап.

Көмектесем өжеме,
Қолы тимей жатса егер.
Кілем тоқып, жұн ескен,
Менің өжем қас шебер.

Нан

Нан қадірін біл,
Күндей күліп жүр.
Құрметтегін ақ нанды
Құт береке бұл.
Нан, ақ нан,
Ақ нанмен мақтан.

Отан–ана
Өсіріп бала шаттан.
Бидай береке.
Нан да береке.
Бидай–нан болса,
Кемімес мереке.

Балама айтар бір ақыл

Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ

Волейбол да ойнағын,
Керек аздап аптығыс.
Суға да жұз, тайға мін
Тақымыңды қатты қыс.

Көлге барсақ біз бір күн
Құш толқынын үрғылап.
Күнге арқаңды қыздырғын
Берер саған күн қуат.

Қымыл жаса тұра қап
Жалқаулықты жуытпа.
Көлеңкенде қуалап
Жұғіруді ұмытпа.

Сергек жүрсең сен енді
Жоламайды сұық бір,
Сұық сумен дененде
Ертөң-ерте шынықтыр.

Еткін, балам, тәуекел,
Бәріне де жет ептеп.
Бақшаға да су өкел,
Арықпенен жетектеп.



Еңбектің біл бағасын
Көктем шыға жерді өнде.
Сонда алғыс аласың.
Атаңнан да, елден де.

Қырық серкештің хикаясы

Кастек БАЯНБАЙ

Сенсең егер сен маған,
Ештеңеге болма алаң.
Серкештерің аман жүр
Жар басында ойнаған.

Ерке бұлаң сен едің,
Тисін саған көмегім,
Бәсіреңнің барлығын
Өзім бағып беремін.

Ойласаң өз жайынды,
Қинама жас жанынды.
Қырық серкешті бағудан
Қарға баққан қайырлы.

Тырқыратып дәл бүгін
Айдал кетпе барлығын.
Арасынан солардың
Өзің таңдал ал бірін.
Басып көріп желкесін,
Өкетсең бір бәртесін,
Менде тағы қалады
Отыз тоғыз серкешің.

Жаңа жылда шауып кеп,
Тағы бірін алып кет.
Аузы-мұрның майланаң,
Қаласың бір қарық бол.

Алдайтындағы баланы,
Қыын емес санағы.
Екіншісін өкетсең,
Отыз сегіз қалады.

Сөйтіп, мені ептейсің,
Далаға тер төкпейсің.
Тыныш жатып үйінде
Қырық жыл бойы ет жейсің.
Тауыссан қырық серкені,
Тоғаярсың сен тегі.
Кәрі жиен боларсың,
Нағыз жуан желкелі.

Аман жетсек сол күнге,
Қартаярмын мен мұлде.
Әдетіңмен сонда сен
Серке сұрап кеп журме.

Бөседі өстіп нағашым,
Өсіріп өз бағасын.
Бірақ барлық айтқаның
Шыңдай көріп қаласың.

Жоқ өзінің бір лағы,
Не қураған тұлағы.
Жарты ғасыр болыпты
Алматыда тұрғалы.

Балабақша

Әзіrbайжан Қонарбаев

Балабақша — базарлы үй,
Ауылдағы ажарлы үй.

Шаттығы бар шуақты,
Өз үйіміз сияқты.

Әй, апасы

Сәкен ИМАНАСОВ

Әй, Апасы, тиіспеші, Жәнібекке тиіспе,
Танауынан сүйіп қой да, тамағынан иіске,
(Бала деген қайық емес,
байлап қойсаң күні-тұн
қалт-құлт етіп тұра берер қараңғылау мүйісте).

Жәнібегім жігіт болып қалған жоқ па көп-көрім,
Байқамай да қалыптыз ғой, бестен асып кеткенін.
«Алыспа да жұлдыспа!» – деп,
қолды-аяқты баланы
қойған жерде тұра берер қуыршақ қой деп пе едің!

Әй, Апасы, тиіспеші, тиіспе осы көкеме,
Құлай берсін, жылай берсін,
Қолынан ал, Жетеле!
Жәнібекке тең келетін кім бар өзі осы елде,
Астана мен Алматыда оған бала жете ме!

Ара түскен Атасының көңіліне қара да,
Апасы, сен тиіспеші осы «жаман» балаға.
Қабағыңды түье берме, тие көрме, әйтеуір,
Ойнап жүріп сүрініп те, жығылып та қала ма!

Әй, Апасы, тиіспеші, тиіспеші осы ұлға,
«Қияққы боп барады!» – деп қорықпа да шошынба.
Ұрса берсін өкесі де, ұрса берсін тәтесі,
Айтқан тілді алмады деп, Сен оларға қосылма.

Әй, Апасы, тиіспеші, тиіспе осы балаға,
Ондай бала жоқ шығар-ау қала менен далада,
Әрі кетсе «байқамай қап» бір нәрсені бұлдірер,
Онысына қарама да, сотқарлыққа балама!

Жұмбактар

Жеткерген ӘБДІРЕЙҰЛЫ

Кәсібі жоқ, кәделі басқа,
Толтырады аузыңды асқа.
(Қасық)

Қара жерде көріп,
Қақ айырды қыста.
Көбік қарды жарып.

Ана

Омархан БӨРІВАСАРОВ

Отын жарып берсең де;
«Өмірлі бол!» – дейді ана.
Суын алып келсең де:
«Өмірлі бол!» – дейді ана.

Ана деген не деген
Ақ тілеулі жан еді.
Алғысын ап оның мен,
Бақыт тапқым келеді.

Қысқы buquerque

Жарасбай НҰРХАНОВ

Толқын тоқтап, су қатып,
Мұз бүркенді күллі айдын.
Будақ-будақ бу атып,
Бұлақ қана тынбайтын.

Қыс

Әбдікәрім ҚАСЫМБЕКОВ

Жалтылдаса ақша қар,
Қарай берем ынтығып.
Тұрган үнсіз бақшалар,
Қалды желге сілкініп.

Бала мен карт

Ғали ОРМАНОВ

Допты қағып жүр бөбек
Үй алдында, үш жасар.
Жүрген оны жетелеп
Ойын шығар үйқы ашар.

Терезеден телміріп
Қарайды ұзақ шал оған.
Шал жеткенше «жүгіріп»,
Қарайлар ма бала оған!

Терезе алды – ызғардан
Қыыстыайды шал мұздап.
Екі беті қызарған
Жылыстыайды бала ұзап.

Бұзау

Тұрап АЙДАРОВ

Жаураған соң бұзауды
Жылы жерге байладық.
Мал ғой жуас, сыралғы,
Жылынысын деп ойладық.

Жіп тимеген асаудай
Тулады да, жұлқынды.
Аяғын тік баса алмай,
Құлап түсіп, қылқынды.

Босатып ек, бұрсаңдеп
Далада жүр құр босқа.
Жөнді білсе бұл тентек,
Жылы жерде тұрмас па!

Менін шарларым Бала махаббаты

Болат УСЕНБАЕВ

Түрлі-түсті шарым көп,
Жіп байладым, жел үрлеп.
Қалықтайды ауада,
Ұшып қонып дамыл жок.

Неше түрлі, қарашы,
Бар ағы, қызыл, аласы.
Айырылсаң жібінен,
Кетер самғап тау асып.

Қоңыр, жасыл, сары бар,
Құлгін, көгі табылар.
Ал ұшырдым шарымды,
Епті болсаң, қағып ал!

Бұбішхан ТІКЕБАЕВА

Мейірім көрем анамнан,
Ән айтып берер шуақты.
Әлдилеп бесік тербетсе,
Түсіреп еске бұлақты.
Құлімдеп турған көзіңен,
Көремін күннің сөулесін.
Анашым сенің өзіңен,

Бақытын табар сөүлешің.
Анашым менің — алтын таң,
Құлімдеп, күннен жаралған.
Қателігімді түсінген,
Не деген анам балажан.

Арманын күткен алдынан
Алыста жүрсе сағынған
Ғұмырын тілеп баланың
Құдайға, күнде жалынған.
Анасын сүймес жан бар ма,
Көрсетер жарық тында алда.
Аялап өт деп ананды,
Айттар ем барлық жандарға!

Ынтымак күні

1 мамыр — Қазақстан халықтарының бірлігі күні

Өтепберген АҚЫПБЕКОВ

Жалауымда —
Нұрлы Құн,
Нұрын шашып түр бүгін!..
Паш етеді ол: Халқымның —
Ынтымағын, бірлігін!..

Құқығы — әр ұлттың тең,
Ада күңкіл-шүңкілден:
Жұз түрлі ұлт пен ұлыстар,
Ұғысады бір тілмен...

Ортақ — дәстүр, ғұрып бай.
Ынтымағын сұыттай:
Шаңырақты көтерген,
Жұз түрлі ұлт —
Жұз уықтай!..

Шыңға тартса салып жол,
Қиналмайды талып бел:
Жұз иыққа сүйенген,
Қазақстан — Алып Ел!..

Мазмұны

БАСТАУ 3

1-бөлім (1958-1968 жж.)

«Балдырғанға»	7
Баламыздың досы бол	7
Санай біл	8
Түйе, түйе, түйелер	8
Қазақтың халық жұмбақтары	9
Қыңыр	10
Бөпемді жұбатқанда	10
Жазда	10
Торғай	11
Пернебек «Палуан»	11
Ақтайлақ	11
Балақай мен қалақай	12
Ортеке	12
Аспазшы	13
Мысық	13
Баласын сую	13
Сауысқан	14
Бөбектің тілегі	14
Түйе	15
Жылқышы	15
Ақ қарда	15
Малта	16
Мениң ағам	17
Көктем келді	18
Бақа	19
Мәмбеттің құлышы	19
Қоразга	19
Егер тисен	19
Байқасамшы	19
Сотанақ	20
Мениң інім	20
Тоқтышақ ойыны	20
Ағаш	20
Гүлдер	21
Кім айтар?	21
Кім кінәлі?	22
Доп	22
Ауру аю	22
Жаз	22
Біздің үйде үры жоқ	23
Дархан дала	23
Бақытжанның амалы	23
Жейде неге тарылды?	23
Кім ақылды, кім жақсы?	24
Қалған ба жаңылып?	24
Біздің кеңесіміз	25
Әжем туралы әңгіме	25

Күнбағар

Қазым-қазым, қаңқылда!

Ойынның кесірі

Суретші

Құралай

Қолғанат

Үш бала

Ашқарақ

Жабайы үйрек

Тиіспе

Өкпелегіш

Шатақ

Аспанда

Лағым

Жылқышы

Көбелек

Сұрамсақ

Көштік біздер жаңа үйге

Әдептілік

Қоянның жауабы

Қайсысы қайда барады?

Алатауга

Тақпақтар

Түйекүс

Қос кептер

Кірпі

Бәрімен де құрдаспын

Сумкада не бар?

Космосқа үшамын

Жауқазынның жауабы

Шағын шеберханада

Әзім тіктім жалықпай

Шулай бер, өзен!

Сейтек-тентек

Көмектесем мамама

Кешкі күн

Мениң атам

Қорқам ғой

Таудағы кектем

Шүрегей

Жасыл бағым жайнаған

Мамаға сыйлаймыз

Тымақтың әлегі

Қызыл балық, ақ балық!

Мениң қалам — теміртау

Әлеватор

Әжесінің сабағы

Қоңырау

Гүл үрығын жинаймын

Жазғы жауын

Әрқайсысында бір арман

Аяла

Шопан ата

Әлия

Милиционер

Достық

2-бөлім (1968-1978 жж.)

Ақ мамам	49
Гүліңің апа, ал гүлін	49
Көбелек	49
Тұған елдің ұлымын	50
Віз алмайтынқамал жоқ	50
Кекілік-ау, кекілік	50
Балалардың тілегі	50
Өшпес шырақ	50
Тазагүлдің тақпағы	51
Таусоғар мен Нансоғар	51
Шынықтыр сен денені	51
Әдеп	51
Алтын астық	52
Аман неге жаман? (санамақ)	52
Диірменші	53
Сырганақ	53
Мысығым	53
Табиғат бояуы	54
Көктем	54
Әзімшіл	54
Жаңғақ	54
Мойындаймын	54
Темірқазық	55
Қарағай	55
Мұнай	55
Мұсінші	55
Ақ боран	56
Шыбындар	56
Мысығым	56
Почташы	56
Күз	56
Бекенің әлағы	57
Көжек	57
Ақ қораз	57
Шие	57
Мұғалім апай	57
Су	57
Шекарашиб	57
Жылауық	58
Қапыда кеткен қаламұш	58
Үйрекім	58
Биші	58
Жазда	58
Тамшы	59
Бұлт	59

Тайлақ	59	Бұршақ	74	Киіз үй	93
Қалта	59	Шулайды орман	75	Қозы	93
Тұнгі аспан	59	Жаңбыр	75	Халық жұмбақтары	94
Қызығалдақ	59	Еңбек	75	Саққулақ	94
Жайлай	59	Бұлт	75	Шырша	94
Бақытты бол бөбегім	60	Тіл алғыш	76	Солдат боламын	95
Саяхатта	60	Тұған дала	76	Піл	95
Үшқыш	61	Бақташымын	77	Бұлдірген	95
Теңізші	61	Ай	77	Суретші ата	95
Көжек	61	Дәуреннің ертегісі	77	До-ре-ми	96
«Құсата»	62	Сыйлаймын	78	Жұмыс	97
Гүл	63	Алфавит сирлы	78	Жанар	97
Менің атам еккені	63	Тұған жер	78	Бөле	97
Күз	64	Жауторғай	79	Күргей-күргей	97
Санамақ	65	Күзде	79	Аядым	98
Тұбір	65	Таң	79	Бұлдірген	98
Күнделік	65	Милиционер	80	Құйын	98
Қызыл жұлдыз	65	Он саусақ, он башай	80	Көбелек құғанда	98
Бага	65	Помидор	80	Қарақат	98
Бақыттың ордасындей	65	Талғат батыр	80	Аңқау аю	99
Көкше мұз	66	Аяз	80	Құрылышы	100
Айлы тұн	66	Алғашқы қар	81	Балықшының ұлымын	100
Кең дала	66	Күзгі көрініс	81	Жайлайда	100
Балақан	66	Тас гүлі	81	Ой, Диляра	101
Бесік жыры	66	Маралдың сұрақтары	82	Мұнай теңізі	101
Қыста	66	«Бес» алдым	82	Жаз	101
Сырғыма	67	Біздің мысық	82	Машина	102
Көз	67	Ақ мамам	82	Жайлайда	103
Шырша	67	Жаңа жыл	83	Масқара	103
Арланның ажалы	67	Ағайшаның әжесі	83	Танкист	103
Төрт жұмбақ	68	Ақша бұлттар	84	Орманшы	103
Кемпірқосақ	68	Тұған елдің көктемі	84	Кірпі мен Күсеп	103
Жақсы екен	68	Кірпі	84	Табақ тартқанда	104
Ашқарақ пен сасқалақ	69	Балапан	85	Күнделік	104
Анама	69	Жұмбақтар	85	Достық	104
Отан	69	Орман	86	Мен орысша білем	104
Күміс қар	69	Бұршақ	86	Фажайып тіс	105
Шырша	69	Бақылаушы	86	Әкпесінің, әлді	105
Дәптер	70	Сағатбек	86	Хайуаннтар паркінде	106
Қыс	70	Жауын	87	Кезекші	108
Әлди, әлди!	70	Жаңбыр	87	Брест қамалы	108
Солдат	70	Күн туралы хикая	87	Балдақ	108
Айғул	71	Шие тергенде	89	Тирде	108
Атама тау үқсайды	71	Суретші боламын	89	Көктем келді	109
Топ, топ, добым	72	Еki аға	90	Орыстың халық әлеңдері	109
Боран	72	Жезқазған	90	Кішкентай батыр	111
Аймен танысу	72	Маңғышлақ	90	Омонимдер	111
Қомағай көбелек	72	Әже	90	Тұлкі	111
Көлде	72	Тауда	91	Тынбай үшқан тырналар	112
Жау, жау, жаңбыр!	73	«Балдырған»	91	Кітап	112
Өтірік конфет	73	Бала тайлақ	91	Сен құрметте оны	112
Елік	73	Төлді қалай шақырады	91	Барабек	112
Балапан	74	Біздің ауыл	91	Сама	113
Ата қуанышы	74	Бір үзім нан	92	Қосу	113
Бұршақ жауын	74	Жоқ	92	Тіл	113
Күрес	74	Жұмбақтар	93	Шоқан мұраты	113

Қайсысы қалай ішеді?	114
Қар	115
Арша	115
Алтай	115
Тенбіл бұғы	115

3-бөлім (1978-1988 жж.)

Кішкентай алыптар	117
Қара бала	117
Құс келеді	117
Дәрігер	118
Үзілісте және сабақта	118
Манаубек пен Амалбек	118
Көңілді бала	118
Алатай	119
«А»-дан кейін	120
Сыртта	120
Күн соңымнан ереді	120
Сарқырама	120
Тұрлі түстер	120
Аюдағ	121
Жаңбыр	122
Қар атысып ойнадық	122
Ереулі атқаер салмай	123
Шаңғышмын	123
Құла тай	124
Қандай жақсы	124
Шақыру	124
Жаңылтпаштар	124
Тырналар	125
Жаңбыр	125
Өлең-есеп	125
Баста бізді, өліппе	125
Мәңгілік алау	125
Менің ағам — күріші	126
Хайуанаттар құрылтайы	127
Күн тәртібі немесе пролог	127
Жыл дидары	129
Туған күн	129
Әдептілік өліппесі (Октябряттар өлеңі)	130
Арман	131
Бағбан	133
Ақсақ киік	134
Әлия	134
Балықшы	134
Құстар	135
Лифтер	135
Аппағым — Тақпағым	135
Аудықсан сөздердің орнын тап!	135
Қызыдар мен біздер	136
Менің атам	137

Лақ	137
Құлын	137
Жаңбыр	137
Шұбар тауық	137
Зергер	137
Орыс жұмбақтары	138
Светофор	138
Мұсінші	138
Қазақша күрес	139
Таңым тамаша	140
Айналайын анашым	140
Жетису	140
Әже	141
Көбелек	141
Қыста	141
Есет қайды, Өсет қайды?	141
Сұрақ	142
«Мықты»	142
Жалқау туралы ертегі	142
Жаңбыр жауғанда	143
Батырлар аттас балалар	143
Суға жүзү	143
Достық — ұлы туымыз	143
Түрксіб түйіскенде	144
Тенізші	144
Тұтіндік	144
Әжесінің сабагы	145
Аяз Ата	145
Бес саусақ	146
Құрманғазы	146
Бейбіт күн	146
Софыстың зардабы	147
Ер жауынгер ағалар	147
Қуыр, қуыр, қуырмаш!	147

4-бөлім (1988-1998 жж.)

«Балалар өлемі»	149
Алатай	149
«Балдырган»	149
Біздің аула	150
Туған жердің бебегіміз біздер де	150
Кектем	153
Ақ лақ	153
Мәңгілік алау	153
Мысығым	154
Почташы	154
Күз	154
Аяз	154
Асығу	154
Менің кемем	155
Мысық	155
Біздің көл	155
Куаныш	156
Таңертек	156
Кешкілікте	156
Қөл суреті	156
Лақ	157
Айнымаған дәл өзім	157
Піл	157
Жұмбақтар	157
Ақ бөпем (Халық өлеңдері)	158
Мен мен сән	159
Қой жасаған той туралы немесе той жасаған қой туралы	160
Джек салған үй	161
Улгі	162
Күсқанаты	163
Түйелер	163
Жел	163
Жусан	163
Кімге кулу керек?	164
Таңырқау	165
Қырғауыл	166
Менің апам мұғалім	166
Иіс	166
Шынығу	167
Күрдастар	167
Қыын есеп	167
Жарыс	167
Білеміз бе оны біз?	168
Қаздар	168
Менің қара мысығым	168
Бір кешенің балалары	168
Кірпі	170
Қаздың «өні»	170
Морж	171
Шырша торғай	171
Зебра	171
«Аңшы» шықшылдық	171
Пикапара — қалталы құс	171
Тиін	171
Түье	171
Тоты балық	171
Колибри	172
Әліппе	172
Сыйлық	172
Сағатым	172
Шортан	172
Әкенің сабагы	173
Қанаттыларым	174
Ақвариумдағы балықтар	175
Ана тілім	176
Көрсетіп түр	176
Ермек неге жылады?	176
Инеш	176
Аралар	176
Ине мен жіп	177
Пингвин	177

Мені жақсы көреді	177
Көнбейді	177
Құлық	178
Әліппе	178
Жау, жау жаңбыр	178
Құлдір де құлдір кісінетіп	179
Бекболат биге	180
Кішкентай керемет	180
Тілек	181
Түйелер жыры	182
Телефон әліппесі	182
Қырау	183
Ата айтады	183
Наурызым	184
Дүркін қайсы, бұрысы қайсы?	185

5-белім (1998-2008 жж.)

Мен бақшага барамын	187
Астананың ақ қысы	188
Қысқы түн. Өліара	188
Әнші қыс	188
Ақ боран	189
Президенттік шырша	189
Бірөлі кім?	189
Балта, шоты ұстаның	190
Май Әні	190
Жанбырда	190
Ақ ешкі	190
Қабық қалпақ	190
Жайбасар	190
Торғай ағаш қорғайды	191
Ара	191
Қақпан	191
Тұзак	191
Құдық	191
Боран	191
Шағала	191
Балмұздак	192
Менін інім — Қайрат	192
Әйбат «пойыз»	192
Жаңылтпаштар	192
Жұмбақтар	193
Отырғыздым бір шыбық	194

Шыңдағы жазу	195
Ақ құлын	195
Алма көшеті	195
Менің атам	196
Тебетей	197
Балабақша	197
Мақтанаша	197
Жаңылтпаш	197
Мешкей	197
Еріздер	197
Бояудың мәні бар	198
Тастан тасқа секірді	199
Шымбұлақта	199
Жұмбақтар	200
Жаңылтпаштар	200
Бала тілі — бал	201
Бұршақта	203
Көбелек	203
Тымқаң пен құлақ	203
Ақылды қүшік	203
Мысықтың айласы	203
Диқан	204
Қазақстан жалаулы	204
Мемлекеттік рөміздер	205
Мемлекеттік елтаңба	205
Әнұран	205
Пәтер	206
Тау.	207
Тырна	207
Құстар, қайтып келдіңдер!	207
Ақ лейлектер	207
Кекек	207
Балықшы	208
Кекілік	208
Қыргауыл	208
Құр	208
Бедене	208
Тауыс	208
Қарақу	209
Тоты құс	209
Қасқалдақ	209
Кегір	209
Әріл жұмбақтар	209
Әжем	211
Жолсыз жорық	212
Білім күні	216
Жаңылтпаш	216
Серуендегем атамды	217
Тауық деп, шіркін, осыны айт	218
Құс адаспайды	218
Табиғат құбылыстары	218
Самал	218
Боран	218
Дауыл	218
Жел	218
Құйын	219
Тұман	219
Кемпірқосақ	219
Қырау	219
Бұршақ	219
Қар	219
Жаз	220
Жезде	221
Бопса	222
Сап құрған «Әліппе»	222
Ұландармыз	225
Батырдың киімімен	226
Ерсұлтан ұлт киімінде	226
Жұлдыз	227
Футбол	227
Кек қоян	228
Аққулар	228
Алма	228
Әшекей қызы	228
Ерсұлтанның құнделігі	229
Сұлу мамыр	230
Қарындаш	230
Әжеме	230
Нан	231
Балама айттар бір ақыл	231
Қырық серкештің хикәясы	232
Балабақша	232
Әй, апасы	233
Жұмбақтар	234
Ана	234
Қысқы бұлақ	234
Бала мен қарт	234
Қыс	234
Бұзау	234
Бала маҳаббаты	235
Менің шарларым	235
Ынтымақ күні	235

жылдан кітапханаға оғ 1801-5 жылдан
жылдан ОИМР қызметкері Т.Б. Атасов атасынан жылдан 61 жылдан кітапханаға штатташылды

жылдан кітапханаға оғ 1801-5 жылдан
жылдан ОИМР қызметкері Т.Б. Атасов атасынан жылдан 61 жылдан кітапханаға штатташылды

ЖАРТЫ ФАСЫРДЫҢ АЛТЫН ҚОРЫ
I ТОМ
Поэзия

суреттері «балдырыган» журналының мұрагатынан алынды

Жоба жетекшісі: Дүйсен МАГЛҰМОВ, «Жас өркен» ЖШС-ның бас директоры
Күрастырган: Ескен ЕЛУБАЙ
Редакторы: Ескен ЕЛУБАЙ

«Баур» баспасы, 2007 ж.

Алматы қ. Әди Шәрипов к-си, 32 үй, 47 п.

Тел./факс: /727/ 233 12 02

www.baurplus.com

Көркемдеуші: Дәүлет ТЫНБАЙ

Техникалық редакторы: Дәүлет ТЫНБАЙ

Корректоры: Ескен ЕЛУБАЙ

Пішімі 84x108 1/16. Офсеттік басылыс.

Шартты баспа табагы 15. Есептік баспа табагы 23. Таралымы 2000 дана.

Қазақстан Республикасы «IntellService» баспаханасында басылды.

Алматы қаласы, Масанчи көшесі, 23-үй.

ISBN 9965-854-09-2

A standard linear barcode representing the ISBN number 9965-854-09-2.

9 789965 854095



б а у р